




КПО-НЫҢ  
ОРНЫҚТЫ ДАМУ  
ЕСЕБІ



# КПО-НЫҢ 2011 ЖЫЛҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ

## КПО-НЫҢ ИГІ ІСТЕРІ

- 2011 жылы өндірілген және өңделген өнімнің жалпы көлемі 138 миллион мұнай баламасының баррелін құрады
- Қарашығанақ өңдеу кешенінде 4-ші конденсатты тұрақтандыру технологиялық желісінің жобасы аяқталды
- Газды әлемдік деңгейде пайдаға асыру көрсеткіші 99,92 пайызды құрады
- Соңғы бес жылда парникті газ шығарындылары CO<sub>2</sub> өндірілген көмірсутектің бір килотонна баламасында бір миллион тоннаға азайтылды
- Қалдықтарды көмуге арналған жаңа полигон пайдалануға берілді
- Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестік OHSAS 18001 және ISO 14001 сертификаттары ұзартылды
- КПО-да білікті мамандар мен супервайзерлер қызметінің 95 пайызын, және басқару қызметіндегі лауазымдардың 69 пайызын қазақстандық мамандар алмастырды
- Қазақстандық қамту үлесі жұмсалған қаражаттың 38 пайызын құрады (268 млн. АҚШ доллары)
- 341 қазақстандық компаниямен құны 387 млн. АҚШ долларын құрайтын келісімшарттар жасалды
- Орал газ құбыры құрылысының жобасы аяқталды
- 30 миллионнан астам АҚШ доллары әлеуметтік жобаларға жұмсалды
- Астанада Жобаларды дамыту бойынша директораттың офісі ашылды



# МАЗМҰНЫ

Бас директордың жолдауы .....	6-7
Нәтижелер мен мақсаттарымыз .....	8-11
Өндірістік көрсеткіштер .....	12-13
Қарашығанақ кен орны туралы жалпы мәлімет .....	14-15
КПО-дағы корпоративтік басқару .....	16-17
Денсаулықты сақтау және қауіпсіздік техникасы және қауіпсіздікі қамтамасыз ету .....	18-25
Табиғатты қорғау қызметі .....	26-33
Қызметкерлерді дамыту .....	34-37
Экономикалық дамуға қосқан үлесіміз .....	38-45
Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас .....	46-51
Есептіліктің стандартты элементтер кестесі .....	52-55
Тәуелсіз аудиторлар есебі .....	56-57
Терминдер мен қысқармалар .....	58-59

## ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҰСТАНЫМДАРЫН САҚТАУ БОЙЫША МІНДЕТТЕМЕЛЕРІМІЗ

Орнықты даму ұстанымдарын сақтау бойынша біздің міндеттемелеріміз компанияның орнықты даму кодексінде айқындалған.

Орнықты даму туралы айтқанда біз Брутланд Комиссиясының танымал анықтамасына жүгінеміз, яғни «келешек ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын мүмкіндіктерге қауіп төндірмей, қазіргі уақыт қажеттіліктерін қанағаттандыру».

Бизнес субъектісі ретінде КПО орнықты дамуға қосатын үлесін келесідей қарастырады:

- кері әсерлерді азайту және бар мүмкіндіктерді көбейту;
- қабылданған шешімдерден шыққан ұзақ мерзімді нәтижелерді ескеру;
- мүдделі тараптарды зерделі сұхбатқа тарту, және
- берік басқару мен ашық бизнес жүргізу ұстанымдарын тұтастыру.



*Бұл орнықты дамудың ұстанымдарына беріктікті көрсететін «Карагаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясымен шығарылған орнықты даму туралы төртінші есеп. 2009 жылы біз Қазақстанда қызмет атқаратын компаниялардың қатарынан бірінші болып халықаралық стандарттарға сәйкес тәуелсіз расталған орнықты даму есебін ұсындық*

#### ЕСЕП СИПАТТАМАСЫ

Бұл 2011 жылдың қорытындысы бойынша дайындалған есеп, және мұнда компанияның бұрынғы жылдардағы қызметтерін бағалау үшін 2009 және 2010 жылдардағы ақпарат қамтылған. Біз орнықты даму туралы есепті жыл сайын шығаруды көздеп отырмыз.

#### ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ФОРМАТЫ

Есеп «Өндірістік көрсеткіштер» бөлімінде мазмұндалған КПО-да атқарылатын қызметтердің түрлерін қарастырады және экологиялық, әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштердің материалдық аспектілерін қамтиды.

#### АҚПАРАТТЫҢ АНЫҚТЫҒЫН РАСТАУ

Есепте берілген ақпараттың шынайылығы мен анықтығы тәуелсіз «Эрнст және Янг» (Ernst and Young) компаниясымен расталған. Тәуелсіз растау есебі 58-59 беттерде көрсетілген. Бұл шара есепте берілген деректердің айқындығын және дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында қолданылады.

#### GRI ЕСЕПТІЛІК БОЙЫНША ҒАЛАМДЫҚ БАСТАМА

Бұл есеп есептілік бойынша ғаламдық бастамасы жүйесінің G3 нұсқамасы, оның ішінде орнықты есептілікте іс жүзінде қолданылатын ғаламдық модель негізінде дайындалды. 2011 жылы біз C+ деңгейін сақтап қалдық. Есептіліктің стандартты элементтері көрсетілген кестені есеп соңынан және [www.kpo.kz](http://www.kpo.kz) веб-сайтынан қарауға болады.

#### МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

Компанияның қалыпты іскери қарым-қатынас тәжірибесіне сәйкес біз көптеген мүдделі тараптармен, оның ішінде Үкіметпен, жергілікті тұрғындармен, жабдықтаушылармен, компания қызметкерлерімен және қоғаммен кеңесе отырып жұмыс жасаймыз. Осындай мүдделі тараптармен жақсы қарым-қатынас орнату біздің ұзақ мерзімді табысқа жетуіміз үшін өте маңызды, сонымен қатар ынтымақтастығымыздың нәтижесінде осы есептің мазмұны қалыптасты.



## БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ЖОЛДАУЫ

2011 жылы атқарылған жұмыстар нәтижесі қамтылған КПО-ның төртінші Орнықты даму есебін ұсыну мен үшін үлкен қуаныш.

Ең алдымен, КПО компаниясы ӨБТК ережелеріне сәйкес есептілік бойынша ғаламдық бастаманың ұстанымдарына сай озық тәжірибені қолданып, орнықты даму басымдылықтарын жүзеге асыру саясатын ұстанып келетінін атап өткім келеді.

Біз КПО-да өндірістің тиімділігін, экология және өндірістік қауіпсіздік көрсеткіштерін үздіксіз жақсартуды, сонымен қатар зияткерлік әлеуетті дамыту мен ұлт меншігіне айналдыру, отандық тауарлар мен қызметтерді қолдану арқылы Қазақстанның жергілікті ресурстарын дамыту мүмкіндігін арттыруды қамтамасыз етуге тырысамыз.

Коммерциялық мекеме ретінде КПО орнықты даму аспектілеріне және өндірістік үдерістерге қатысты бірнеше инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырып келеді. 2011 жылдың басты жетістігі Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі (ҚӨК) 4-ші сұйық көмірсутектерді тұрақтандыру технологиялық желісінің аяқталуы мен пайдалануға берілуі болды. 4-ші технологиялық желі жобасы құрылысына КПО жалпы көлемі 1 миллиард АҚШ долларынан аса қаржы бөлді. Негізгі жұмыстарды жалпы саны 2900 аса қызметкерден құралған 14 қазақстандық мердігер ұйымдар орындады, және Қазақстан Республикасында 650 миллион АҚШ доллары игерілді.

2011 жылы 9 желтоқсанда КПО төртінші технологиялық желі жобасы қамтылған 2011 жылғы ҚР индустрияландыру картасы шеңберінде басталған жобаларды ұсынуға арналған Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен өткізілген жалпы ұлттық телекөпірге қатысты. Нұрсұлтан Назарбаев жылына 2.57 миллион тонна конденсатты тұрақтандыру бойынша ҚӨК өндірістік күшін арттыруға мүмкіндік беретін төртінші технологиялық желі жобасының жүзеге асырылуын ерекше атап өтті.

ҚӨК-тің жаңа төртінші технологиялық желісі арқасында компанияның өндірістік мүмкіндігін арттыру бойынша шаралар КПО-ға 2011 жылы көлемі 138 миллион баррельден аса мұнай баламасында көмірсутектерді өндіруге және қайта өңдеуге мүмкіндік берді.

Болашақта өндірісте келеңсіз жағдайды мүлде болдырмау және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында біз КПО-да жыл бойы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жыл сайынғы жоспардың барлық бағыттары бойынша қойылған мақсаттарды, оның ішінде жетекшілік дағдыларын дамыту, мердігерлерді бақылау, қауіп-қатерлерді бақылау және олар туралы хабардар болу, мониторинг және талдау жүргізу, сонымен қатар жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша жоспарланған жұмыстарды

жүзеге асыруды жалғастырамыз. Өкінішке орай, 2011 жылдың наурыз айындағы КПО қызметкері өлімге апарған келеңсіз жағдайға ұшырады. Бұл оқиға мұқият тексеріліп, болашақта болдырмау мақсатында іс-әрекет жоспары қабылданды. Болған жағдайды талдай отырып, КПО жұмыс орындарындағы қауіпсіздік техникасы талаптары туралы КПО мен мердігер ұйымдар барлық қызметкерлердің хабардарлық деңгейін көтеру үшін компания ішінде «Қауіпсіздік техникасы күні» ауқымды шарасын өткізді. 2011 жылы компанияның күш салысуымен жол-көлік апаты жағдайлар жиілігінің көрсеткіші жүріп шыққан бір миллион километрге шаққанда 0,09-дан 0,03-ке төмендеді.

2011 жылы қыркүйекте OHSAS 18001 және ISO 14001 стандарттары талаптарына сәйкес еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы біздің басқару жүйелерімізді сертификаттау мерзімдерін ұзартуға қол жеткіздік.

2011 жылы КПО компаниясы табиғатты қорғау шараларын жүзеге асыру үшін 22,4 миллион АҚШ долларын жұмсады. Парникті газ (ПГ) шығарындыларын азайту бойынша бесжылдық стратегиясына сәйкес КПО 2011 жылы CO<sub>2</sub> бір миллион тоннаға азайтуға әкелетін жобаларды жүзеге асырды. 2011 жылы парникті газ (CO<sub>2</sub>) үлестік шығарындылары өндірілген көмірсутектер килотоннасына шаққанда CO<sub>2</sub>-эквивалентінде 83,9 мың тоннадан 83,5 мың тоннаға азайды. Газды алауда өртеу көлемін азайту КПО-ның басты міндеттерінің бірі болып қала береді. 2011 жылы КПО-да өндірілген барлық газдың тек 0,08 пайызы ғана алауда өртелді, ал 2010 жылы 0,13 пайызы өртелген. Осы ретте КПО газды пайдаға асыруда 99,92 пайыз көлемінде әлемдік деңгейін көрсетті, ал ҚР-ның қолданыстағы заңнамасындағы газды пайдаға асыру бағдарламасында 99,75 пайыз көрсетілген.

КПО он жылдық шетел қызметкерлерін жергілікті мамандармен алмастыру жоспарын орындауды жалғастыруда. Өткен жылдың соңында компанияның техникалық қызметкерлер құрамы мен әкімшілік мамандардың барлығын, инженер-техник мамандардың және орта топ жетекшілердің 95 пайызын, сонымен қатар басқарушы лауазымдардың 69 пайызын қазақстандық қызметкерлер құрайтын болды.

2011 жылы КПО-да SAP жобасының енгізілуі компанияның ішкі корпоративтік қызметін салалық стандарттар талаптарына сәйкес жүргізуге мүмкіндік берді.

2011 жылы КПО инфрақұрылымды дамыту бойынша әлеуметтік жобаларға, әртүрлі қайырымдылық шараларына 30 миллион АҚШ долларынан аса қаржы бөлдi. Қыркүйекте Орал газ құбыры жергілікті иесіне тапсыру үдерісі сәтті аяқталды. Қарашығанақ кен орнынан Оралға дейінгі елді мекендерді қосатын газ құбыры маңызды әлеуметтік инфрақұрылымдық жоба болып табылады, ол Батыс Қазақстан облысындағы 5 ауданның 100 000-нан аса тұрғынын жүйелі түрде газбен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар инфрақұрылымды дамыту саласында бірнеше әлеуметтік жобалар аяқталды. Оралда салынған қуаттылығы 54 МВт электростанциясынан тартылған жылу жүйесі құрылысы, Ақсай-Ақбұлақ су құбыры, Ақсай қаласы 10-шы шағын аудандағы жылу ошағын қалпына келтіру, Приурал ауылындағы мектеп пен Жымпиты селосындағы саз мектебі құрылысын атауға болады.

Жергілікті бизнесті дамыту саласында КПО-ның өз міндеттерін орындағанына мысал ретінде жұмыс, тауар және қызмет көрсету бойынша 341 қазақстандық компаниямен құны 387 миллион АҚШ доллар болатын келісімшарттар жасалғанын атауға болады.

2011 жылы қазақстандық компаниялар үлесі Қарашығанақ кәсіпорнында жұмсалған қаржының 38 пайызын (268 миллион АҚШ долларын) құрады.

Компания серіктестері мен Қазақстан Республикасы арасындағы таласты материалдық мәселелер бойынша келіссөздер 2011 жылдың желтоқсанында «ҚазМұнайГаз» компаниясының КПО үлесін алуына қол жеткізуімен аяқталды. Ресми түрде 2012 жылдың маусымында ресімделеді. Болашақта бұл келісім Қарашығанақ кен орнын дамытуға негіз болып табылады.

Мен КПО Ақсай қаласының, Бөрлі ауданының, Батыс Қазақстан облысының, жалпы Қазақстан Республикасының орнықты дамуына үлкен үлес қосатынына сенімдімін.

Біздің қызметіміз және 2011 жылғы барлық жетістіктер Қарашығанақ бірлескен кәсіпорынның компания серіктестері мен мүдделі тараптар игілігіне жаңа өндірістік жетістіктерге жету мақсатында инвестицияларын жалғастыра беретіні туралы берік ұстанымын тағы да бір айқын көрсетті.

Дамиано Ратти  
КПО бас директоры

# НӘТИЖЕЛЕР МЕН МАҚСАТТАРЫМЫЗ

2011 жылғы мақсаттар	2011 жылы жүзеге асырылған шаралар	2012 жылға қойылған мақсаттар
<b>ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ</b>		
ОHSAS 18001 стандартының сәйкестік сертификаттауынан қайта өту	✓ Қайта сертификаттау аудиті 2011 жылдың тамызында сәтті аяқталды.	Келесі сертификаттау органы аудиті 2012 жылға жоспарланды.
Қауіпсіз іс-әрекет және қауіп-қатер бойынша есеп беру жүйелерін біріктіретін жаңа ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша бақылау бағдарламасын енгізу	✓ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша бақылау жөніндегі жаңа бағдарлама 2011 жылдың желтоқсанында енгізілді. Тімді енгізу мақсатында материалдардың толық жинағы (карточкалар, нұсқаулықтар, ынталандыру жүйесі, деректер базасы, оқыту материалдары, т.б.) дайындалды. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша бақылау карточкалары КПО және мердігер компаниялардың қызметкерлерінің қауіпсіз және қауіпсіз емес іс-әрекеті мен қауіп-қатер туралы хабардар болуы, сонымен қатар осы саланы жақсарту ұсыныстарын енгізу және кері байланысты жетілдіру үшін қолданылады.	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкаларды қолдану бойынша электрондық оқыту жүйесін әзірлеу және енгізу.
КПО қызметкерлеріне арналған өндірістік айтарлықтай қауіп-қатерден хабардар болу бойынша оқыту бағдарламасын енгізу.	✓ 2 және 3 деңгей операторларына арналған өндірістік айтарлықтай қауіп-қатердің негізгі түрлерін анықтау бойынша оқыту курсына материалдар дайындалды. Негізгі тақырыптар технологиялық үдеріс қауіпсіздігі, "швейцариялық ірімшік" моделі, басты қауіп-қатерлер, қауіп-қатерді басқару стратегиясы, өндірістік қауіпсіздік декларациясы болды. 2-деңгейге оқу материалдарының жинағы, оқу жоспары мен кестесі дайындалды. Жоспарға сәйкес технологиялық қауіпсіздік пен құрал-жабдықтың тұтастығын қамтамасыз етуді енгізу бойынша оқу мақсаты орындалып, оқу сабақтары жалғасуда.	КПО менеджерлеріне қауіпті факторлар туралы хабардар болу оқыту бағдарламасын жүргізу.
Жаттығудан өткен қызметкерлердің ҚТ бойынша жетекшілік дағдылары базасын кеңейту, қоршаған орта мен еңбекті қорғау тақырыптарын бағдарламаға қосу.	~ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша сынама зерттеу жүргізіліп, жергілікті қызметкерлермен форум өткізілді.	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін қабылдауды зерттеу нәтижелері бойынша оқыту материалдарын түзету және кейін 2012 жылда қатысу техникасы бойынша оқыту бағдарламасын енгізу. Бұл 2012 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарында айқындалған.
Мердігерлер қызметтерін басқару үдерістеріне қатысты құжаттамаларды ресімдеуді бітіру. Келісімшарт иелеріне семинарлар, КПО және мердігер ұйымдар қатысуымен құрама форумдар өткізу.	~ Жыл ортасында КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша мердігерлік ұйымдармен біріккен форум өткізді. Нақты бөлімдер үшін жыл бойы семинарлар мен форумдар жүргізілді. Келісімшарт иелерімен жалпы нұсқаулық пен интранетті пайдаланумен рөлдер мен міндеттер туралы бескүндік оқыту курстары, және үш семинар өткізілді. Оқытумен қоса осы саладағы басқа шараларды жүргізу құжаттамалары дайындалуда.	2011 жылы мердігерлерді басқару жұмыс тобы жыл бойы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша мердігерлердің басқару үдерістерін жақсартуға бағытталған жұмыстарды жүргізді. 2012 жылы мердігерлерді басқару жұмыс тобының шаралар жоспарына сәйкес барлық жұмыстарды аяқтау керек; жаңа және өзгерген үдерістер туралы жаттығу өткізу; ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша мердігерлердің көрсеткіштерін бақылауға арналған КПО-ның біріңғай стандартын әзірлеу.
ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша аудит, инспекция және басшылықпен инспекциялық тексеру бағдарламасын қайта қарастыру, біріктіру және жетілдіру.	✓ Бас директор бастамасымен КПО ішкі корпоративтік аудит тобы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексеру және аудит жүргізу жүйесіне аудит өткізді. Кейін аудит ұсыныстар негізінде шаралар жоспары әзірленді. Аудиттің 1-ші және 2-ші деңгейлерін біріктірген аудит және инспекцияны жүргізу бойынша процедура жобасы жасалып, 2011 жыл аяғында Үлкен Шаған және ҚӨК нысандарында өткізілген екі сынама тексеруден кейін енгізілді. Аудитті өткізу графигі және бақылау тізімі аяқталуда.	Жоспарға сай инспекциялық тексеру мен аудит жүргізудің жаңа процедурасын енгізуді 2012 жылғы I-тоқсанның аяғында аяқтау.
2009 жылы енгізілген "Өмір сақтаушылар" бағдарламасын жаңарту.	✓ "Өмір сақтаушылар" бағдарламасын жаңарту науқаны 2009 жылы басталып, 2011 жылы қайта қарастырылған, және жаңа электр қауіпсіздігі элементімен толықтырылды. Жыл бойы жер жұмыстары мен биіктіктегі жұмыс кезіндегі өзара байланыс құралдары қосымша дайындалып, артынан енгізілген болатын.	Жаңартылған "Өмір сақтаушылар" бағдарламасын қажет материалдармен (тұсау-кесерлер, плакаттар, жұмыс орнындағы нұсқаулықтар, басқарушы қызметкерлердің инспекциялық тексеру карточкалары және электрондық оқу құралдары) қоса, барлық тақырыптар бойынша ілгері жүргізу науқанын әзірлеу.





БЕЛГІЛЕР:

- орындалды;
- жұмыс орындалу барысында;
- орындалған жоқ.

Қарашығанақ өндеу кешеніндегі өкімшілік ғимарат

# НӘТИЖЕЛЕР МЕН МАҚСАТТАРЫМЫЗ

2011 жылғы мақсаттар	2011 жылы жүзеге асырылған шаралар	2012 жылға қойылған мақсаттар
<b>ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ</b>		
Парникті газ шығарындыларын CO <sub>2</sub> e эквивалентінде 46,7 кило-тонн деңгейіне дейін азайтуға қол жеткізу.	✓ Парникті газ шығарындыларын азайту жо-басы аясында CO <sub>2</sub> e-эквивалентінде 57,6 килотонн көрсеткішіне қол жеткіздік.	Парникті газ шығарындыларын CO <sub>2</sub> e экви-валентінде 30,97 килотонн көрсеткішіне дейін азайтуға қол жеткізу.
Кен орнындағы қалдық суларды тазарту/өңдеу жүйесін жаңарту бойынша жобаны жүзеге асыру.	~ Жобаның сынама үлгісі қарастырылуда, сарапшы қорытындысы мен құрылыс жұмыстарына рұқсат алынды. Сатып алу үдерісі орын алуда.	Жобаны 2012 жылы аяқтау. Қалдық суларды тазарту/өңдеу тиімділігін арт-тыру бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу.
Берёзов ауылына жақын орна-ласқан екі жаңа автоматты экологиялық бақылау станциясын іске қосу.	✓ Екі экологиялық бақылау станциясы 2011 жылы іске қосылды.	Санитарлық қорғау аймағы периметрі бойынша екі жаңа автоматты экологиялық бақылау стан-циясын орнату.
Биотүрлілік стандартын шығару және биотүрлілікті сақтау бойын-ша шаралар жоспарын орындау.	~ Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары дайындалды.	Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспа-рын іске асыруды бастау.
Қалдықтарды сұрыптау қондырғысының құрылысын аяқтау.	~ 2011 жылға жоспарланған жұмыс көлемі орындал-ды. Дайындық жұмыстары жүргізіліп, келісімшартқа қол қойылды және Экоорталықтың № 3 блогында қалдықтарды сұрыптау қоймасын жаңарту жо-басын дайындау басталды. Бүгінгі күні жобаның 65% орындалды.	Нысанды қайта құрып, жабдықты орнату және кейін қалдықтарды бөлу қондырғысын іске қосу;
Пластикалық қалдықтарды қайта өңдеудің техникалық пайдалылығына талдау жүргізу.	Пластикалық қалдықтарды қайта өңдеу нарығына зерттеу жүргізілді.	
Экоорталықтан шығарылатын қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонының 5 ұяшығын іске қосу.	✓ Қалдықтарды көму жеті ұяшығымен бірге жаңа полигон 2011 жылдың желтоқсан айында іске қосылды.	Полигонда қалдықтарды көму қосымша 5 ұяшығын іске қосу; Экоорталық полигонында қайта өңдеу және көму үшін 1-ші ұяшықта жиналған қалдықтарды зерттеу. Сонымен қатар ескі полигонның 2, 3 және 4-ші ұяшықтарында жинақталған барлық қалдықтарды зерттеу, және қажет болған жағдайда оларды Экоорталықта қайта өңдеу мен пайдаға асыру жоспарын әзірлеу; Шламды термомеханикалық қондырғы мен қалдықтарды өртеуге арналған айналмалы пеште өндегеннен кейін қалдықтарды қайта пайдалану әдістерін зерттеу.
Жалпы мақсаттағы қалдықтарды өртеу қондырғысын іске қосу.	~ Жалпы мақсаттағы қалдықтарды өртеу қондырғысын іске қосу жалғасуда. Пешті түбегейлі іске қосу 2012 жылдың II тоқсанына жоспарланды.	Жоспарға сай 2012 жылы іске қосу-жөндеу жұмыстарын аяқтап, жалпы мақсаттағы қалдықтарды өртеу қондырғысын іске қосу.
ISO 14001 талаптарына сәйкестікті растау үшін қоршаған ортаны қорғау бақылау жүйесін қайта сертификаттау және қосымша аудит жүргізу.	✓ ISO 14001 стандартына сәйкестік 2011 жылдың қыркүйек айында расталды.	ISO 14001 және OHSAS 18001 стандарттар талаптарына сәйкестікке инспекциялық аудит жүргізу.
<b>ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР</b>		
Біліктілікті басқару жүйесін өзірле-уді аяқтау және кәсіби дамудың қажеттіліктерін анықтайтын онлайн жүйесін іске қосу.	~ Техникалық емес қызметтер үшін біліктілік үлгісі жа-салды. Қаржы директорына біліктілік үлгісін жасау басталды.	Қаржы директорына біліктілік үлгісін жа-сауды аяқтап, біліктілікті басқару жүйесіне бағдарламалық қосымшаны енгізу
Өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің біліктілікті басқару жүйесіне ОРІТО аккреди-тациясын алу.	~ ОРІТО "кабинеттік" аудиті жүргізілді, сәйкес ұсынымдар берілді.	ОРІТО тексеруін жұмыс орнына барып өткізуге тапсырыс беру. Нәтиже оң болған жағдайда техникалық жұмыстар біліктілігі бойынша басқару жүйесіне ОРІТО аккредитациясын алу. Аудит өткізу стратегияның өзгеруіне байланы-сты кейінге қалдырылды, және құжаттамада өзгеріс енгізуге апарды. Аудиттің аяқталу кезеңі 2012 жылдың 4 тоқсаны деп күтілуде.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

КПО-ның басқа өндірістік бөлімдерін тарту үшін техникалық қызметтер біліктіліктерін басқару жүйесінің шеңберін кеңейту.



Жоба кезеңмен іске асуда. 2011 жылы басталған жобаның 1-ші кезеңіне кен орнындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөліміне бағалау сарапшыларын дайындау кірді. Кен орын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімі стандарттарды дайындау мен бағалау жүргізуді бастады.

Жобаның I кезеңін жүзеге асыру барысында өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімі техникалық қызметкерлері бірінші құрамының ҚТ сақтаудан хабардар болуын бағалауды жалғастыру. Техникалық емес қызметкерлерді тартумен болатын II кезең 2013-2014 жылдарға жоспарланып отыр. III кезең мердігер компаниялардың біліктілікті басқару жүйесін КПО талаптарына сәйкестендіруіне негізделеді.

Кен орнындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімі көрсетілген бірнеше стандарттар бойынша сәйкестікті бағалауды аяқтап келеді. Өндіру бөлімі қызметкерлерінің бірінші құрамына арналған "Өмір сақтаушылар" бағдарламасы туралы хабардарлықты бағалау жоспарының 25 пайызы орындалды. Өндіру және техникалық қызмет көрсету директорының басқа бөлімдерін бағалау 2012 жылдың соңына жоспарланып отыр.

Қазақстандық қызметкерлерді дамыту және үйрету үшін білім алуда тәлімгер үлгісін енгізу.



Бағдарламаның алғашқы жоспары дайындалды, жүзеге асыру жоспары дайын.

Компанияда тәлімгерлік бағдарламаны жүзеге асыру.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

2011 жылға шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру жоспары бойынша көзделген мақсаттар:  
1 категорияда - 64 %;  
2 категорияда - 92 %



Жоспар нәтижелері:  
1 категорияда - 69%;  
2 категорияда - 95%

1 категорияда 70 пайызға жету;  
2 категорияда 95 пайызды сақтап қалу;

Қазақстандық қызметкерлерді жұмыс орнында ұстап қалу бағдарламасын жетілдіру.



Шекті бағдарлама дайындалып, компания басшылығына бекітуге және өкілетті органға оқып танысуға ұсынылды.

Қазақстандық қызметкерлерді жұмыс орнында ұстап қалу бағдарламасына өкілетті органның келісін алу және оны жүзеге асыру үшін қажетті саясаттар мен процедураларды дайындау. Қызметкерлерді жұмыс орнында ұстап қалу құралдарын енгізу.

Мұнай және газ секторына қажетті тауарларды шығару және қызметтермен қамтамасыз ету ішкі нарығын дамытуға жәрдемдесу.



Ақсай индустриялық паркін (АИП) жасау пилоттық жобасы басталды. "Алғашқы тас қалау" салтанатты рәсімі 2011 жылдың маусым айында болды.

Ақсай индустриялық паркінің ресми ашылуы 2012 жылдың II тоқсанына жоспарланып отыр.

Қазақстандық қызметтер мен тауарларды сатып алуға жұмсалатын жалпы шығынның 20 пайызы қазақстандық қамту болуына қол жеткізу.



Қазақстандық қамту үлесі 37,5 пайызды құрады.

Қазақстандық қамту үлесін 40 пайызға дейін арттыру.

Сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету және жаңа қазақстандық қамту мөлшерін есептеу әдісі мен есеп беру жүйесін жүзеге асыру бойынша белсенді жұмыстар жүргізу.



КПО ҚР Мұнай және газ министрлігінің (МГМ) веб-порталында қазақстандық қамту мәселелері бойынша есеп беру үшін тіркелді. КПО-ның қазақстандық қамту туралы есебі есептеудің бірыңғай әдістемесімен дайындалып, ҚР жер қойнауын пайдалану заңнамасына сәйкес МГМ порталында жарияланады.

ҚР-ның қазақстандық қамту заңнамасына сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізу.

## ЖЕРГІЛІКТІ ТҮРҒЫНДАР

2011-2012 ж.ж. арналған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын дайындау.



Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспары 2011 жылдың маусым айында дайындалды.

2012 жылға арналған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын дайындау.

Талқылау нәтижесіне сәйкес селолық округтерді дамыту бағдарламасының жүзеге асу мүмкіндіктерін қарастыру.



Бағдарламаны талқылау барысында өкілетті орган мен Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер келісімге қол жеткізді.

2012 жылға селолық округтерді дамыту ұзақ мерзімді жобаларын қайта бастау үшін қаржыға растау алу.

Шағымдар мен арыздарды қарастыру жаңа процедурасының тиімділігін байқау, сонымен қатар барлық мәселелерді бақылау.



Шағымдар мен арыздарды қарастыру жаңа процедурасы қолданылуының алғашқы жылын талдау аяқталды.

Шағымдар мен арыздарды қарастыру процедурасына мониторингті жүргізуді жалғастыру.

# ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Қарашығанақ кені әлемдегі ең ірі мұнай-газ және конденсат кен орындарының бірі болып табылады. Кен орны Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан және 280 шаршы километр аумақты алып жатыр. Мұнда 9 миллиард баррельден астам конденсат және 48 триллион текше фут газ қоры бар. Қазіргі таңда көмірсутектердің есептелінген бастапқы баланстық қорының шамамен 10% өндірілді.

Қарашығанақ кеніші өндірісте қиыншылықтар туғызатын алыс жерде орналасқан және сыртқы ауа температурасы қыс мезгілінде минус 40° С-тан жаз айларында плюс 40° С-қа дейін жетеді. Беткі қабаты 3500м тереңдікте орналасқан қалыңдығы 1600 м кеніш өндірісі өте күрделі болып келеді. Көмірсутектер құрамында жоғары уытты күкіртті сутектің 4½ пайызы, сонымен қатар кейбір жағдайларда жоғары тотандыратын көміртек диоксиді бар.

1997 жылдан бері Қарашығанақ кен орнын өндіру мен дамытуды КПО компаниясына негізгі өндірістік қызметтерін берген Бритиш Газ (кейін БиДжи Групп) және Аджип (кейін Эни) компаниялары жүзеге асырып келеді. КПО Қазақстан Республикасымен Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК) қол қойылғаннан кейін әр-қайсысында 32,5% үлестік қатысымы бар Би Джи Групп және Эни бірлескен операторларымен, 20%-дық үлесі бар Шеврон (бұрынғы Тексако) және 15%-дық үлесі бар ЛУКОЙЛ компанияларымен басқарылады (барлығы бірге «Мердігер» деп аталады).

ӨБТК-не сәйкес Мердігер 2038 жылға дейін кен орынды дамытумен байланысты міндеттемелерге жауапты. Қарашығанақ кен орнын игеруден жоғары табысқа қол жеткізу үшін бірлескен кәсіпорын бойынша серіктестер Қазақстан Республикасымен халықаралық тәжірибемен бөлісуде.

Қазіргі таңда КПО компаниясында білікті және көп ұлтты топты құрайтын 4000-нан астам адам қызмет атқарады. ӨБТК-ге қол қойылғаннан кейін, Мердігер тұрақты экономикалық табыс алу мақсатында озық өнеркәсіптік технологияларды қолданып, Қарашығанақ кен орнын дамытуға 17 миллиард АҚШ долларын жұмсады.

Сату көлемін ұлғайту мақсатында өндірілген көмірсутектердің басым бөлігі экспортқа шығарылады. 2011 жылы ҚӨК-те 4-конденсатты тұрақтандыру технологиялық желісі пайдалануға берілгеннен кейін сұйық көмірсутектердің шамамен 90 пайызы шикі мұнай ретінде әлем нарықтарына, оның ішінде КҚК құбыры арқылы Қара теңізге және Атырау-Самара құбыры арқылы Транснефть жүйесіне жіберіледі, одан әрі мұнай Қара теңіздегі Новороссийск, Балтық теңізіндегі Приморск және басқа да еуропалық бағыттарға экспортқа шығарылады.

Өнім КПО құрушы компанияларының коммерциялық құрылымы арқылы немесе басқа да сатып алушыларға сатылады. Барлық өнім әлемдік нарықтық бағамен сатылады. Қалған көмірсутектер тұрақсыз конденсат күйінде Орынбор арқылы Ресейге шығарылады. Негізінде, кен орында өндірілетін барлық газ тазартылмаған газ күйінде КазРосГаз компаниясына (кейін Ресейге) сатылады немесе пласт қысымын сақтап тұру үшін жер қабатына қайта айдалады. Газдың кішкентай бөлігі, ғана/шамамен 4,45 пайызы/ электр қуаты ретінде немесе жылумен қамтамасыз ету мақсатында қолданар алдында күкіртті сутектен тазартылады. 2011 жылы өндірілген газдың шамамен 0.08% қалыпты технологиялық режимде және бұрғылау операциялары кезінде алауда жағылады. Қарашығанақтағы табиғи газды пайдалану туралы толық ақпаратты 28 бетте «Табиғатты қорғау қызметі» бөлімінде таба аласыз.

## Үздік технологияларды қолдану арқылы КПО компаниясының қол жеткізген жетістіктері:

- жоғары қысымменды тазартылмаған газды кең көлемде пластқа қайта айдау инновациялық жүйесін қалыптастыру;
- Қазақстандағы ең терең көп тармақты ұңғымаларды бұрғылау;
- Жаңашыл ұңғыманы сынау жабдығын және Dry Low No<sub>x</sub> газ турбиндерін реттеу технологиясын инновациялық пайдалану арқылы ұңғымаларды сынау және технологиялық операцияларды жүргізу кезінде парникті газдардың (GHG) шығарындылар көлемін азайту.

Кен орын өндірістік нысандарының сипаттамасы мен оның картасын 14-15 беттерде қараңыз.



## 2011 ЖЫЛҒЫ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ

<b>Жалпы Өндіріс</b>	<b>Млн.б.м.э.</b>	<b>138,5</b>
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер <i>Орынбор газ өңдеу зауытына /ОГӨЗ / және МТУ-400 жіберілетін конденсат</i>	мың т	1 498
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер <i>КҚК және Атырау-Самараға жіберілетін мұнай мен конденсат</i>	мың т	9 542
Шикі газ <i>Орынбор газ өңдеу зауытына жіберілетін газ</i>	млн текше метр	7 974
Тазартылған газ <i>Электрқуатын шығару мен елді мекендерді жылытуға арналған отын ретінде қолдану</i>	млн текше метр	751
Газды қайта айдау <i>Коммерциялық өнім болмағандықтан жалпы өндіріс көлеміне енгізілмеген</i>	млн текше метр	8 129

## 2011 ЖЫЛҒЫ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ДАМУ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

2011 жылы КПО отын ретінде қолдану үшін мұнай эквивалентінде 138 миллион баррель тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған конденсат, сонымен қатар шикі және тазартылған газды өндірді. 2010 жылғы қыркүйек-қазан айларында технологиялық жабдықтарға міндетті жалпы күрделі жөндеу жүргізу кезінде кен орын нысандары уақытша тоқтатылуына байланысты 2010 жылмен салыстырғанда өсім мұнай эквивалентінде шамамен төрт миллионға артық болды. Оған қоса, 8 129 миллион текше метр күкіртті құрғақ газ жер қабатына қайта айдалды, бұл көлем барлық өндірілген газдың шамамен 48%-на тең.

### КПО 2011 жылы жүзеге асырған басты дамыту іс-шаралары:

- төрт ұңғыманы бұрғылау және кен орындағы өндірілген және қайта айдалған ресурстардың көлемін оңтайландыруға бағытталған ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу бағдарламасы бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- ҚӨК-дегі конденсатты тұрақтандыру төртінші технологиялық желісі құрылысының сәтті аяқталуы және оның пайдалануға берілуі;
- инфрақұрылым мен әлеуметтік саланы дамыту жобаларын жүзеге асыру барысында Орал қаласына дейінгі жаңа тазартылған газ құбыры құрылысының аяқталуы. Тазартылған газы Батыс Қазақстан облысының тұтынушыларына жеткізіледі;
- қондырғылардың механикалық тұтастығы мен беріктігін арттыру бойынша негізгі жұмыстарды жалғастыру;
- 2011-2013 жылдары өткізілетін табиғатты қорғау жоспарына сәйкес негізгі жобаларды жүзеге асыруды жалғастыру;
- кен орнында қазіргі өндіру көлемін сақтап қалу мақсатында кен орнын қазіргі кезде және кейінгі ұзақ мерзімді дамыту арасында уақытша шаралар ретінде қолданылатын қысқа мерзімді дамыту мүмкіндіктер тізбегін зерттеу.

# ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ



## ЭКООРТАЛЫҚ

Экоорталық өндіріс пен мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау қалдықтарын тазартуға арналған әлемдік деңгейдегі тазартқыш құрылғылардан тұрады. КПО-ның экоорталығы бес негізгі өңдеу қондырғыларынан тұрады:

- мұнай негізді бұрғылау ерітіндісімен бұрғы шламын қауіпсіз және тиімді өңдеу жүргізетін шламды термомеханикалық өңдеу қондырғысы;
- бұрғылау ерітінділерін әзірлейтін зауыт – мұнай негізді бұрғылау ерітіндісін араластыру мен тазартуға арналған өңдеу қондырғысы;
- мұнай өнімдерімен ластанған суды тазарту, ұңғымаларды күрделі жөндеуде қайта қолдану үшін тұзды ерітіндіні өңдеу және ұңғымалардың жоғары аралығына өтуде қолданылатын сулы негізде бұрғылау ерітінділеріне өңдеу жүргізетін сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысы;
- бұрғылау шламы болып табылмайтын қатты қалдықтарды және мұнай өнімдерімен ластанған топырақты өңдеуге арналған айналмалы пеш;
- 2011 жылы желтоқсанда іске қосылған қатты қалдықтарды қауіпсіз көмуге арналған жаңа қалдықтар полигоны.

Жалпы қоқыстарды өртеуге арналған жаңа пештің және қалдықтарды ажыратуға арналған жаңа қондырғының құрылысы салыну сатысында. Бұл нысандар 2012 жылы пайдалануға беріледі.

## ӨЗАРА БАЙЛАНЫСҚАН ЖҮЙЕ

Қазіргі таңда Қарашығанақ кен орнында жалпы қордағы 371 ұңғымадан 83 өндіру және 15 қайта айдау ұңғымалары пайдаланылады. Технологиялық үдеріс пен өндірілген көмірсутек шикізатын өңдеу үш негізгі нысандарда – Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), ГҚДҚ 2 және ГҚДҚ 3 жүзеге асырылады. Барлық негізгі өндірістік нысандар мен өндірілген көмірсутектің ұңғымалардан өтімді ағуын және олардың технологиялық құрылғылар арасында таратылуын жалғастыратын шамамен 2000 км құбыр ішкі өнеркәсіптік жүйені құрайды.

## ҚАРАШЫҒАНАҚ ӨНДЕУ КЕШЕНІ

Қарашығанақ өңдеу кешені 37 өндіруші ұңғымадан және ГҚДҚ 2 келетін мұнайлы конденсатты өңдеуге арналған. Мұнай мен газ арнаулы тарату құрылғыларында бөлінеді. Түсетін мұнай өнімі төрт тұрақтандыру технологиялық желісінде өңделіп, экспорт құбыры атқылы Атырауға жіберіліп, одан әрі халықаралық нарықтарға сатылымға шығарылады.

2011 жылы іске қосылған көмірсутек шикізатын тұрақтандыру мен тазартудың төртінші технологиялық желісі тұрақтандырылған және тазартылған сұйық көмірсутектер өндірісін арттыру және оларды әрі қарай батыс нарығында сату мақсатында салынды. 2006 жылы серіктестермен рұқсат етілген барлық жоба конденсатты тұрақтандыру мен тазартудың қосымша технологиялық желісін, қолданыстағы Қарашығанақ өңдеу кешенінде (ҚӨК) өндірілген шикізатты қабылдау қуаттылығын арттыруды, 13-ке жуық жаңа ұңғыманы, тазартылмаған газды айдау қосымша компрессорын, қосымша айдау және магистральды конденсат сорғылар жинағын, ГҚДҚ 3 сәйкес қосылыстары бар екі ішкікәсіптік құбырды және мұнайды ерте өндіру сателлитін қамтиды.

Газ фазасы екі ағымға бөлінеді. Бірінші ағым ҚӨК газ турбиналық қондырғысында электр энергиясын өндіру және жергілікті тұтынушыларға сату үшін қолданылатын отын газды өндіретін тазарту қондырғысына түседі. Екінші ағым газды жер астына айдауға ГҚДҚ 2 және/немесе Орынборға экспорттау үшін ГҚДҚ 3 жіберіледі.

## 3-ГАЗДЫ КЕШЕНДІ ДАЙЫНДАУ ҚОНДЫРҒЫСЫ

ГҚДҚ 3 1984 жылдан бері пайдаланылып келеді және 27 өндіру ұңғымаларынан келетін газ және газ конденсатты Ресейдегі Орынбор газ өңдеу зауытына экспорт құбыры арқылы жіберуге дейінгі бөлу және жартылай тұрақтандыруға арналған.


Сонымен қатар, тұрақтандырылмаған конденсат көрші орналасқан жеке шағын зауытқа өңделуге жіберіледі.

## 2-ГАЗДЫ КЕШЕНДІ ДАЙЫНДАУ ҚОНДЫРҒЫСЫ

Әлемдегі ең озық технологияларды қолдану ГҚДҚ 2 ерекше көп функционалды кәсіпорын екенін танытты. ГҚДҚ 2 тазартылмаған газды бөліп, өңдеп, жоғары қысыммен қайта айдауға, сонымен қатар мұнайды өндіріп, экспортқа шығарар алдында ҚӨК-не тұрақтандыруға жіберуге мүмкіндігі бар. ГҚДҚ 2 шикізат 19 өндіру ұңғымасынан келіп түседі.

ГҚДҚ 2 жұмыс істеп тұрған қондырғыдағы үш компрессор күкіртті сүтектің жоғары мөлшері бар газды (тоғыз пайызға дейін) 550 барға дейін қысыммен қайта айдауды жүзеге асырады.

Газды қайта айдаудың осы жолы өз тиімділігі мен нәтижелілігін растады, себебі ол жартылай қысымды сақтап тұрады, газ конденсатты сұйықтықты шығаруды жақсартады, және де күкіртті шығару қажеттілігін төмендету арқылы қоршаған ортаға орасан пайдасын тигізеді.



# КПО-ДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Кең көлемді инвестицияны тарту мен сақтауда тиімді басқару аса маңызды факторлардың бірі. КПО сияқты кешенді құрылымы бар бірлескен өндірістік жағдайда компания қызметін алға қарай табысты жүргізу үшін басқару мен реттеудің тұрақты және тиімді үдерістері өте маңызды болып табылады.

## ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

КПО-ның ұйымдастыру құрылымы бірлескен кәсіпорынның мақсаттарына жету мен кәсіпорынның негізгі реттеу құжаты болып келетін Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің ережелеріне сәйкес компаниямен алынған міндеттемелерді орындау үшін әзірленген болатын.

КПО-ның ең жоғарғы басқару органы - төрт құрушы компанияның жоғары басқармасынан және Қазақстан Республикасы Үкіметімен тағайындалатын өкілетті мекеме өкілдерінен тұратын Басқару бойынша бірлескен комитеті болып табылады.

Директорлар кеңесі КПО-ның қызметін басқарады және ең жоғарғы серіктес орган – төрт құрушы компанияның өкілдерінен тұратын Мердігерлер комитеті. Төменгі деңгейдің басқару органы Биджи Групп және Эни оператор компаниялары өкілдерінен тұратын Операторлар комитеті.

Өндіріс, маркетинг, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қызметкерлерді басқару, қаржы, салық, заң мәселелері, аудит, жұмыс бағдарламасы мен бюджет, Үкіметпен байланыс, орнықты даму, қауіпсіздік сияқты белгілі бағыттар бойынша қызметке жауапты бір қатар қосалқы комитеттер мердігерлер комитетіне, сондай-ақ операторлар комитетіне де қолдау көрсетіп отырады.

Бас директор, оның орынбасары және КПО-ның басқа директорлары тікелей құрушы компаниялармен тағайындалып отырады.

## БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

ӨБТК ережелеріне сай КПО өз қызметтерін жүргізу кезінде түрлі саясаттар, процедуралар және озық практика әдістері арқылы компания мен басқару жүйесіне енгізілген халықаралық стандарттарды басшылыққа алады. Оларға Тәртіп кодексі, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясаты, өндірісті басқару жүйесі және корпоративтік басқару жүйесі бойынша нұсқама жатады.

2009 жылы кен орын оператор-компанияларының өкілдерінен тұратын лардың орнықты даму бойынша жұмыс тобы атқарған кешенді жұмыс нәтижесінде КПО өз Орнықты даму кодексін жария етті. Бұл құжат компания өз қызметтерінде талпынып жүрген орнықты дамудың негізі мен басқарушы ұстанымдарының негізін қалаған және бұл құжатты дайындауда халықаралық үздік практика мен оператор-компаниялардың тәжірибесі қолданылған болатын. КПО-ның орнықты даму кодексін [www.kpo.kz](http://www.kpo.kz) веб сайтында және КПО интранет-порталында табуға болады.

## СӘЙКЕСТІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Жоғарыда көрсетілген барлық жүйелер мен саясаттар тұрақты түрде аудиттен өтеді. Бұл КПО басқармасы мен төрт бас компанияға орнықты даму саласындағы қауіп-қатермен қоса жалпы қауіп-қатерлерді анықтау мен басқару үдерістерінің тиімділігіне кепілдік болады және бекітілген процедураларға сәйкестілігін қамтамасыз етеді. Компания ішінде сәйкестілік пен тиімділікті қамтамасыз ету шаралары әртүрлі топтармен, оның ішінде КПО-ның барлық қызметтері бойынша тексеріс жүргізетін Ішкі корпоративтік аудит тобымен жүргізіледі. Тексерілуге тиіс арнаулы салалар жыл сайын КПО қауіп-қатерлерді анықтайтын ішкі жүйесіне, директорлармен талқылаулар нәтижесінде, құрушы компаниялар ұсыныстары және КПО-ның өндірістік аймақтарын және қажетті аудит жиілігін көрсететін компанияның өз аудит жүргізу моделіне сәйкес анықталады.

Сәйкестілік пен тиімділікті қамтамасыз ету бойынша ішкі бақылауға қоса, біздің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйеміз халықаралық қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі стандарты ISO 14001 сертификатымен расталған. 2009 жылы КПО қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы басқару жүйесі үшін OHSAS 18001 сертификатына қол жеткізді.

2011 жылы КПО компаниясы OHSAS 18001 және ISO 14001 стандарттарына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару және қоршаған ортаны қорғауды бақылау жүйелерін қайта сертификаттау аудитін сәтті өткізді.

Мұнайгаз секторының белгіленген саясаттар, стандарттар мен озық практикасына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін құрушы компаниялар жағынан КПО қызметін тексеретін жыл сайынғы аудитпен қоса компанияда тұрақты түрде сыртқы тексеру жұмыстары, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын сақтауға бағытталған әртүрлі тексеру жұмыстары жүргізіледі.

## ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІКТІ САҚТАУ

Қолданыстағы заңнамаға сәйкестікті сақтау жүйесі компания қызметтерінің барлық аспектілері бойынша заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету үдерісін реттейді және компанияның барлық деңгейінде таралып, қатаң сақталатын іргелі құндылықтар мен негізгі ұстанымдарды белгілейді. Тәртіп кодексі заңнама талаптарына сәйкестікті сақтау жүйесінің басты құжаты болып есептеледі.

Кодекс КПО бизнесін жүргізу үдерістерін анықтайтын басты этикалық ұстанымдарды, құндылықтарды және тәртіп үлгілерді белгілейді. 2009 жылдың басында кодекс бас директоромен қайта қарастырылды және бекітілді. Компания қызметкерлерінің барлығы КПО интранет-порталындағы осы кодекстің соңғы нұсқауымен, мүдделер қақтығысы саясатымен және заңнамаға сәйкестікті сақтау саясатымен танысуға, сонымен қатар оларды оқып танысқандығын растауға тиіс. Компания мен қызметкер арасында еңбек қақтығысы, шағым немесе дау пайда болған жағдайда әрбір қызметкер шағымдарды қарастыру процедурасының ережелеріне сай әрекет ету керек.

Сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі заң кеңесшісі және сәйкестікті қамтамасыз ету мәселелерін үйлестіру жөніндегі менеджер заңнамаға сәйкестікті сақтау жүйесін бақылап отырады. Екеуі де компания заң басқармасының қызметкерлері. Сонымен қатар КПО-да бас директоромен басқарылатын заңнамаға сәйкестік бойынша комитет жұмыс істейді. Комитет сәйкестікті сақтауға байланысты барлық мәселелерді әр тоқсан сайын қарастырып отырады.

2011 жылы қызметкерлерді Тәртіп кодексі және басқа сәйкестікті сақтау талаптары бойынша қосымша оқыту бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарламаның мақсаты



әрбір КПО-да этикалық тәртіптің мәдениетін қалыптастыру, және осы шара арқылы әрбір қызметкерден не талап етілетіні туралы қызметкерге түсінік беру.

Заң директоры өз тарапынан сәйкестікті сақтаумен байланысты, мысалы КПО қызметкері емес тұлғалардың барлық өкілдік және жол шығыстары, кез келген демеушілік келісімдер мен төлемақылар, КПО мүлігін ұрлау және тергеу қорытындылары және КПО қызметкерлерінің өкілдік және жол шығыстары сияқты ақпаратты тіркейтін арнаулы тізім, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы кез келген өтінішті есепке алатын арнаулы тізім енгізді.

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңды аудит

КПО корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына қол жеткізу мен сақтап тұруға, әсіресе этикалық және құқықтық талаптарды сақтауға тырысуда. Бұл саладағы КПО-ның жетістігі тиімді бизнес жүргізуде басты рөл атқаратын бизнес бойынша серіктестердің, жабдықтаушылардың, мердігерлердің және қызмет көрсету компаниялардың өз міндеттемелерін бірлесіп орындаудың нәтижесі.

КПО компаниясы және оның серіктестері, мердігерлері, материалмен жабдықтаушылары агенттері, экспедиторлары, қосалқы мердігерлік компаниялары және т.б. Қазақстан Республикасы мен оператор компаниялар елдерінің сәйкес заңдарын, соның ішінде келесілерді сақтауға міндетті:

- ҚР Парақорлыққа қарсы күрес заңнамасы параны алғаны, бергені және пара алу/ беру кезінде делдалдық үшін үш түрлі жауапкершілікті қарастырады:
  - ҚР Қылмыс кодексі - № 231-бап (коммерциялық параға сатып алу), № 311-бап (пара алу), № 312-бап (пара беру), № 313-бап (Парақорлыққа делдал болу);
  - ҚР Қылмыс кодексі - № 231-бап (коммерциялық параға сатып алу), № 311-бап (пара алу), № 312-бап (пара беру), № 313-бап (Парақорлыққа делдал болу);
- Шетелдіктерге пара беруге тыйым туралы заң (АҚШ) (сәйкестікті сақтау және халықаралық құқық бойынша нұсқаудың 2с бөлімін қараңыз);
- № 231-ші Италияндық Қаулы;
- 2010 жылғы пара беру туралы заң (Ұлыбритания).

Сонымен қатар ҚР Үкіметіне, біздің серіктестер мен клиенттерімізге жақсы қызмет көрсетуді жалғастыра беру үшін бізге этикалық және құқықтық талаптар мен

мәселелерді сәтті шешуі өте маңызды. Компанияның қызметі бұл талаптарға сәйкес болуы үшін бізге бизнес бойынша серіктестеріміздің ынтымақтастығы мен қолдауы қажет.

Корпоративтік басқарудағы негізгі мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлықтың, парақорлықтың және ақшаны жылыстаудың алдын алу. Басқару мен заңнаманың негізгі ұстанымдары – «өз іскер серіктестерін білу» және олардан іскерлік қызметтері мен әрекеттері бойынша ақпарат беруді талап ету.

Мердігер ұйымдардан алынған ақпаратты КПО жабдықтаушылардың қызмет көрсетуі мен тауар жеткізуі бойынша потенциалды мүмкіндіктерін бағалау үшін пайдаланады.

### МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ ҚАТЫСТЫРУ

КПО белгілеген басты мүдделі тараптарға келесілер жатады: Қазақстан Республикасының Үкіметі, компания қызметкерлері, жергілікті тұрғындар, жабдықтаушылар және азаматтық қоғам атынан жұмыс атқаратын үкіметтік емес ұйымдар болып келеді. Компания құрамындағы Үкіметтік мекемелермен байланыс бөлімі, Сыртқы байланыс бөлімі, Қоғаммен байланыс бөлімі, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ корпоративтік бөлімі, Рұқсат қағаздар мен лицензиялар бөлімі, Ішкі байланыс бөлімі, Қызметкерлермен қарым-қатынас секторы, Қазақстандық қамтуды дамыту бөлімі сияқты бірқатар бөлімдер осы мүдделі тараптармен тығыз байланыста.

КПО-да Қазақстан Республикасындағы басты мүдделі тараптарды анықтау, олардың назар аударатын мәселелері, олармен қарым-қатынас жасау түрлері және қарым-қатынас жасайтын тұлғалардың байланыс деректері көрсетілген арнаулы жоспар дайындалған.

КПО-ның корпоративтік байланыс саласындағы саясатта компания ішіндегі және үшінші тараптармен ақпарат алмасу кезіндегі корпоративтік деңгейде қолданылатын механизмдер мен үдерістер айқындалған. Бұл саясатта мүдделі тараптар туралы ақпарат және сыртқы байланысқа жауапты КПО-ның өкілдері көрсетілген. Басқа мүдделі тараптармен қарым-қатынас жасау үдерістері КПО-ның мүдделі тараптармен қарым-қатынас жасау тәртібі, КПО-ның демеушілік және қайырымдылық саясаты, Ішкі корпоративтік байланыс процедурасы және Қазақстандық қамтуды дамыту бағдарламасы сияқты КПО-ның бірнеше ішкі нұсқаулықтармен және ұйғарымдармен айқындалған.

### АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

КПО өз қызметі аясында адам құқығын қорғаудың ұстанымдарын қолдайды. Дат адам құқығы институтының қатысуымен 2008 жылы КПО өз бетінше компанияның адам құқығы саласындағы сәйкестігін халықаралық стандарттарға және үздік тәжірибелерге тексерді. Осы бағалау қорытындысы сәйкестіліктің жақсы деңгейде екенін көрсетті.

### ӨНДІРУ САЛАЛАРЫНЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ

КПО бірлескен кәсіпорнына кіретін төрт серіктес компания Қазақстандағы пайдалы қазбаларды өндіруде шынайылық бастамасына қол қойған және шынайылық пен есептілік деңгейін көтеру арқылы өндіру салаларынан түсетін табыстарды бақылауды жақсартуда ҚР Үкіметі мен қоғамының іс-әрекеттерін қолдайды.

Жыл сайын бірлескен кәсіпорын, бойынша КПО серіктестері әр серіктестің Қазақстан Республикасы Үкіметіне төлеген төлемдері туралы өндіру салаларының шынайылығы бастамасын дамыту бойынша біріңғай органға есеп береді.

### ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚУҒА ҮНТАЛАНДЫРУ

КПО-да ресми түрде ағылшын және орыс тілдері қолданылады, бірақ соңғы жылдары қазақ тілінің қолданысын дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. КПО-да Тілдерді дамыту жобасы тобы құрылып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген аудармашылар жұмысқа алынды. Жалпыға қажетті құжаттар, оның ішінде компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатына қатысты ресми хабарламалар, орнықты даму кодексі, КПО веб-сайты және осы Орнықты даму есебі үш тілде шығарылады.

Бірқатар мүдделі тараптар мен компания қызметкерлеріне арналған КПО-ның «Қарашығанақ жаңалықтары» атты корпоративтік газетінде мақалалар қазақ тілінде де дайындалады. Сонымен қатар компания қызметкерлеріне қазақ тілі сабақтары жүргізіліп отырады, әрі компанияның үш тілдік техникалық сөздігі (гlossарий әрі қарай дамытылуда).



# ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Қауіпсіздік КПО үшін күн тәртібіндегі ең маңызды мәселе болып табылады. Техникалық тұрғыдан күрделі Қарашығанақ кен орнын дамыту мен игеру компания және мердігер ұйымдардың әр қызметкері қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтаудың маңыздылығын естен шығармауын қажет етеді. Қарашығанақ кен орнындағы жағдайды экстремалды ауа-райының күрт өзгеруі, игерілетін және өңделетін көмірсутек шикізатының құрамындағы күкіртсутектің көп мөлшерде болуы және табиғи газды жоғары қысыммен қайта айдау сияқты факторлар ушықтырады.



## ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ БАСҚАРУ ӘДІСІ

КПО-ның бірыңғай ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласында жоспарлаған мақсаттарға қол жеткізуге, қауіп-қатерлерді бақылап, компанияда ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын үздіксіз жақсартуды әрі қарай қолдауға қажетті негізді айқындайды. Бұл ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптары компанияның барлық нысандары мен үдерістерінде енгізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің нұсқаулығында көрсетілген.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатында КПО компаниясы еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласын белсенді түрде басқаруға толығымен міндетті екендігі, әрбір қызметкерден ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне жеке жауапкершілік танытуы күтілетіні және кез-келген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ байланысты мәселені ашық айтуға құқылы деп жазылған. Бұл саясат КПО иемденген және пайдаланып отырған әрбір нысанда қолданылады, сонымен қатар мердігерлер мен қонақтарды қоса компания атынан/үшін қызмет атқаратын барлық қызметкерлерге қатысты.

2011 жылдың тамыз айында КПО OHSAS 18001 және ISO 14001 стандарттарына сәйкестілік бойынша қайталама сертификаттау аудитінен сәтті өтті. Тәуелсіз сертификаттау органының аудиторлары компанияның 2008 жылы енгізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесін қолдап отыруға тырысуын жоғары бағалады.

Осының негізінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйелері сәйкестілік сертификаттарының қолданылу мерзімі 2014 жылға дейін ұзартылды. Сертификаттау ауқымына Қарашығанақ – Атырау тасымалдау жүйесі


(ҚАТЖ) және Қарашығанақ – Орынбор тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ) құбырларын, Қарашығанақ кен орнының жобаларын әзірлеу және іске асыруды қоса барлау, өндіру және өнімді бөлу жұмыстары жаттады.

## 2011 ЖЫЛҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2011 жылы КПО-ның негізгі құрылыс жобалары (4-технологиялық желі, ГҚДҚ-2 материалдарын ауыстыру жобасы) аяқталды. Бұл жұмыс жасап өткен адам-сағатының жалпы санын азаюына жетеледі. Сонымен қатар Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығының ЕҚ және ҚТ саласының оқиғалары жөнінде есеп беру жүйесіне (Пайдаланушы нұсқаулығы, 2010 жылғы ақпан айының № 433 есебі) сәйкестендіру мақсатында оқиғалардың анықтамалары мен есеп беруге қойылатын талаптар қайта қарастырылды. Осы өзгерістер нәтижесінде оқиғалардың көбісі «өндірістік» санатына жатқызылуына себеп болды. Аталмыш өзгерістер нәтижесінде тоғыз оқиғаның екеуі алдыңғы жылдары жұмысқа қатысты деп есептелмеген болса, 2011 жылы жұмыс уақытын жоғалту оқиғасына жатқызылды. Бұл факторлар КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында кейбір көзделген мақсаттарына жетуіне кедергі болды.

КПО-ның 2011 жылғы және соңғы жеті жыл аралығындағы жалпы қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштер төмендегі кестелерде көрсетілген. 1-кестеде 2011 жылғы жұмыс уақытын жоғалтудың жалпы жиілігі 0.34-ке (2010 жылы - 0.18), ал тіркеуге алынатын апаттар жиілігі 0.53-ке (2010 жылы - 0.38) тең болғанын көрсетеді.

1 - кесте



КПО-НЫҢ 2011 ЖЫЛҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ


Компанияның ҚТ көрсеткіштерін жақсартуға ден қою мен үздіксіз тырысуына қарамастан КПО-да жұмыс уақытын жоғалту оқиғалары жиіленіп отыр. Өкінішке орай, 2011 жылдың 6 наурызында КПО қызметкері опат болған оқиға орын алды. Өндіріс қауіпсіздігі жөнінде аса маңызды ақпаратты КПО және мердігер ұйымның әр қызметкерінің назарына жеткізу мақсатында 22 шілдеде КПО-да қауіпсіздік техникасы күні өткізілді.

КПО-ның барлық оқиғалары сияқты 2011 жылы орын алған әр оқиға ішкі оқиғаны тергеу комиссиясымен егжей-тегжейлі тергеліп қарастырылды. Тергеулер нәтижесінде

КПО әлі де мердігер ұйымды басқаруды жақсартуға және қызметкерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында жетекшілік дағдыларын әрі дамытуға ден қоя отыруы, сонымен қоса жұмысқа әзірлік және стандарттар мен саясаттарын күшейтуге ерекше назар аударуды жалғастыруы қажет екені анықталды. Бұл факторлар ең жиі кездесетін негізгі себептер ретінде айқындалды. Ұқсас оқиғалардың қайталануын болдырмау мақсатында іс-әрекет жоспарлары дайындалып, келістіріліп, орындалды. Тергеу нәтижесінде ұсынылған іс-әрекеттің орындалуы КПО-ның Synergi желілік жүйесімен қадағаланып отырады.

Жыл сайын КПО-ның негізгі жұмыс көрсеткіштері көптеген барлау мен өндіру жұмыстарын жүргізетін операторлардан Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығына келіп түсетін статистикалық деректерімен салыстырылады. 2010 жылы КПО-ның жұмыс уақытын жоғалту оқиғалары жиілігі көрсеткіштері Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы көрсеткіштерімен салыстырғанда жоғарғы квартильден асып кетті (2-Кесте). Есепті дайындау кезінде қауымдастықтың 2011 жылғы мәліметтері болған жоқ.

2 - кесте



## 2011 ЖЫЛҒЫ ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ ЖОСПАРЫ

КПО-ның 2011 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарына 2010 жылғы қауіпсіздік техникасы жоспары бойынша қол жеткізген нәтижелер енгізілген. 2011 жылдың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары КПО-ның барлық нысандарында қолданылатын еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау шараларын және негізгі төрт элементтерді қамтиды: ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында жетекшілік дағдыларын дамыту; мердігер ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын басқару; қауіпті факторлар жөнінде хабардар болу және қауіп-қатерлерді бақылау; жиналған тәжірибеге бақылау жүргізу және талдау. 2010 жылы жол келік оқиғаларының жиілігі мен ауырлық дәрежесінің өсуіне байланысты және көрсеткіштерді жақсарту мақсатында 2011 жылғы жоспарға жол қозғалысының қауіпсіздігі элементі енгізілді.

Жоспар нақты шаралар мен жауапты адамдар көрсетілген стратегиялық және жылдық мақсаттарды анықтайды. Компания қызметкері опат болған апаттық жағдайдан кейін 2011 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары қайта қарастырылып, жоспардың

маңыздылығы төмен бастамалары 2012 жылға кейін шегерілді.

Төменде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарының бес басты элементтері бойынша 2011 жылғы мақсаттар, жоспарлар мен іс-шаралар берілген.

### ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТЕКШІЛІК

**Стратегиялық мақсаты: КПО ішінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшілікті және қауіпсіз емес орындалып жатқан жұмыс үдерісіне араласу әдіс-тәсілдерін жақсарту**

Жоспардың аталмыш элементін іске асыру басшылықтың барлық деңгейлерінен талап етілетін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшілік көрсеткіштерін даярлау, енгізу және жыл бойы бақылауды қажет етті. Бұл көрсеткіштер жоспар аясындағы іс-шараларға қойылған нақты мақсаттардан және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетекшіліктің көрінісі болатын іс-әрекеттерден тұрады. КПО-ның қызметкерлері мен басшылықтың арасында өзара ақпарат, ой-пікір және алаң туғызатын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ байланысты мәселелермен алмасу және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ

мәдениетін көтеру үшін сенімді де тұрақты қарым-қатынас орнату мақсатында ұлттық қызметкерлердің қатысуымен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ форумы өткізілді.

Жыл бойы КПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша басшылықтың нысандарды қарап өтуі өткізілді, бұл шара компания қызметкерлерімен екі жақты ақпарат алмасу және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін әрі қарай жақсартуға үлес қосу мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне шын берілгендігінің жеке бастық үлгі болудың проактивті құралы ретінде қолданылады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша басшылықтың нысандарды қарап өтуіне қатысу КПО-ның нөлдік, бірінші, екінші және үшінші деңгейдегі жетекшілер үшін міндетті. Қарап өту кезінде жетекшілер қызметкерлердің орындайтын жұмыстарымен байланысты қауіпті факторлар мен қауіп-қатерлер жөнінде қаншалықты хабардар екенін анықтау, білім деңгейін және «Өмір сақтаушылар» бағдарламасының талаптарын орындауын байқау үшін оларға сұрақтар қойып отырады (ары қарай сипаттамамен танысыңыз). Сонымен қатар жұмысқа рұқсат пен сәйкес қатер бағалаулардың дұрыстығы мен сәйкестілігіне таңдамалы тексеріс жүргізіледі.

Ақсай қаласында өткен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша мердігерлер форумы



## МЕРДІГЕР ҰЙЫМДАРДЫҢ ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ

Стратегиялық мақсаты: КПО-мен мердігерлік келісімшартта көрсетілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы әдістер мен процедураларды келісімшарттың өмірлік циклының әр кезеңінде мердігер ұйымның іс-әрекетін басқаруға, біліктілігіне және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштеріне ерекше көңіл аударатын қайта қарастыру бағдарламасын жалғастыру.

Стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті жұмыстар көлемі мен салынатын күшті ескере отырып 2010 жылдың аяғында мердігер ұйымның іс-әрекетін басқаратын арнаулы жұмыс тобы құрылды. Түрлі қызмет өкілдерінен тұратын аталмыш топ келісімшартты басқарудың әр кезеңін талдап, сол бағытта қолданылатын тәсілдемені елеулі түрде өзгертуді және мердігердің іс-әрекетіне әсер етуді көздейтін мердігерді басқарудың іс-шара жоспарын құрды. Жоспар келесіге негізделген:

- Басшылық жақтан лайықты басқару деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қауіп-қатерлеріне негізделген жүйе енгізу;
- Барлық жұмылдырылған қызметкерлер келісімшарттарының әр кезеңіндегі өз рөлдерін біліп жүруін жақсарту. Бұл келесі арқылы орындалады:
  - Процедуралар мен үдерістерді ықшамдау және біріктіру,
  - Нұсқаулықтар мен көмекші құралдарды даярлау.

Мердігер ұйымның іс-әрекетін басқару жұмыс тобы 2011 жылы төмендегі жетістіктерге қол жеткізді:

- Өрбір қызметті орындау келісімшартына қауіп-қатер деңгейін беру мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша қауіп-қатерлерді бағалау әдістемесін әзірлеу;
- Қатер деңгейі жоғары келісімшарттардың мерзімін ұзарту үдерісін жетілдіру;

- Келісімшарттың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптарын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қатерлеріне сәйкес мердігер көлік құралдарын көлік қозғалысын бақылау жүйесімен жабдықтау жаңа талабын енгізе отырып қайта қарау және жан-жақты жаңарту;
- Даярланған нұсқаулық пен компанияда келісімшарт иелеріне оқу курстарын өткізумен сүйемелденуі арқылы мердігерлік ұйымның келісімшарт мерзімінің әр кезеңіндегі рөлдері мен міндеттерін анықтау;
- Жеткізушінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ ахуалын бағалаудың арнаулы сұраулығы мен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қатер деңгейіне сәйкес бағалау критерийлерін енгізу арқылы Мердігерді алдын-ала бағалау процедурасын Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығының талаптарына, сонымен қатар озат өнеркәсіптік практикаға сәйкестендіру;
- Жұмыс көлемін анықтау құжатын даярлауға, мердігердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарына, келісімшарттың мерзімі аралығында мердігерлермен жиналыс өткізуге және келісімшарттың жабылуына қойылатын талаптарды айқындайтын нұсқаулық әзірлеу;
- Мердігердің іс-әрекетін басқарудың көзделген мақсаттарын келісімшарт жасасқан көлім жұмысының 2012 жылғы басты көрсеткіштеріне жатқызуды талқылау;
- 2012 жылдың арнаулы бағдарламасы түрінде енгізуге қажетті елеулі өзгерістерді қосумен байланысты өткізілген алдын-ала талқылау арқылы мердігер ұйымның көрсеткіштерін қадағалаудың қолданыстағы процедураларын жетілдіру және біріктіру.

2012 жылы мердігер ұйымның іс-әрекетін басқаруға тартылған барлық қызметкерлер құрамына арнаулы оқыту курстарын өткізу арқылы мердігерлік ұйымдардың іс-әрекетін басқару жұмыс тобы материалдарының толық жинағын тарату жоспарланып отыр.

Білім алмасу және мердігерлерге алаңдаушылық туғызатын мәселелерді талқыға салу мен жақсарту бойынша ұсыныс жасауға мүмкіндік туғызу мақсатында КПО 2011 жыл бойы кеңінен мәлім ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша форумдар, семинарлар және кездесулер өткізуді жалғастырды. Сонымен қатар мердігерлік компаниялардың басшылығы қатысуымен оларды тексеруге бағытталған бірнеше аудиттер мен инспекциялар жүргізілген болатын.

## ҚАУІПТІ ФАКТОРЛАР ЖӨНІНДЕ ХАБАРДАР БОЛУ ЖӘНЕ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАҚЫЛАУ

Стратегиялық мақсаты:

- Барлық қызметкерлердің (КПО мен мердігерлер) қауіпті факторлар туралы хабардар болу деңгейін жетілдіру;
- Қауіп-қатерді бағалау үдерісін қайта қарастыру;
- Денсаулыққа және қоршаған ортаға кері әсер ететін факторлар туралы хабардар болу деңгейін жетілдіру.


Қызметкерлердің жұмыс орны қатерлерін дұрыс және уақтылы табуын жақсартуға, ықтимал салдарын анықтауға, бақылау шараларын қолдануға қатысты қызметкерлердің қауіп-қатерлер туралы хабардар болу, есептілік, талдау және қауіпті факторларды бақылау сияқты элементтер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарына енгізілді.

Қауіп-қатерлерді хабарлау жүйесі кезкелген компания және мердігерлік ұйым қызметкеріне, келушілерге алаңдаушылық білдіруге немесе қауіп-қатерлер туралы хабарлауға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл жүйенің енгізілуі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ үздіксіз дамуын және оқиғалардың алдын алуды қамтамасыз етеді.

КПО-да 2011 жылдан бастап жұмыс істеп келетін қауіпсіз іс-әрекет бағдарламасы қызметкерлерді өздерінің күнделікті жұмысын орындау үстінде бақылау және байқалған жағымды практикалармен кез-

келген қауіпті іс-әрекетті де оларға хабарлау, сонымен қатар қауіпсіз іс-әрекетке араласып тосқауыл болып, түзетуге бағытталған. Қауіпсіз іс-әрекет бағдарламасы Атырау терминалы мен Үлкен Шаған мұнай айдау станцияларын қоса барлық нысандарда қолданылды. 2011 жылы қауіпсіз іс-әрекет бағдарламасы аясында толтырылған карточкалар саны – 8593, оның 78 пайызы қауіпсіз іс-әрекетті, ал тек 22 пайызы қауіпті іс-әрекетті бақылаумен байланысты болған.

### Қауіпсіз іс-әрекет бағдарламасы карточкаларының 2011 жылғы ай сайынғы көрсеткіштері



Қауіпсіз іс-әрекет бағдарламасы және қауіп-қатерлер жөнінде хабарлау жүйесін талдаудан өткізіп компания осы екі жүйені біріктіру жөнінде шешім қабылдады. Нәтижесінде 2011 жылдың желтоқсан айында сәйкес процедуралар мен марапаттау шарасы арқылы жүзеге асырылатын жаңа ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бақылау жүргізу бойынша есептілік бағдарламасы құрылып, іске қосылды.

Жаңа ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы қауіпті факторлар, қауіпті және қауіпсіз іс-әрекетті бақылау нәтижесі жөнінде хабарлаудың осыған дейін қолданылып келген әдістерін біріктіреді. Жаңа карточка барлық қызмет-

керлерге КПО-да оңай және тиімді жолмен қауіпті факторлар, қауіпті және қауіпсіз іс-әрекет жөнінде хабарлауға, сонымен қатар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін жақсарту бойынша ұсыныстармен және идеяларымен бөлісуге мүмкіндік береді. Эксперименттік енгізу кезеңінде жаңа ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкасы КПО-ның өндірістік басқармасының бірнеше бөлімдерінде сыналды. Карточканы сынау негізінде карточканы КПО басшылығына бекітуге тапсыру мақсатында деректерін талдаудан өткізетін сауалнама жүргізілді.

2011 жылы КПО-да Life Savers «Өмір сақтаушылар» жаңартылған бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарлама компания қызметкерлері және мердігерлерімен КПО үшін орындалатын қатер деңгейі жоғары 8 жұмыс түріне қатысты КПО-ның ең аз талаптары мен қауіпсіз жұмыс жүргізеді деген сенімінен тұрады. Бағдарлама «Өмір сақтаушылардың» негізгі талаптарын қайта қарастыру мен жаңартудан және жаңа логотиптер мен буклеттер таратудан басталды.

2011 жылы «Өмір сақтаушылар» бағдарламасы бойынша енгізілген жеті тақырыпқа Электр қауіпсіздігі қосылды. Енгізілген күннен бастап «Өмір сақтаушылар» бағдарламасының әр тақырыбы кезек-кезек компания қызметкерлері мен мердігерлерге хабарланды. Өр тақырып бойынша материалдар жинағы тұсаукесерден, плакаттардан, басшылықтың қауіпсіздік техникасы бойынша нысанды қарап өтудің нұсқаулық карталарынан, қауіпті факторларды анықтау карточкаларынан тұрады.

Бұл бағдарламаның әр тақырыбына арналып мәтінсіз «Өмір сақтаушылар» негізгі талаптары бейнеленген суреттен тұратын пиктограммалар даярланды. Осы пиктограммалар бастырылып, компанияның өндірістік учаскелерінде тақталар мен плакаттарда ілінді.

«Өмір сақтаушылар» бағдарламасын іске асыру сонымен қатар компьютерді қосу кезінде шығатын КПО-ның электронды хабарламаларымен және жұмысқа қатысты қауіпті факторлары мен «Өмір сақтаушылар» бағдарламасының талаптарын жалпылай түсінуі мен танып-білуін тексеру мақсатында КПО-ның барлық қызметкерлері міндетті түрде өтетін электронды оқыту бағдарламасымен сүйемелденді.

2011 жылы жұмысқа рұқсаттардың сапасы мен тиімділігін арттыру және қауіп-қатерді бағалау процедуралары мен үдерістеріне талдау жасау мақсатында арнаулы жұмыс тобы құрылды.

Оған қоса, КПО мен мердігер ұйым қызметкерлерінің «Жұмыс орнында шаршау» бойынша оқыту бағдарламасы және ҚОҚ Күні сияқты денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласында хабардар болуын арттыру жолында көптеген бастамалар жүзеге асырылды.



Жабық кеңістіктегі жұмыс



Жер қазу ұмыстары




Электр қауіпсіздігі



Күкіртті сутек (H<sub>2</sub>S)



Жүк көтеру жұмыстары



Еңбекті қорғау



Көлік тасымалы



Биіктіктегі жұмыс

# ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК

## ЖИНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕНІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ


Стратегиялық мақсаты: басшылық тарапынан талдау мен бақылау жүргізудің тиімді әдістерін жүзеге асыру

Аудит және тексерістер бағдарламаларының тиімділігі мен мәнін арттыру мақсатында жалпы КПО бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аудиті мен тексерісін, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша басшылықтың нысандарды қарап өту бағдарламасын біріктіру және жетілдіруді көздейтін талдау жасалды. Бұл ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аудиті процедурасын, аудитке қойылатын талаптарды, нұсқаулықтар мен есеп беру үлгілерін талдауға негіз болды.

2010 жылы орын алған потенциалды қауіпті оқиғалардың және жұмыс уақытын жоғалту апаттарының нәтижесінде алынған сабақтар КПО мен мердігер ұйымның барлық қызметкерлеріне қауіпсіздік техникасы күніне орай шілде айында өткізілген шара барысында барлық бөлімдер арасында таратылған плакаттар сияқты қосымша материалдар көмегімен жеткізілді.

КПО-ның іс-әрекетінің өзекті аспектісі ретінде 2011 жылы КПО-да апатқа қарсы әрекет ету және төтенше жағдайға дайындық бойынша көптеген шаралар өткізіліп, жақсаруына қол жеткізілді.

III деңгейлі Кризисті жағдайларды басқару тобының және II деңгейлі Апаттық басқару тобының процедуралары КПО мен оператор компаниялардың Кризисті жағдайларды басқару тобы арасындағы өзара іс-әрекетінің бекітілген протоколын және өндіріспен байланысты және байланысты емес I, II және III деңгейлі оқиғаларды (оқиғалар деңгейлері сипаттамасы төменде берілген) үйлестіру мен қадағалаудың жетілдірілген вертикалды жүйесі қосылып қайта қарастырылды. Сонымен бірге жыл бойы шұғыл медициналық әрекет ету процедурасы, төтенше жағдай кезінде қызметкерлермен және олардың туыстарымен жұмыс істеу процедурасы және кризистік жағдай кезінде БАҚ-пен әрекет ету процедурасы қайта қарастырылып, жаңартылды.



**III деңгейлі оқиға:** салдарын жою үшін Апаттық басқару тобының ресурстары жеткіліксіз болатын және қосымша ресурстармен қамтамасыз етіп, қолдау көрсету мақсатында Кризисті жағдайларды басқару тобын жұмылдыруды қажет ететін немесе компания беделіне кері әсер тигізетіндей ықтимал оқиға.

**II деңгейлі оқиға:** Төтенше жағдайдың ауқымы нысан аймағымен шектелген, бірақ ведомстволық апаттық қызметін немесе өзге ұйымдардың ресурстарын қолдануды қажет ететін компаниядан тыс аумаққа таралуы қауіпті ықтимал оқиға.

**I деңгейлі оқиға:** салдары учаскеде немесе нысанда оқиға орнындағы апатты жою жұмыстарының жетекшісімен және/немесе оқиғаны басқару тобымен өздерінің ресурстарын қолдана отырып жойылатын оқиға.

Ақсай қаласы мектептерінің бірінде жол қауіпсіздігі науқанын өткізу



Өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша бірлескен семинар



Оқиғаның ықтимал ауқымын, компанияның даярлығын және апатқа қарсы әрекет етудің тиімділігін оперативті түрде бағалау үшін, сонымен қатар кризисті жайдайды басқару кезінде үздіксіз және тиімді жетекшілікпен қамтамасыз ету мақсатында Кризисті жағдайларды басқару тобы мен Апаттық басқару топ мүшелеріне кризисті жайдайлар мен оқиғаларды басқару бойынша оқыту курстары өткізілді. Кризисті жағдай кезінде ақпарат алмасу, әлеуметпен және зардап шеккендердің туыстарымен жұмыс жасау және төтенше жағдайдан кейін қызметкерлерге қолдау көрсету бойынша арнаулы курстар өткізілді.

Ықтимал апаттарды жою жоспарының аясында 2011 жылдың мамыр айында «Горизонт» атты ауқымды оқу-жаттығу шаралары өткізілді. Бұл шараның мақсаты – ұңғыманың атқылауына қарсы әрекет ету, КПО-ның нысандарының барлық деңгейлерінде ықтимал апаттарды жою процедуралары мен жоспарларының тиімділігін тексеру және көп адамның зардап шегуі, қоршаған ортаға, өндірістік қондырғыларға, тұрғындарға кері әсер ету, халықаралық ауқымдағы ықпал, беделді, мүлік жоғалту мен іс-әрекет жүргізу құқығынан айрылу сияқты ұзаққа созылған салдарлары бар ірі төтенше жағдайларға КПО ресурстарының қарсы әрекет етуге даярлық деңгейін анықтау. 2011 жылы I, II және III деңгейлі апаттық әрекет ету және оператор компаниялардың қатысуымен болатын кешенді оқыту шараларын қамтыған құрамдық және штабтық жаттығуларды өткізу жоспар-графикі даярланды.

## ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

Жол қозғалысы кезіндегі қауіп-қатерлерді азайту КПО үшін маңызды жоғары мәселелердің бірі. КПО өндіріс жұмыстарын қашық жерде жүргізгендіктен қызметкерлер мен мердігерлерге күн сайын жұмысқа бару үшін алыс қашықтықтарға жол жүруге тура келеді.

Компанияның көлік жүргізушілерінің көбінесе аса қатерлі ыңғайсыз жағдайларда қауіпсіз жүргізу қабілеттерін арттыру мақсатында соңғы жылдар арасында КПО-да бірнеше бастамалар жүзеге асырылып отыр. Олар арнайы қауіпсіз жүргізу курстарын және жүргізушінің қауіпсіз іс-әрекеті бағдарламасының комитетінің жүргізушінің қауіпсіз жүргізуді бақылау карточкаларын талдауын ұйымдастыруды, жылжымалы жол үсті патрулін қызметін іске қосу және компанияның барлық көліктерінде көлік ішіндегі бақылау жүйесін қондыруды қамтиды. 2011 жылы Ақсай қаласының

мектеп оқушыларының хабардар болуын арттыру бойынша науқандар өткізу арқылы жергілікті мектеп оқушылары арасында жол қауіпсіздігінің беталысы байқалды. 2011 жылы басталған Ақсай қаласының мектеп аулаларында қауіпсіз аймақтар салу 2012 жылға жоспарланған шаралардың бірі.

Компания үшін маңыздылығына байланысты жол қауіпсіздігі 2011 жылғы КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарына бөлек элемент ретінде қосылды. Сонымен қатар КПО-да 2012 жылы күшіне еніп, таратылатын жол қауіпсіздігінің ережелер жинағы дайындауды, көлік бөлімінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ процедураларын жаңарту, көлік құралының анық көрінуін жақсарту және бірнеше рет директорлардың өздерімен өткізілген жүргізушінің құжаттарын тексеру науқанын жүзеге асыруды қамтитын бірқатар шаралар іске асырылды. 2011 жылы орындалған өзге шараларға кен орнындағы аса қауіпті саналатын қозғалыс учаскелерін талдау мен қайта қарау және одан кейінгі автокөлік жолдары мен жаяу жүргіншілер өтпесін белгілеу, жылдамдықты шектеудің жасанды жол бөгеттерін, жол белгілерін және тақталарды орнату жатады. Сонымен қатар, қызметкерлерді тасымалдау маршруттары да өзгертілді. Шілде айында мердігерлердің қатысуымен өткен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша форумы барысында жол қауіпсіздігі ең қызу талқыланған тақырыптардың бірі боды.

КПО осы шаралар жол көлік оқиғалары жиілігінің (1 миллион адам-сағатқа немесе көліктің 1 миллион шақырым қашықтық жүріп өтуіне шаққандағы жол көлік оқиғаларының жиілігі) 2011 жылы 2010 жылғы 0.09 көрсеткішінен 0.03-ке дейін төмендегеніне ықпалын тигізді деп сенеді.

## 2012 ЖЫЛҒЫ ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ ЖОСПАРЫ

2011 жылы КПО 2011 жылғы жоспардың еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау аспектілерін қамтитын құрылымын сақтай отырып, 2012 бірыңғай ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарын әзірледі. Осындай құрылымды жоспар жасау әр бөлімнің өзінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарын құру қажеттігін жояды, бірақ бөлімнің күнделікті ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша іс-шаралар кестесін құруын жоққа шығармайды.

2011 жылы КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша саясатына сәйкестендіріп Қоршаған ортаны қорғау 2012 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарына алтыншы элемент ретінде қосылды. 2012 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары алты элементтің да одан әрі дамуы мен жақсаруына айрықша көңіл бөледі.

- 1 ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында жетекшілік дағдыларын дамыту,
- 2 ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымның қызметтерін басқару,
- 3 Қауіпті факторлар жөнінде хабардар болу және қауіп-қатерлерді басқару,
- 4 Жиналған тәжірибеге мониторинг пен талдау жасау,
- 5 Қауіпсіз көлік жүргізу және тасымалдау,
- 6 Қоршаған ортаны қорғау.

Бақылау мен есеп беруді қамтамасыз ету мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспары әр элемент үшін жоспар аясындағы шаралардың орындалуын үйлестірушінің көмегімен ілгерілетуге жауапты директордың бекітілуін қарастырып құрылды. Әр элемент бірнеше мақсаттардан тұрады. Мақсаттарға қол жеткізуге қажетті іс-шараларды сипаттау үшін бөлек тапсырма парағы даярланды. Аталмыш жоспардың мақсаттары оқиғалар мен аудиттердің қорытындыларын талдау, бұл саладағы сарапшы топтармен және жоғары басшылықпен кеңесу нәтижесінде айқындалды. Барлық іс-шаралар, оларды орындауға жауапты тұлғалар мен орындалу коэффициенті үйлестірушімен даярланып, сәйкесінше жауапты директормен бекітілді.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің элементтерін жақсартумен қатар жетілдірілген 2012 жылғы жоспар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жалпы көрсеткіштерді үнемі көтеруді қамтамасыз етуді міндеттейді.

## КОМПАНИЯДА ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ МӘДЕНИЕТІ

КПО компаниясы еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы стандарттарын көтеруді көздейтін бірқатар іс-шараларды іске асыруда. КПО мекемеде қауіпсіздік техникасы жөнінде хабардар болуды арттыру мен қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтау мәдениетін одан әрі жақсартуға зор ықыласпен қарап, күш салады. 2011 жылдың қараша айында КПО жұмыс барысында күнделікті ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерімен тап болатын тәжірибелі өндіріс қызметкерлері мен жетекшілері секілді КПО-ның түрлі бөлімдерінің өкілдерінің қатысуымен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ форумын өткізді. Бұл форумның мақсаты ақпарат алмасу, ой-пікірмен және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселерімен бөлісу үшін қызметкерлер мен КПО басшылығы арасында сенімді де тұрақты қарым-қатынас орнату болды. Бүгінгі таңда қолданылатын КПО-да ақпарат алмасудың негізгі механизмі ақпаратты жоғарыдан төмен тарату болса, осы сынды форумдар екі жақты ақпарат алмасуға жағдай туғызуға ықпал етеді.



Компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында іске асырылған іс-шаралардың тиімділігін бағалау және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін қабылдауын анықтау мақсатында компанияның барлық қызметкерлері арасында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ ахуалы жөнінде жабық пікіртерін сауалнамасы даярланды. Алғашқыда пікіртерін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ форумы, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша комитет жиналысы аясында сынақ түрінде өткізілді. Пікіртерін қорытындысы талданып, одан арғы жақсарту бойынша іс-шаралар жоспары құрылды.

КПО мен мердігер ұйымның қызметкерлерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетістіктері ішкі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жоғары көрсеткіштер үшін марапаттау процедурасы бойынша әр тоқсан және жыл сайын аталып өтеді. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жоғары көрсеткіштер үшін марапаттау процедурасы сәтті енгізіліп, компания бойынша бес жылға жуық қолданылып келеді. Бұл процедураның басты мақсаты – белсенді жетекшілікті, жаңашыл идеяларды, жағымсыз оқиғаларды бақылап, алдын-алуды және компания қызметкерлері мен мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласына адал қызмет етуінің айқын көріністерін мадақтау. КПО мен мердігер ұйым қызметкерлерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жоғары жетістіктері келесі 4 категория мен марапаттау критерийлері бойынша бағаланады:

- Үздік жеке бақылау мен алдын-алу;
- КПО қызметкерінің үздік ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жеке көрсеткіші;
- Мердігер және қосалқы мердігер ұйым қызметкерінің үздік ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жеке көрсеткіші;
- Жүргізуші кәсіпқойлығының үздік көрсеткіші.

2011 жылы техникалық байқау өткізу мен жоғары басшылықтың қорытынды бағалауының нәтижесінде Бас директор КПО мен түрлі ұйымдардың 21 қызметкерін әр алуан сыйлықтармен марапаттады.

# ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК



Қарашығанақ кен орнында апаттық жағдайда әрекет ету бойынша кешенді жаттығулар

## ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРДЫҢ ТҰТАСТЫҒЫН ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК

Қауіп-қатерлерді басқару КПО-ның маңызды іс-әрекеттерінің бірі болып табылады. Біз қатерді талдаудың жетілдірілген әдістерін қабылдап, Қарашығанақ кен орнында орналасқан КПО-ның барлық нысандарының қатерлерін азайту бойынша іс-шаралар анықтаймыз.

КПО Қазақстандық мұнай және газ операторлар қауымдастығында көшбасшылықты 2011 жылы да сақтап қалды. 2008 жылдан бері Төтенше жағдайлар министрлігінің бастамасымен бұл қауымдастықтың құрамындағы мұнай және газ секторының оператор компаниялары мұнай және газ саласындағы кездесетін өнеркәсіптік қауіпсіздікке байланысты мәселелерді ашық талқылап халықаралық озат практикаға негізделген шешімдер табу және қауіпті өндірістік нысандардағы қауіпсіздікті жақсарту мақсатында оларды Қазақстанда іске асыру үшін бас қосып келеді. Осылайша,

серіктестіктің басты бағыттарын іске асыруын алға жылжыту үшін қауымдастық біріккен өндірістік жобаны іске қосты. Бұл жоба аясында қауіп-қатерді ескере отырып тексеріс жүргізу, бағанааралық қысым, құбырдың тұтастығын қамтамасыз ету және жеке оқыту мен кәсіпқойлығын дамыту сияқты Қазақстан Республикасының заңнамасы мен стандарттары талаптарының ықпалында қалатын техникалық аспектілерге қатысты нұсқаулықтар жасап шығарылады.

Қазақстандық мұнай және газ операторлар қауымдастығы KAZENERGY қауымдастығының қазіргі кезде жұмыс істейтін мұнай-газ және энергетикалық кешенін дамыту бойынша Үйлестіруші кеңес жанындағы Техникалық комитет ретінде тағайындалуы даму болашағы ретінде қарастырылып отыр.

## ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

КПО-ның еңбекті қорғау бойынша іс-шаралары кәсіптік аурулардың алдын алуға, компания қызметкерлерінің денсаулығын жақсартуға және жедел медициналық көмек көрсетуге бағытталған. Аталмыш шаралар ҚР еңбек заңнамасы мен үздік халықаралық практикаға сәйкес жүзеге асырылады және үнемі қызметкерлердің денсаулығын, еңбек пен тұрмыс жағдайларын қадағалау, тиісті алдын алу шараларын ұйымдастыруды, кәсіби аурулар мен жарақатты анықтау және емдеуді қажет етеді.

Жедел медициналық көмек Қарашығанақ кен орнының нысандарында және әкімшілік қонақ үй кешенінде жұмыс істейтін төрт негізгі дәрігерлік пунктпен көрсетілетін лицензияланған іс-әрекет болып табылады. Төрт негізгі медициналық көмек көрсету орталығының қызметкерлері 22 дәрігерден, 16 фельдшерден және 22 жедел көмек көлік жүргізушілерінен, сондай-ақ аптаның жеті күні бойы 24 сағаттық кезекшілік ететін бір мобильді бригадadan жасақталған.

2011 жылы 19 медициналық қызметкер мемлекеттік медициналық институтымен ұйымдастырылған жедел медициналық көмек бойынша міндетті курсты тәмамдады. 2012 жылы КПО-ның 19 медициналық қызметкерлерінен тұратын тағы бір топ осы курстан өтеді деп күтіліп отыр. 22 жедел көмек көлік жүргізушісі медициналық бөлімнің көмекші қызметкерлеріне арналған және SOS халықаралық компаниясымен ұйымдастырылған алғаш медициналық көмек көрсету курсы аяқтады.

2011 жылы медициналық төтенше жағдайда әрекет ету жоспары қайта қаралып, бір-қатар жаттығулар өткізу арқылы іс жүзінде

тексерілді. Бұл КПО-ға төтенше жағдайда әрекет ету тиімділігін арттыру үшін жүйедегі кемшіліктерді анықтап, оларды жақсартуға көмектесті. Сонымен қатар, 2011 жылы әкімшілік қонақ үй кешенінде жаңа дәрігерлік пунктінің қайта құрылысы бойынша жұмыстар басталды. ҚӨК дәрігерлік пунктінің ауысым алды медициналық тексеріс өткізу үшін алғашқы медициналық көмек көрсету орны ретінде жұмыс істеуі жоспарланып отыр.

Кен орнында жұмыс істейтін лауазымды тұлға үшін Денсаулық қауіп-қатерлерін бағалау ауқымы кеңейтілді. Денсаулық қауіп-қатерлерін бағалау нәтижелеріне сәйкес денсаулықты бақылау қажеттілігі анықталып, тиісті денсаулық қатерлерін азайту бойынша шаралар өткізіледі. Түзету шараларының толықтай орындалуы КПО-ның Synergi желілік жүйесімен қадағаланып отырады.

Кен орнының барлық қызметкерлері міндетті алдын ала және мерзімдік жұмысқа жарамдылық бойынша медициналық тексеруден өтеді. Жүргізушілер сияқты кейбір топтағы қызметкерлер арнайы және ауысым алды медициналық тексерістен өтуге міндеттелген. КПО қызметкерлері аталған медициналық тексерулерден өтпесе немесе денсаулығына байланысты жұмысқа жарамсыз болып танылса, оларға жұмыс істеуге рұқсат берілмейді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес кен орнында жұмыс істейтін барлық қызметкерлердің сақтандырылған қызметкерлерге медициналық қызмет көрсететін лицензияланған медициналық компанияда денсаулығын тексеру мүмкіндігі қарастырылған. Міндетті тексеріске қоса нысандардағы жұмыстарға тартылмаған қызметкерлердің денсаулық жағдайын жан-жақты медициналық тексеруден өткізу бағдарламасы жүзеге асып келеді. Осы алдын алу шаралары қызметкерлердің ауру-сырқаттардың белгілерін бастапқы кезеңде анықтауға және жұмыста және үйде денсаулық сақтау жөнінде білімін арттыруға бағытталған.

Санитарлық және гигиеналық лабораториялар келесі жұмыстарды атқарады:

- 1 Міндетті санитарлық және гигиеналық бақылау, оның қатарына физикалық факторлардың (жарық, шу, дріл, электромагниттік өріс, электростатикалық өріс, микроклимат) және жұмыс орны ауасының өлшенуі (күкірттісутек, көміртек тотығы, азот диоксиді, меркаптандар, минералды майлар, бензол және т.б.) жатады.



- 2 Кен орнындағы және тұрғылықты қалашықтардағы қоғамдық тамақтану орындардың жағдайын санитарлық нормативтерге сәйкестігін тексеру.
- 3 Жұмыс орнын тексеру, эргономиканы бағалау.
- 4 Өнеркәсіптік гигиена және санитария мәселелері бойынша кеңес беру.

Өндірістік шудың басты өндірістік қауіпті фактор ретінде қарастырылу факты бірнеше жыл аралығында КПО-да есту қабілетін сақтау бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарламаның жетістіктері ретінде шу әсерін жан-жақты талдау (жеке шу дозиметриясын қоса), шу карталарын жасап шығару, "Buy Quiet" деп аталатын (шу деңгейін төмендетуге әсерін тигізетін құрал-жабдықты сатып алуға бағытталған) стратегияны енгізу, қауіп-қатер тобына жататын қызметкерлерді анықтау және олардың медициналық тексерістен өтуін қамтамасыз етуді атап өтуге болады. Қатер деңгейін төмендетудің қосымша шаралары ретінде жетілдірілген ескерту белгілері мен есту мүшелерін қорғау құралдарын қолдану, қызметкерлер мен жетекшілердің шу әсерінен көрендік жөнінде хабардар болуын арттыру ұсынылды.

2011 жылы 6 наурызда орын алған оқиға кезінде күкіртті сутекпен қатты улану нәтижесінде кәсіптік аурудың бір ғана фактысы тіркелді.

2011 жылы өндірістік емес жұмыс орындарын кеңседегі жұмыс кезіндегі эргономика талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында эргономикалық жағдайды бағалау бағдарламасы іске қосылды. Арнайы сауалнаманы толтыру арқылы қызметкер өзінің жұмыс орнының эргономика жағдайларына бағалану қажеттігін көрсете алады. Бұл бағалау шаралары 2012 жылы да өз жалғасын табады.

Кәсіби денсаулық және гигиена бөлімінің 2 қызметкері ҚР-ның «кәсіби аурулардың алдын алу және емдеуі» бойынша арнаулы курсы аяқтап, қазіргі кезде кәсіби медицина саласында қызмет жүргізуге рұқсат алды. Оларға дәрігерлік қызмет көрсету лицензиясына қосымшалар табыс етілді. Дәрігерлердің біреуі «Кәсіби медицина» мамандығы бойынша Ұлыбританияда оқудан өтіп, халықаралық дипломға ие болды.

Кәсіби денсаулық және гигиена бөлімі өндірістік учаскелердегі жұмыс орындарын аттестациялауға белсенді қатысады. 2011 жылы Эко-орталық, Үлкен Шаған, Атырау терминалы, Химиялық зертхана нысандары бағалаудан өтті. 2012 жылы ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3 және ҚӨК өндірістік нысандарын бағалау өткізілмек. Бұл бағалау КПО-ның

барлық жұмыс орындарын еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасына талаптарына сәйкестігін тексеру болып табылады. Жұмыс орындарын аттестациялау әр 5 жыл сайын немесе қажеттілігіне қарай (жабдық пен технологиялық үдерістің айтарлықтай өзгеріс орын алған жағдайда) одан жиі өткізіледі.

2011 жылы жүрек және қан тамыр ауруларын алдын алу бойынша денсаулық сақтау бағдарламасы дайындалды. Кен орнында жұмыс істейтін барлық қызметкерлердің медициналық карталары зерттеліп, жүрек және қан тамыр ауруларына шалдығудың орташа қауіп-қатері бар адамдар анықталды. Өр қызметкерге ем әсерін анықтау мақсатында денсаулық жағдайының мезгілдік тексерісін қамтитын денсаулықты жақсартудың жеке жоспары беріледі.

### ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

КПО-ның қызметкерлері мен нысандарының қауіпсіздігі қауіпсіз және үйлесімді жұмыс жағдайын қамтамасыз етуде зор рөл атқарады. Компания қызметкерлерді заңға қайшы әрекеттерге, лайықсыз тәртіп және өз-өзін әдепсіз ұстау сияқты жағдайларға зейін салып, осындай әрекет/қылықтарды жасыруға көңіл бөлуге шақыратын саясатын ұстануды жалғастыруда.

КПО-ның қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нұсқаулығымен қатар КПО-ның қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жақсарту мен техникалық шараларды орындау жоспарлары қайта қаралды. Кейін кен орына кіру рұқсатын бақылаудың электрондық жүйесіне енгізілетін КПО мен мердігерлер үшін жаңа рұқсаттама (бейдж) жүйесі секілді шаралардың кейбіреулері іске асырылуда. Сондай-ақ, КПО алдағы уақытта күзет қызметінің бейнеқадағалау жүйесін енгізу және қоршауларды жақсартудан тұратын басқа да шараларды орындауды жоспарлап отыр.

КПО магистралды құбырға іргелес ауыл аймақтарының тұрғындарымен біріге отырып қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді араласуды жалғастырып отыр. Екі жыл бойы құбырларға заңсыз қосылулардың болмауы - заңға қайшы әрекеттерді бодырмаудағы ауыл тұрғындарын жұмылдырудың тиімділігінің айқын дәлелі. Ауыл тұрғындарымен біріге отырып орындалатын шаралардың толық сипаттамасы «Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас» бөлімінде берілген.

Биыл кен орнында жерге тұйықтау шиналарының мыс сымдарын ұрлау фактілері жиіленгені байқалды. КПО ұрлау әрекеті кезінде қолға түскен КПО немесе мердігер ұйым қызметкерлеріне қатысты

қатаң саясат ұстанады. Ұрлық үстінде ұсталған КПО не мердігер қызметкері болуына қарамастан келісімшарты тоқтатылып, жұмыстан босатылады және қылмыстық жауапкерлікке тартылады.

Бүгінгі таңда әлемдік терроризм бүкіл ғаламда белең алып отырған мәселе. Сондықтан КПО-ның күдік тудыратын жағдай туралы ақпарат білетін әр қызметкері оны дереу өзінің тікелей жетекшісіне, компанияның қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөліміне не күзет мекемесінің өкілдеріне хабарлау қажет.

КПО-ның қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімінің қызметкерлеріне үздіксіз білімін арттыру мен кәсіби біліктілігін көтеруге бағытталған арнаулы оқыту курстарына қатысу мүмкіндігі беріледі. Бұл курстарға құбыр қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіздік қызметін басқару және NEBOSH бағдарламасының сертификаты мен дипломы жатады. 2011 жылы құбыр бойындағы учаскелердің жұмыс жетекшілері қашық орналасқан учаскелердің қызметкерлері үшін алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша арнаулы курстан өтті.

КПО-ға күзет қызметімен қамтамасыз ететін Group 4 Securicor Қазақстан компаниясы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетістіктер үшін марапаттау аясында қауіпсіздікті қамтамасыз етуде алдын алу тәсілін қолдана отырып жоғары көрсеткіштерді сақтап қалуға қосқан үлесі үшін құрметке ие болды. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы айрықша жетістіктерді, жаңашыл және тиімді бастамаларды атап өту үшін өткізілетін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жоғары көрсеткіштер үшін марапаттау шарасы жұмыс жағдайларының қауіпсіздігін жақсартуда және КПО-ның қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау мәдениетін көтеруде пайдасы мол екендігін дәлелдеді.

### ҚҰБЫРЛАРҒА ЗАҢСЫЗ ҚОСЫЛУЛАР

Соңғы бірнеше жыл ішінде осындай оқиғалардың саны азайды және 2011 жылы ешқандай заңсыз қосылу жайттары тіркелмеді. КПО сақ болудан таянбайды және заңсыз қосылуға қарсы дабыл жүйесі, заманауи бақылау-тексеру технологиялары мен жылдам әрекет ету мүмкіндіктері арқылы заңсыз қосылуларды алдын алу, анықтау және тез жөндеу қабілеттілігін жақсартуды жалғастырып келеді. Бұл шаралар жиынтығы жергілікті тұрғындардың денсаулығы, қоршаған орта мен компания жабдықтарының толық қауіпсіздікте болуына кепілдік болады.

# ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ

Техникалық тұрғыдан күрделі Қарашығанақ кен орнында ҚОҚ саласында жақсы көрсеткіштерге жету үшін үздіксіз жұмыс атқару қажет. КПО аймақтағы қоршаған ортаны қорғау және климат өзгерісіне қарсы бүкіләлемдік іс-шараларға өз үлесін қосу мақсатында әлемдік дәрежеге сай техника мен инновациялық технологияларды қолданады.



Жылжымайтын экологиялық бақылау станциясы

Қарашығанақтағы ауа, топырақ, су, биотүрлілік және экокүйелерді қорғау экологиялық бағдарламасының негізгі мақсаты болып табылады. Қоршаған ортаға әсер ететін мәселелер кез келген жаңа жобаның ең бастапқы кезеңдерінде қоршаған ортаға әсерлерді бағалау және бірнеше мониторинг бағдарламалары арқылы айқындалады. Ағымдағы өндірістік операцияларды бақылау бағдарламалары, алдын алу және азайту шаралары Қазақстан заңына және біздің еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесіндегі (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі) жауаптыларға қойылатын талаптарға және процедураларға сәйкес жүргізілуде. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі өндірістік озық практикасына және халықаралық ИСО 14001 стандарт талаптарына сәйкес әзірленген болатын. ҚОҚ басқару жүйесі халықаралық ИСО 14001 стандарт талаптарына лайықтылығын тексеру үшін 2011 жылдың тамыз айында КПО-да қайта сертификациялау аудиті сәтті өткізілді.

КПО Қарашығанақ кен орнының операторы есебінде 1997 жылы жұмысқа кіріскен және сол жылдан бастап 214 миллион АҚШ долларынан астам қаржыны арнайы қоршаған ортаны қорғау шараларына жұмсады. Осы шаралар кен орнының экологиялық көрсеткіштерді жақсартуға арналған.

## АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР

Соңғы жылдар бойы көмірсутектерді өндіру жұмыстарымен байланысты атмосфераны ластайтын шығарындылар көлемін азайту мақсатында КПО бірнеше инновациялық техникалық әдістемелер мен технологияларды жетілдірді және енгізді. Соңғы үш жылдың ішінде атмосфераға тасталатын шығарындылардың жалпы көлемі 1-кестеде көрсетілгендей 20 пайызға қысқарды.

1-кесте. Атмосфераға тасталатын ластаушы заттар көлемінің өзгеру динамикасы

Келесі атмосфераға тасталатын ластаушы заттардың жылдық көлемі, тонна көрсеткішінде:	2009	2010	2011
Азот оксиді	1 638,5	2 205,3	1 803,0
Көміртек оксиді	3 316,5	2 965,3	1 199,3
Күкірт диоксиді	3 635,9	3 376,4	3 635,3
Күкіртті сутек	56,3	56,2	27,4
Тағы басқа	1 942,2	1 868,8	1 846,5

Ескерту: Өткен жылғы есептің шығарындылар бойынша мәліметтері қабылданған әдістемеге сәйкес қайта қарастырылды. Бұл әдістеме КПО өндірісін есепке ала отырып жасалды және оған нақтырақ мәліметтер енгізілді.


2009 – 2011 жылдар аралығында КПО атмосфераға тасталатын ластаушы заттарды қысқартуға арналған келесі шараларды сәтті аяқтады:

- Ұңғымаларды сынақтан өткізу барысында технологиялық қондырғылардың тест сепараторларын қолдану. Олар көмірсутектерді алауларда жағусыз ұңғымаларды сынақтан өткізуді қамтамасыз етеді;
- МТУ-400 қондырғысынан желдету газын қабылдау және сығу жабдығын орнату. 2011 жылы 47 мың тоннада астам (2010 жылы 22 мың тонна) аса күкіртті газ технологиялық процесске қайтарылды, ал бұрын бұл көлем алауларда жағылды.

Соңғы үш жылдың ішінде бір миллион тоннаға шығарылған көмірсутекке атмосфераға тасталатын шығарындылардың жалпы көрсеткіші 0,44-нен 0,33-ке қысқартылды (2-кесте). Шығарылған мұнайдың бірлігіне 2011 жылы 2010 жылғымен салыстырғанда шығарындылардың төмендеуі 2011 жылы ұңғыма операциялар жұмыстарының азаюына байланысты болды.

## 2-кесте. Көмірсутектер және атмосфераға шығарылатын ластанушы заттар көлемі

2009-2011 ж.ж. көмірсутектерді өндіру және ластанушы заттар шығарындыларының көлемі



### ГАЗДЫ АЛАУ ҚОҢДЫРҒЫЛАРЫҢДА ЖАҒУ

Алдағы уақыттарда шығарындылар көлемін қысқарту КПО міндеттемесінің маңызды бір бөлігі, бұл көмірсутек шығаруын ұлғайта отырып газды алауда жағып жіберуді қысқарту. 2011 жылы газды алауда жағып жіберу 2011 жылы КПО өндірген газдың жалпы көлемінің тек 0,08 пайызын (2010 жылы 0,13 пайыз) құрағанына қарамастан, КПО өндірістік кешеннің сенімділігінің жоғары деңгейін ұстап тұрудың және шығарындыларды қысқартудың қосымша технологияларын енгізудің, әсіресе ұңғымаларды сынау және тазарту саласында жаңа жолдарын іздеуді жалғастырады.


Алауда жағып жіберілген газдың көлемі 2010 жылғымен салыстырғанда (2010 жылы 20,03 млн. текше метр, 2011 жылы 14,20 млн. текше метр) шамамен 29 пайызға азайды (3-кестені қараңыз).

2010 жылғымен салыстырғанда алауда жағылған сұйық көмірсутектердің көлемі (2010 жылы 13 608 тоннаға қарағанда 2011 жылы 7 044 тонна) шамамен 48 пайызға азайды.

2011 жылы КПО компаниясы ұңғымаларды тазарту кезінде жер қабатына сұйық көмірсутектерді қайтару бойынша жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін аяқтады. Аталған жобаны іске асыру 2012 жылғы бірінші тоқсанда басталады. Аталған бастаманы іске асыру нәтижесінде 2800 тонна сұйық көмірсутектерді жағуды азайту жоспарлануда, бұл 2011 жылы жағып жіберілген көмірсутектер жалпы көлемінің 40 пайызын құрайды.

Сондай-ақ КПО компаниясы ГҚДҚ-2 технологиялық үдеріске ГҚДҚ-2 нығыздалған газын қайтару бойынша жабдықты орнату мүмкіндігін зерделеуге кірісті. Аталған шараны іске асыру жағып жіберілген газдың көлемін жылына 1 млн. текше метрге қысқартуға мүмкіндік береді.

### 3-кесте. Газды жағу көлемі



# ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ

Жылжымалы экологиялық бақылау станциясы




## 2011 ЖЫЛҒЫ ГАЗДЫ ПАЙДАҒА АСЫРУ

2011 жылы КПО газды пайдаға асыру көрсеткіші 99,92 пайызға (2010 жылы 99,87 пайыз) қол жеткізді, бұл әлемдік дәрежедегі көрсеткіш болып табылады, себебі газды қайта пайдаға асыру бағдарламасы шеңберінде бақылаушы органдармен бекітілген мақсатты көрсеткіш 99,75 пайызды құрайды.

2011 жылы КПО 16 миллиард текше метрден (млрд. м<sup>3</sup>) сөл астам газ өндіріді, оның ішінде:

- 7,974 млрд. текше метр (47,28 пайыз) Орынбор газ өңдеу зауытына жөнелтілді;
- 8,129 млрд. м<sup>3</sup> (48,19 пайыз) жоғары қысымда шикі газды кері айдау инновациялық технологиясын қолдану арқылы жер қабатына қайтарылды;
- 0,750 млрд. м<sup>3</sup> (4,45 пайыз) технологиялық қондырғыларға арналған электр қуатын өндіру және жергілікті елді мекендер тұрғындарының мұқтаждықтарын толықтыру мақсатында көгілдір отын ретінде пайдаланылды;
- Тек 0,014 млрд. м<sup>3</sup> (0,08 пайыз) газ ғана алауда жағып жіберілген, бұл Қарашығанақты газды пайдаға асыру саласында Қазақстандық топбасшылары қатарына қосуға мүмкіндік берді.

Кесте. 2011 жылғы газды пайдаға асыру және жағу



## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА САПАСЫН БАҚЫЛАУ

ҚМГКК-да және кен орын периметрі бойынша орналасқан елді мекендерде атмосфералық ауа сапасын бақылау 2011-2013 жылдарға Қарашығанақ кеніне және экспорттық конденсат құбырына арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының негізінде өткізіледі. Бұл бағдарлама «ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Департаменті» және «ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Атырау облысы бойынша Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Департаменті» бас басқармаларымен, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бекітілген Экологиялық кодекстің 14-тарау талаптарына және ӨБТК сәйкес заңнаманы қолдануға Мердігердің құқығын сақтаумен әзірленген болатын.

Бұдан басқа Компанияда екі жылжымалы экологиялық бақылау станциясы бар, олар оперативті газдың иісіне шағым келіп түскен кезде елді мекендерде атмосфералық ауа сапасын бақылау үшін, сондай-ақ жағып жіберу және ұңғымаларды қышқылмен өңдеу кезінде жұмылдырылады. Аталмыш станциялар сондай-ақ іргелес елді мекендерге жақын желдің бағытын ескеріп, атмосфералық ауа сапасын алау бойынша бақылау үшін жұмылдырылады.

Кен орны периметрі бойынша үздіксіз режимде атмосфералық ауа сапасын бақылауды жүргізуге мүмкіндік беретін сегіз автоматты экологиялық бақылау станциясы орнатылған.

Екі қосымша экологиялық бақылау станциясы Березовка ауылында орнатылған. Олардың орналасу орындары Жайық-Каспий экология департаменті Батыс-Қазақстан облыстық филиалы, БҚО Бөрлі ауданы әкімдігі мен Батыс Қазақстан Гидрометеорология орталығы мемлекеттік кәсіпорын өкілдерімен бірлесіп Березовка ауылының тұрғындарымен белгіленген.

КПО-мен жүзеге асырылатын, атмосфералық ауа сапасын бақылау туралы, сондай-ақ төтенше жағдайларға дайындық бойынша іс-шаралар туралы толық ақпарат «Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас» бөлімінде берілген.

## ПАРНИКТІ ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АЗАЙТУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қазақстан Республикасының талаптарына және оның Киот хаттамасы бойынша міндеттемелеріне сәйкес КПО жаһандық жылынудың негізгі себебі болып танылған парникті газ шығарындыларын азайтуға өзіне ерікті міндеттеме алды.

Кәсіпорынның парникті газды азайту стратегиясы қиын іске асырылатын мақсаттың қойылуымен әзірленген болатын, яғни бес жыл ішінде CO<sub>2</sub>-ні бір миллион тоннаға қысқартуға қол жеткізу. Аталған мақсатқа 2011 жылы қол жеткізілді.

Жоғары басшылықпен бекітілген стратегия төмендегілерге бағытталған:

- технологиялық үдерістерді оңтайландыру саласында іс-шараларды жетілдіру;
- озық әдістемелерді қолдану;
- өтімділігі жоғары жобаларды іске асыруға басымдық бере, мақсатты капитал салымы;
- қоршаған ортаның жағдайын маңызды зерттеулерін жүргізу және деректерді тексеру үдерісін ресімдеу.

Компания жыл сайын кен орнында өндірістік қызмет нәтижесінде құрылған құрушы компанияларда (көміртек диоксиді эквивалентінде) қабылданған әдіс бойынша парникті газ шығарындыларын есептеуді жүргізеді. 2011 жылғы 12 айда парникті газшығарындыларының жалпы көлемі CO<sub>2</sub>-эквиваленті 2,163 миллион тоннаны құрады.

Парникті газдардың жалпы көлемі (CO <sub>2</sub> -эквиваленті, тоннамен)					
Жағып жіберілгені	Көгілдір отын ретінде қолданылғаны	Басқа мақсаттарға қолданылғаны	Жалпы көлемі, 2011	Жалпы көлемі, 2010	Жалпы көлемі, 2009
100 978	1 451 927	610 770	2 163 675	1 961 614	2 042 837

2010 жылмен салыстырғанда парникті газ үлес салмағының 10 пайызға ұлғаюы негізгі көздерде отын шығынының едәуір ұлғаюымен түсіндіріледі, әсіресе:

- Газтурбиналық қондырғыда отынды жағып жіберу көлемінің 24 пайызға ұлғаюына әкелген газды қайта айдау көлемінің 26 пайызға ұлғаюы;
- Газтурбиналық электр станциясында отынды жағып жіберу көлемінің жеті пайызға ұлғаюын туғызған 4-технологиялық желінің қосымша қуаттарын енгізумен электр энергиясын тұтынудың ұлғаюы.

ГҚДҚ-2 Газтурбиналық қондырғы мен газтурбиналық электр станциясында парникті газ жалпы көлемінің 70 пайызына дейін түзілетінін атап өткен жөн.

Компания 2011 жылы 2008 және 2012 жылдар аралығындағы CO<sub>2</sub>-ні бір миллион тоннаға дейін қысқарту бойынша парникті газ шығарындыларын басқару және міндеттемелерді орындау жөніндегі стратегияны іске асыру жұмысты жалғастырды. Мысалы, 2011 жылы парникті газ шығарындыларын тұрақты қысқартуды қамтамасыз ететін жаңа және бұрын басталған жобаларды жүзеге асыру арқылы компания 2011 жылы алға қойылған мақсатты 23 пайызға шын мәнісінде артық орындады.

Парникті газ шығарындыларын қысқартуларының барлық көлемдері жыл сайын тәуелсіз ұйымның тексеруінен өтеді. 2011 жылы тексеру нәтижелері расталды, яғни компаниямен іске асырылатын, парникті газ шығарындыларының көлемін азайту мақсатында жаңа шаралар 57 621 тоннаға шығарындылардың көлемін қысқартудың базалық деңгейін белгілеп, салыстыру бойынша қол жеткізуге мүмкіндік берді.

2011 жылы парникті газ шығарындылары шығарылған көмірсутектің бір мың тоннасына шаққандағы CO<sub>2</sub>-эквивалентінің 83,5 тоннасын құрады (төменде келтірілген кестені қараңыз). Соңғы төрт жыл ішінде шығарылған көмірсутектің бір мың тоннасына шаққандағы парникті газ шығарындыларының көлемі бірте-бірте азаюы байқалады, бұл өндірістік нысандардың парникті газ шығарындылары бойынша жалпы көрсеткіштерін үнемі жақсартатынын растайды



Кончубай балкасындағы гидротехникалық құрылыс

Кесте. Шығарылған көмірсутектердің бір мың тоннасына шаққандағы CO<sub>2</sub>-эквивалентіндегі парникті газ шығарындылары, тоннамен көрсетілген



2011 жылдың қазан айында КПО Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орны өндірістік қондырғыларымен пайдаланылатын қуат көзі шығынын есептеуге PI Energy компаниясын тартқан болатын. Қуат көзін пайдалану тексеру аудиты барысында КПО-ға кен орнынның энергетикалық шығындарын болашақта азайтуға мүмкіндік беретін қондырғыларды түрлендірудің жаңа мүмкіндіктері белгіленген.

### Бастапқы көздерден қуатты тұтыну

Бастапқы көздерден қуатты тұтыну, 10 <sup>15</sup> Дж	2009	2010	2011
Жаңартуға келмейтін көздер, алдымен табиғи газ	5,29	5,47	6,24


Ескерту: өткен жылдары бастапқы көздерден қуатты тұтыну көрсеткіштері деректерді есептеуде анықталған қателерге байланысты түзетілген болатын.

### СУ ҚОРЛАРЫ

Су қорларын қорғау және оларды ұтымды қолдану барлық адамзаттың алдында тұрған маңызды және басым міндет, себебі су бағалы өнеркәсіптік шикізат қана емес, ол бұдан да маңызды, тіршілік көзі болып табылады. КПО су қорларын сақтау бойынша шараларды қолдану жолымен кәсіпорында тұщы суды пайдалануды оңтайландыруға, мүмкін болған жағдайда өңделген суды қайтадан қолдануға тырысады.

2011 жылы КПО-ның өндірістік нысандарында су тұтынуды және суды ағызып жіберуді басқарудың ішкі процедурасы жаңартылды, бұл кен орында су қорларын ұтымды қолдануға байланысты мәселелерді тиімді жүргізуге, сондай-ақ белгіленген нормативтерге және су пайдалану режиміне сәйкес келуіне мүмкіндік береді.

### Су тұтыну



Судың жер үсті және жер асты көздерінің сапасын тексеруге бағытталған тұрақты бақылау жұмыстары жүргізіледі, су ағысы қозғалысы, ластайтын заттардың ықтимал жылжулары тексеріледі және құжаттандырылады, сондай-ақ қолданыстағы санитарлық және гигиеналық талаптар сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

# ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ

Кесте: 2011 жылғы су қорлары

м³	Жарсуат су тоғаны	Кончубай сайының су тоғаны	Серебряковский (Үлкен Шаған) су тоғаны	Қиғаш (Атырау Терминалы) су тоғаны	2011 жылғы жалпы көлем	2010 жылғы жалпы көлем	2009 жылғы жалпы көлем
Әрбір көз бойынша су тұтынудың жалпы көлемі					527 062	539 121	527 076
Техникалық су	0	390 912	226	1 284	392 422	354 189	334 317
Ауыз су	132 446	0	1 339	855	134 640	184 932	192 759

Қайтадан қолданылған судың көлемі	2011		2010		2009	
	м³	%*	м³	%*	м³	%*
	142 889	36	40 093	22	42 762	22

\* Кен орын техникалық мұқтаждықтарына алынған су көлемінің пайызы.

Кесте: 2011 жылғы ағынды суларды ағызу

Ағынды суларды ағызу нысандары	ҚМГКК жинақтаушы тоғандарына ағызылған тазартылған ағынды сулар	Атырау жинақтаушы тоғандарына ағызылған тазартылған ағынды сулар	Дала жазықтығына ағызумен нөсер ағыны	2011 жылғы ағынды суларды ағызудың жалпы көлемі	2010 жылғы ағынды суларды ағызудың жалпы көлемі	2009 жылғы ағынды суларды ағызудың жалпы көлемі
м³	112 054	855	17 792	130 701	135 968	139 270

## ТЕХНИКАЛЫҚ СУ

Қарашығанақ кен орнында техникалық мұқтаждықтар үшін сумен жабдықтаудың негізгі көзі Кончубай сайындағы техникалық су тоғаны, одан КПО техникалық мұқтаждықтарына су алу көлемі 2011 жылы 390 912 м³ құрады, бұл ҚР-ның арнайы су пайдалануға және Кончубай сайындағы жерүсті суларын ағызуға, қолдануға Рұқсатымен белгіленген шектеуінің 74 пайызынан, яғни 2011 жылы су ағызу лимиті 528 280 м³ құрады.

Үлкен Шаған селосындағы мұнайды айдау станциясы мен Атырау терминалы нысандарының техникалық мұқтаждықтарына 2011 жылы су ағызу көлемі 1 510 м³ құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 44 пайызға төмен.

Тұщы су ағызу көлемін азайту мақсатында КПО қажетті күш салуда және техникалық мұқтаждықтарға тазартылған ағынды суларды қайта қолдануға тырысуда. Мысалы, компания 2011 жылы мына бағытта жұмысын жалғастырды:

**1** Іске асырылған іс-шаралардың нәтижесінде ұңғыма операциялары кезінде бұрғылау ерітінділерін дайындау, егілген

жас ағаштарды суару, шаңды басу және гидравликалық сынаулар үшін қайтадан пайдаланылған тазартылған ағынды су көлемі 2011 жылы 142 889 м³ құрады.

**2** Ағынды суларды тазарту сапасын жақсарту үшін «КПО-ның өндірістік нысандарында тұрмыстық және мұнай аралас ағынды суларды тазартатын құрылыстарды қайта салу» жобасының 2-сатысы бойынша жұмыстар жалғасуда.

Жұмыс жобаларына мемлекеттік сараптама қорытындылары алынды, жобалық шешімдерді іске асыру үшін қажетті жабдықты сатып алу жүргізілуде.

## АУЫЗ СУ

Қарашығанақ кен орнында ауыз сумен жабдықтаудың негізгі көзі Жарсуат су тоғаны болып табылады. Аталған сумен жабдықтау көзінен алынған ауыз су кен орны нысандарының шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждықтары үшін ғана пайдаланылады.

КПО бойынша шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждықтарға суды тұтыну көлемі 2011 жылы 134 640 м³ құрады, бұл көрсеткіш 2010 жылғы деңгеймен салыстырғанда 28

пайызға төмен. Мұндай төмен көрсеткішке компанияның суды ұтымды пайдалану бойынша қабылдаған шешімдері арқасында қол жеткізілді, олардың ішінде келесі іс-шаралар:

- суды ұтымды пайдалану;
- ҚР-ның бақылаушы органдарымен белгіленген және бекітілген суды пайдалану лимиттері мен режимдерін қадағалау, тексеру және сақтау;
- су шаруашылығы құрылыстары мен техникалық құрылғыларын жарамды күйде ұстау, ағып кету түрінде су жоғалтуға жол бермеу мақсатында суағарды және бекіткіш арматураны жоспарлы профилактикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- су қорларын пайдалану бойынша есеп беруді тіркеу және дер кезінде ұсыну.

2011 жылы КПО нысандарында жиналған қалдықтардың жалпы саны 2010 жылғымен салыстырғанда 6 пайызға азайды және 49 399 тонна құрады.




КПО Экоорталығы

## ҚАЛДЫҚТАРДЫ ПАЙДАҒА АСЫРУ

2011 жылы бұрғылау станоктарының санын бір данаға дейін қысқарту бұрғылаудың сұйық және қатты қалдықтарының азаюына әкелді.

2011 жылы қатты қалдықтардың көбеюі аумақты құрылыстық қалдықтардан тазартуға байланысты болды. 17 323 тонна құрылыстық қалдықтар қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында бұдан әрі орналастырылу іс-шаралары қосалқы мердігерлік ұйымға тапсырылған болатын.

### Пайда болған қалдықтар көлемі



Қалдықтардың негізгі көлемін өңдеу және пайдаға асыру Экоорталықта жүзеге асырылады. Экоорталық дүниежүзілік деңгейдегі кешен. Орталық қоршаған отаны қорғау талаптары ескеріліп бұрғылау ерітінділері мен шламды қайта өңдеу және көму жұмыстары жүргізіледі. КПО экоорталығына келесі нысандар кіреді:

- шламды термомеханикалық өңдеу қондырғысы, мұнда мұнай негізінде бұрғылау шламын қауіпсіз және тиімді өңдеу жүргізіледі
- мұнай негізіндегі бұрғылау ерітінділерін дайындау және өңдеу бойынша кешен болып табылатын бұрғылау ерітінділер зауыты;
- сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысы, мұнда мұнай өнімдерінен ластанған суды тазарту, ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу кезінде тұздықты қайта қолдану үшін оны қайта өңдеу, сондай-ақ ұңғымаларды жоғарғы аралықта ұңғылау кезінде қолданылатын су негізіндегі бұрғылау ерітінділерін өңдеу; ағынды суларды ағызу үшін арнайы көзделген ұңғымаларға айдау үшін КПК ағынды суларының коллекторына суды тазарту және жіберу жүргізіледі;
- айналмалы пеш, мұнда топырақты және бұрғылау шламы болып табылмайтын мұнай өнімдерімен ластанған материалдарды өңдеу жүргізіледі
- 2011 жылғы желтоқсанда пайдалануға берілген қалдықтарды көмуге арналған жаңа полигон;

- 2012 жылдың II тоқсанында пайдалануға берілу мерзімімен жалпы мақсаттағы жаңа пеш;

- қалдықтарды іріктеу қондырғысы. Жобалау, орнату және пайдалануға беру жұмыстары жалғасуда. Жұмыстардың жоспарланған аяқталу мерзімі – 2012 жыл.

КПО қазіргі уақытта мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің 65 пайызынан тұратын қымбат базальқ майды қалпына келтіру және қайта қолдану, сондай-ақ қалдықтарды уақытша сақтау полигонында орналасқан қатты қалдықтардың қауіпті қасиеттері мен көлемін азайтып, шламнан базальқ майды және суды бөліп алу мүмкіндігіне ие. 2011 жылы 12 297 тонна өңделген бұрғылау ерітіндісі мен тұз ерітіндісі 639,64 тонна базальқ май болып жұмыста бұдан әрі қалпына келтіріліп және қайта қолданылып өңделген болатын. Қалпына келтірілген базальқ май мұнай негізінде жаңа бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін қолданылған болатын.

Полигонда көмілетін тұрмыстық қалдықтардың көлемін 95 пайызға қысқартуға мүмкіндік беретін жалпы мақсаттағы пешті пайдалануға беру бойынша жұмыс өлі жүргізілуде.

Қайта өңделген өнеркәсіптік қалдықтар көмілетін аумақта салынған қалдықтарды көмуге арналған полигон экоорталықтың жанында орналасқан. Жаңа полигон өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ор-

# ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ

таны қорғау талаптары мен стандарттарына сәйкес жобаланған. 2011 жыл бойы жеті ұяшық пайдалануға берілді.

Қатты өнеркәсіптік қалдықтарды және қайта өңделген мұнай сұйықтықтарын уақытша сақтау алаңшасы («ескі полигон») экоорталықтан 10 километрге жуық қашықтықтағы кен орнының оңтүстік бөлігінде орналасқан. Аталмыш «ескі полигонның» төрт ұяшығындағы қалдықтар жаңа полигонға тасымалданатын болады. Дегенмен бұл қалдықтардың қауіптілік санатын растау мен талаптарға сәйкестілігін анықтау мақсатында лабораториялық зерт-

теулер жүргізілгеннен кейін ғана мүмкін болады. Артынан «ескі полигон» пайдаланудан шығарылып тасталады. Ұяшықтар қалдықтардан босатылғаннан кейін ғана қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

КПО 2012 жылы қалдықтарды іріктеу үшін жаңа қондырғыны салу бойынша жұмыстарды аяқтауды жоспарлап отыр. Қондырғының жабдығы және барлық ішкі жарағы жобалаудың қорытынды сатысында тұр. Қондырғының қаңқасы салынған, жобалау жұмыстарын аяқтау бойынша жабдықталуы керек. Аталған қондырғы полигонда көмілетін қалдықтардың жалпы

көлемін бұдан әрі өңдеу және қысқарту үшін тұрмыстық қалдықтарды ағымдарға бөлуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қайта өңделуге жоспарланған қалдықтар: пластик, әйнек, фольга, орама картон, ағаш және резина.

1-кестеде 2010 және 2009 жылдардағы деректермен салыстырғандағы 2011 жыл қорытындылары бойынша жиналған және орналасқан қалдықтар туралы деректер келтірілген. 2-кестеде Экоорталықтың 2011 жылы қалдықтарды өңдеу бойынша қондырғыларымен өңделген қалдықтардың жалпы көлемдері көрсетілген

1-кесте. Жиналған және орналасқан сұйық және қатты қалдықтардың көлемдері, тоннамен

Қалдық түрі	2011 орналасу тәсілі				2011 жылы жиналған	2010 жылы жиналған	2009 жылы жиналған
	Өңделген	Полигонда көмілген	Тәуелсіз мердігермен орналастырылған	Нысандарда сақталған			
<b>Қатты қалдықтар</b>	<b>294</b>	<b>21 303</b>	<b>553</b>	<b>6 556</b>	<b>28 707</b>	<b>19 777</b>	<b>38 919</b>
Оның ішінде:							
Термомеханикалық өңдеуден кейінгі қатты қалдықтар		1 336		3 390	4 726		
Термикалық өңдеуден кейінгі қатты қалдықтар		37		1 311	1 348		
Ұңғыма операциялары салдарынан жиналған қалдықтар		34		926	961		
Тұрмыстық қалдықтар		2 271			2 271		
Құрылыстық қалдықтар		17 323			17 323		
Өзге қалдықтар	294	302	553	929	2 078		
<b>Сұйық қалдықтар (ағынды сусыз)</b>	<b>19 667</b>	<b>0</b>	<b>142</b>	<b>882</b>	<b>20 692</b>	<b>32 820</b>	<b>30 351</b>
Оның ішінде:							
Су негізіндегі өңделген бұрғылау ерітіндісі				403	403		
Өңделген тұздық				94	94		
Бұрғылау ерітінділері зауытында және сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында өңделген бұрғылау ерітіндісі мен тұздық	12 297				12 297		
Өзге қалдықтар	7 370		142	385	7 898		
<b>Барлығы:</b>					<b>49 399</b>	<b>52 597</b>	<b>69 270</b>



## 2-кесте. Экоорталықта өңделген қалдықтар

Өңделген қалдықтар	Көлемі, тоннамен
Бұрғылау шламы (барлық бұрғылау станоктарында жиналған)	8 145,7
Бұрғылау ерітінділері зауытында және сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында өңделген және ұңғымаларды бұрғылау кезінде бұрғылау станоктарында қайта қолданылған өңделген бұрғылау ерітіндісі және тұздық	12 297
Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында өңделген сұйық бұрғылау қалдықтары	7 362,8
Қалдықтарды пайдаға асыру алдында мұнай өнімдерін алып тастау үшін айналмалы пеште өңдеуден өткен қайта өңделген қатты бұрғылау қалдықтары және өнеркәсіптік қалдықтар	1 154,4

Қазіргі кезде келесі жобалар жүзеге асыру сатысында тұр:

- «КПО шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардың шөгіндісін пайдаға асыру жолдарын іздестіру» ғылыми-зерттеу жұмысы 2011 жылы аяқталды. Жұмыс нәтижелері туралы есеп ұсынылған әдістің келісуге боларлық экономикалық бағалау мақсатында ішкі қарастыруда жатыр;
- ҚМГКК «ескі полигонының» ұяшықтарында тұрған қалдықтарды зерттеу. Оларды пайдаға асыру жоспарын әзірлеу.

Компанияның макулатураны жинау және өңдеу бойынша міндеттерін орындау мақсатында КПО-да 2010 жылы макулатураны бөліп жинау пилоттық жобасы сәтті басталды. Осы шараға қатысқан компаниялардың офистік ғимараттарында жобаны іске қосу сәтінен 22 820 кг қолданылған қағаз бен картон жиналды, соның нәтижесінде Ақсай қалалық қоқысына тасымалданатын қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі кемінде 22 тоннаға қысқарды. КПО 2012 жылдың бірінші тоқсанында картон-рубероид зауытына макулатураны вагонмен бірінші жеткізуді жүзеге асыру жоспарлануда.

Қағаз шығынын қысқартудан басқа, жоба сондай-ақ КПО қызметкерлеріне макулатураны бөліп жинауға мүмкіндік береді. КПО 2012 жылы компанияның барлық ғимараттарында аталған жобаны енгізуді, сондай-ақ қызметкерлерді қағаз жинауды дұрыс жүзеге асыру қажеттігі туралы хабарландыруды арттыру жөнінде іс-шараларды өткізуді жоспарлап отыр. Бұдан басқа мердігерлерге қағазды сұрыптау технологиясын үйрету жоспарланды.

## БИОЛОГИЯЛЫҚ ӨРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ЭКОЖҮЙЕЛЕР

Биологиялық өртүрлілікті сақтау мәселесі көптеген экономикалық, экологиялық және саяси бағдарламалардың ең маңызды тармақтарының бірі болып табылады. Халықаралық келісімдердің бірқатарына (Биологиялық өртүрлілік конвенциясы, Картаген хаттамасы) қол қойылғаннан кейін көптеген елдер биологиялық өртүрлілікті сақтау және қалпына келтіру бойынша арнаулы ғылыми зерттеулер жүргізуге кірісті, себебі оны сақтау экожүйенің тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге негізгі қадам болып табылады.

КПО-да бұл мәселеден тыс қалмады, себебі Қарашығанақ кен орнының аумағы Қазақстан Республикасының қызыл кітабына енгізілген түрлерімен қоса түрлі өсімдіктер мен жануарлардың мекендейтін орны болып табылады.

2010 жылы КПО компаниясы биологиялық өртүрлілікті сақтау турасында ғылыми зерттеулерді жүргізді. Осы жұмыстар көлеміне биологиялық өртүрліліктің бастапқы жағдайы мен кәсіпшілік және өндірістік қызметтің тигізген әсерін бағалау кіреді.

КПО 2011 жылы зерттеулер қорытындылары бойынша биологиялық өртүрлілікті сақтау бойынша әрекет ету жоспарының жобасын және биологиялық өртүрлілік стандартын (стратегия) дайындады.

Компанияның келесі қадамы жоғарыда айтылған стандарт пен жоспарды жүзеге асыру болады.

## АҒЫНДЫ СУДЫҢ ЖАЙЫЛУЫ

КПО-да 2011 жылы топырақтың ластануымен көмірсутектің екі рет шағын ағып кетуі және химреагенттің бір рет ағып кетуі тіркелген болатын. Көрсетілген ағып кетулердің бірде-біреуінің көлемі 15 литрден аспады. Жыл бойы орын алған басқа ағындылар екінші қорғаныс жүйелерінің ішінде болған және экологиялық зиян келтірмеген.

## ГРИФОНДЫ АЙМАҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Грифонды аймақтың бұзылған жерлерін биологиялық қалпына қайта келтіру бойынша жұмыстар 2011 жылдың қараша айында аяқталды. Қалпына келтірілген жерлердің жалпы ауданы 49,1 га құрады.

КПО 2012 жылы Грифонды аймақтың қалпына келтірілген жерлерін мемлекеттік меншікке беруді жүзеге асыруды жоспарлап отыр.




# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ

Қарашығанақ сияқты ауқымды кенді өндіру мен пайдаға асыру мұнай инженерінен және техниктерден бастап есепшілер мен материалдық және техникалық қамтамасыз ету мамандарынан тұратын мыңдаған білікті әрі өз жұмысына шын берілген мамандарды талап етеді. Біздің қызметкерлеріміз болашақ табысымыздың кілті. Сондықтан біз ұлттық жұмыс күшін дамытуға бірталай инвестиция бөліп, кәсіпорын бойынша серіктестеріміздің компания ішінде және танымал оқу орындарын жұмылдырып оқыту курстарын ұйымдастыру арқылы халықаралық тәжірибесін пайдаланып, зор үлес қосып келеміз.


2011 жылдың аяғында КПО-да қызмет істейтін қызметкерлер саны 3 920 адам, оның ішінде 3 673 қазақстандық қызметкер және 247 шетел мамандары болды. 2011 жыл барысында ГҚДҚ-2 материалдарды алмастыру және Орал газқұбыры құрылысы, 4-ші технологиялық желі сияқты ауқымды жобалардың аяқталуына байланысты шетелдік және жергілікті мамандар саны 200 адамға қысқарды, жобаны дамыту директоры мамандар саны азайды. Бірақ КПО жергілікті қызметкерлердің қысқаруына жол бермеді, көрсетілген жобалардағы 78 қызметкер компанияның басқа құрылымдық бөлімдеріне ауыстырылды. 2011 жылы техникалық өкілетті мекемелермен байланыс тиімділігін жақсарту мақсатында Лондондағы жобаларды дамыту директоры Қазақстанға ауыстырылды.

## КПО-НЫҢ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ



2011 жылы КПО-да 2 798 ер адам және 1 122 әйел адам жұмыс істеді. 2011 және өткен жылдардағы гендерлік белгілер бойынша салыстырмалы деректер төменде берілген.

## КПО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ГЕНДЕРЛІК БЕЛГІЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛІНУІ



2011 жылы  
сертификатталған  
менеджмент бағдарламасы  
оқу курстарын  
сәтті аяқтаған КПО  
қызметкерлері



## ЕҢБЕКАҚЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

КПО компаниясы 2011 жыл бойы жұмысқа қабылдау жүйесін жетілдіру, ұлттық қызметкерлерді ынталандыру және оларды жұмыс орнында қалдыру мақсатында еңбек ақысын төлеуді жақсартуға бағытталған шараларды жалғастырды.

КПО өз қызметкерлерінің еңбекақысын жыл сайын қайта қарастырады. 2011 жылғы еңбекақыны қайта қарастыру үдерісі төмендегілерді қамтыды:

- ең төменгі күнкөріс деңгейінің өсуіне байланысты 2011 жылдың 1 наурызынан 10 пайыз көлемінде өтемақы төлеу;
- еңбекақыны көтеру және жеке үстемелер;
- жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы (жұмыс орындау және дамуды бағалауға сәйкес айлық еңбекақының 80 – 160 пайыз көлемінде);
- компанияның негізгі құрылымындағы негізгі техникалық қызметкерлердің еңбекақысын нарықтық дәлдеу.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күнінің 20 жылдығына орай желтоқсан айында еңбекақының 100 пайыз көлемінде қосымша сыйақы төленді.

Қосымша жеңілдіктер әлеуметтік пакеттің құрамдас бөлігі болып табылады және қаржылық, қаржылық емес жеңілдіктерден тұрады. 2011 жылы жеңілдіктер келесіні қамтыды:

### Қаржылы жеңілдіктер:

- Жұмыс қорытындысы бойынша жыл сайынғы сыйақы төлеу (негізгі еңбекақының 100 пайызы);
- Денсаулықты қалпына келтіруге біржолғы көмек (негізгі еңбекақының 100 пайызы);
- ҚР мұнайгаз өндіріс қызметкерлері күніне сыйақы (негізгі еңбекақының 100 пайызы);
- Бала дүниеге келгенде берілетін біржолғы жәрдемақы;

- Қаза болған қызметкердің жанұясына материалдық көмек (12 айдың еңбекақысы және жерлеуге материалдық көмек);
- Қызметкердің отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайдағы материалдық көмек;
- КПО зейнеткері қаза болғанда берілетін материалдық көмек;
- КПО зейнеткерлеріне әлеуметтік көмек.

### Қаржылық емес жеңілдіктер:

- Қызметкерлер мен отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру;
- КПО қызметкерлерін оқытуға гранттар;
- Алдын – ала емдеу орындары мен шипажайларда КПО қызметкерлері мен отбасы мүшелерінің емделуі (жұбайы/балалары);
- Жұмыс орнына дейін және қайта келуге көлік, кен орнында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін тегін тамақ.

## ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

КПО жан – жақты оқыту және дамыту бағдарламасын ұсынады, оның мақсаттары келесідей:

- өз жұмыстарын тиімді атқару үшін қызметкерлер кәсіби біліктілік яғни білім, білік, дағдылар талаптарына сай екендігіне кепілдік беру;
- компанияда жауапкершілігі жоғары, маңызды қызмет атқару үшін мамандарды оқыту, маңызды лауазымдарға дарынды әрі еңбексүйгіш мамандарды тарту және бизнеске қолдау көрсету.

2011 жылы жергілікті мамандарға 198 130 сағаттан астам оқыту және жаттығу курстары өткізілді (орташа есеппен алғанда әрбір қызметкерге 18,1 сағат). Орташа есеппен, 2011 жылы оқыту және дамыту шараларына әрбір қызметкерге 877 АҚШ доллары жұмсалды.

Дәстүрлі дамыту әдістерін қолдану, бас компанияларда жұмыс істеуге жіберу және жаңа дағдылар мен мамандықтарды үйрену үшін әртүрлі оқу орталықтарында оқыту әдістерін қолданып, біз әрбір қызметкерімізге жеке оқыту және дамыту әдісін ұсынамыз.

Мұндай әдістер бизнестегі дамыту қажеттілігін үздіксіз жаңартылып тұратын бағалауды талап етеді, сонымен қатар қызметкерлердің компанияның әр саласындағы ерекше қажеттіліктеріне дамыту жоспарын жасауға мүмкіндік береді, әрі нәтижелерді жақсартады. Бұл оқыту және дамыту жоспарының жүзеге асырылуын және берілген қаржының дұрыс пайдалануын қатаң бақылауға, сонымен қатар қызметкерлердің біліктілік пен тиімділіктерін әділ бағалауға мүмкіндік береді. Компаниядағы кеңінен таралған оқыту әдісі – қызметкерлерді өз жұмысын атқаруға қажетті кәсіби біліктілікке үйрететін қысқа және ұзақ мерзімді оқу курстарын ұйымдастыру.

## БІЛІКТІЛІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

Қазіргі кезде дайындалып жатқан біліктілікті басқару жүйесі қызметкерді жалпы дамыту үдерісін басқаруға арналған. Бұл жүйенің КПО үшін артықшылықтары келесідей:

- қызметкердің біліктілік деңгейі белгіленген стандарттарға сай екендігіне кепілдік беру;
- қызметкерлерді оқыту және дамытуда ағымдағы және болашақ қажеттіліктерді нақты түсіну;
- біліктілікті басқару жүйесін дамыту үдерісіне қызметкерлер мен тікелей менеджерлерін толықтай тарту;
- оқыту мен дамытудағы қажеттілікті талдау және жұмыс тиімділігін бағалаудың сараланған әдісі.

# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Біліктілікті басқару жүйесінің тұрақты енгізілуі КПО-ға, оның қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасына келесідей нақты және ұзақ мерзімді пайда әкеледі:

- Өз жұмыстарын қауіпсіз, тиімді және келісілген түрде атқару үшін қызметкерлерді дағды, білім және практикалық тәжірибемен қамтамасыз ету;
- Еңбек өнімділігін және қызметкердің жұмысқа құштарлығын арттыру;
- Компания ішінде қызметкерлер дамуына қолдау көрсететін құралдар енгізу;
- Апаттық және сәтсіз жағдайлар жиілігі мен ауыртпалығын, және олардың пайда болу жиілігін азайту;
- Өндірістік көрсеткіштерді арттыру.

Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру бағдарламасы сараптамалық және басқарушылық қызметтерді атқаруға бейім білікті қызметкерлердің болуын талап етеді. Біліктілікті басқару жүйесінің енгізілуі КПО-ның оқыту мен дамыту құралын қолданудағы нақты қадамы болып табылады.

Техникалық емес қызметтерге қатысты біліктілік моделінен басқа, арнайы КПО үшін 138 техникалық стандарт дайындалды және осы стандарттарды қолдана білетін халықаралық біліктілік талаптарына сай мамандар дайындау мақсатында «ОРІТО мұнайгаз академиясының стандарттары бойынша біліктілікті бағалаушы» оқу

курсы жүргізілуде. Келесі екі жыл ішінде 13 000 астам бағалау жұмыстарын өткізу жоспарланып отыр (өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын қосқанда 22 600)

КПО өз біліктілікті басқару жүйесінің ОРІТО-мен аккредитациялауын күтуде, бұл іс оңтайлы шешілсе, біз әлемдегі он төртінші және Орталық Азиядағы мұнай газ компанияларының ішіндегі алғашқысы болып ОРІТО сертификатына қол жеткіземіз.

Біліктілікті басқару жүйесінің енгізілуіне орай КПО өзінің жергілікті қызметкерлеріне тұрақты түрде әлемдік деңгейде мойындалған ОРІТО стандарттарына сәйкес бағалаушы біліктілігі бойынша оқу курстарын жүргізіп отыр.

2011 жылы өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімінің 75 жергілікті қызметкері осы бағдарлама бойынша оқып, олардың 42 біліктілікті бағалау бойынша ОРІТО мұнайгаз академиясының сарапшыларынан халықаралық сертификат алды.

КПО-да қолданылатын тағы бір оқыту әдісі – қызметкерлерге халықаралық сертификатталған бағдарламалар бойынша білім алуға мүмкіндік беру.

КПО-ның жалпы стратегиясы халықаралық әдістеме мен технологияларды қолдануды енгізуге негізделген. Сондықтан қызметкерлер тек жаңа технологиялармен жұмыс жасау үшін немесе жаңа жабдықтарды пайдалануға қажетті дағдыларды үйреніп қана қоймай, өнеркәсіпте қажет болатын білімді халықаралық деңгейде алу керек. Бұл бағдарламалар өндіріске қатысты қажеттіліктерден басқа, адамның жеке дамуына, қызметкерді ынталандыруға және компанияда қалдыруға ықпал етеді.



2011 жылы сертификатталған менеджмент бағдарламасы оқу курстарын сәтті аяқтаған КПО қызметкерлері



КПО және Қазақстан Республикасының кәсіподақтар федерациясы арасындағы кездесу

### КПО ГРАНТЫН ТАҒАЙЫНДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2003 жылдан бастап КПО мұнай және газ өнеркәсібіне байланысты қазақстандық университеттерде оқуды таңдаған дарынды студенттерді қолдап келеді. Қазақстан университеттері бұл бағдарламаға шақырылады, ал арнайы құрылған КПО-ның ішкі комитеті өтініштерді қарастырады. 2011 жылы 15 студент 3 000 АҚШ доллары көлемінде КПО грантына ие болды. Бүгінгі таңда 145 студент КПО грантының иегері болды.

Сонымен қатар, КПО қызметкерлеріне және олардың балаларына білім деңгейін дамыту үшін грант беріледі. 2011 жылы 18 қызметкерге және 50 балаға жалпы сомасы 238 000 АҚШ долларын құраған грант берілді.

2002 жылдан, бағдарлама басталғаннан бері 113 қызметкер және 256 бала жалпы сомасы 1 058 976 АҚШ долларын құрайтын грантқа ие болған.

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ – ҚАТЫНАС

КПО қызметкерлердің өзара қарым-қатынасқа түсіп, жұмыс жағдайларын ортақ талқыға салу құқықтарын құрметтейді. КПО-да жұмыс істейтін қызметкерлер КПО мен кәсіподақтар арасында бекітілген ұжымдық шарт негізінде өз жұмысын іске асыратын екі кәсіподаққа мүше болып келеді. Ұжымдық шарт қызметкерлер мен кәсіподақтар талқыға салатын мәселелер аясын реттейді. Ұжымдық шартта компания қызметкерлеріне арналған әлеуметтік жеңілдіктер анықталады. Бұл жеңілдіктер «Еңбекақы және жеңілдіктер» бөлімінде айтылған.

Ұжымдық шарт кәсіподаққа мүше болу-болмауына қарамастан барлық КПО қызметкерлеріне қатысты. Ұжымдық шарттың ережесі мен шарттары жүйелі түрде екі жылда бір рет қайта қарастырылып отырады.

КПО әртүрлі ұлт пен мәдениет өкілдері жұмыс істейтін күрделі құрылымды компания болып табылады. Компанияның өз қызметін жүзеге асырудағы негізгі ұстанымдары, құндылықтары және тәртіп ережелері тәртіп кодексінде көрсетілген.

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

Қазақстан үшін Қарашығанақ кен орнының өсу маңыздылығы мұнай-газ өндіруден түскен табысқа кенелумен және салық салумен шектелмейді. Осы кен орнын игеруді әрі қарай табысты экономикалық дамыту ұзақ мерзімді тұрақты серіктестік қарым-қатынасты орнатуға жетелейді.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАТЫСЫМ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА

Қазақстандық қатысым туралы қабылданған заң саясатын назарға ала отырып, КПО осы саясатты ӨБТК-де белгіленген қағидалар ауқымында келісіп, бірегей методология жөніндегі жаңа саясат пен анықтаманы өзінің ішкі құжаттама мен есептерінде көрсетті.


Мердігер құқығын сақтай отырып, ӨБТК-ге сәйкес белгіленген заңды жергілікті қатысымды кеңейту және аумақтағы кәсіпорындарға қолайлы іскери орта құруда жаңа заң актілеріне мүмкіндігінше сәйкес болу мақсатында, 2011 жылы КПО тауарларды сатып алу, еңбек пен қызмет көрсетулердің жылдық, орта және ұзақ мерзімді бағдарламаларын шығарды. Осы бағдарламалар туралы ақпарат ҚР Мұнай және газ министрлігіне үнемі жіберіледі және КПО-ның сайтында көрсетілген.

2011 жылы қазақстандық қатысым бойынша есеп беру тиімділігін қамтамасыз ету үшін, КПО өз жабдықтаушыларына арналған есептеудің бірегей методологиясы бойынша оқыту ұйымдастыруды жалғастырды.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

КПО үшін жергілікті компаниялардың мұнай-газ өнеркәсібінде қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес келуі, олардың мүмкіншіліктері мен біліктіліктерін көтере отырып, ұдайы дамуын қолдаудың маңызы зор. Осы талаптарға сәйкес, КПО жергілікті жабдықтаушыларға олардың негізгі қызметкерлерін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ, қаржы және жобаларды басқару салаларында біліктілігін арттыру үшін халықаралық бағдарламалар ауқымында оқыту мен дамытуға белсенді түрде көмектеседі.

2011 жылы КПО тауарлармен қамтамасыз ету, еңбек және қызметтерді көрсету үшін 341 қазақстандық компаниямен құны 387 миллион АҚШ долларынан асатын келісімшарт жасады. 2011 жылы Қарашығанақ жобасындағы қазақстандық қатысым үлесі 38 пайызды құрады (төменде көрсетілгендей 268 миллион АҚШ долларды құрады).



Алдын ала біліктілікті бағалау мен маркетингтік зерттеу нәтижелерін жүйелі қолдану өлшемі жергілікті қатысымды дамыту туралы жобаларды анықтауда тиімді әдіс болып табылады. Бұл жабдықтаушыларды дамыту туралы жобалар, инфрақұрылым стратегиялық нысандарын инвестициялау, кәсіби дамыту бағдарламалары немесе қаржы нарықтарына кіру мүмкіндігі болуы мүмкін.

Компанияның жергілікті қатысымды дамыту бағдарламасын жүзеге асыра отырып, КПО Батыс Қазақстан облысы компаниялары үшін тауарлар өндірісі мен қызметтерді көрсетуді орналастыру жобасын іске асыруды бастады. Осы жоба мұнай-газ өнеркәсібінде ұзақ мерзімге қажетті жергілікті тауарлар өндірісі мен қызмет көрсетуді дамытуға бағытталған.

Жоба тауарлар мен қызмет көрсету бойынша КПО қажеттіліктерін, сондай-ақ отандық нарықты зерттеу нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Жергілікті өндірушілердің мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін анықтап, оларды әрі қарай дамытуда жобаның тигізер көмегі көп деп күтіледі. Түпкілікті мақсаты кезең-кезеңмен орындалатын жергілікті мақсатты өндірістің даму стратегиялық жоспарын әзірлеу болып табылады.



"Кешенді жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді шығару" бірлескен форумында

КПО қолдауымен аймақтың экономикасын дамытуға бағытталған тағы бір жоба, бұл - 2011 жылы маусымда алғашқы тасы қаланған Ақсай индустриалдық паркі. Осы жоба халықаралық инвесторлар мен Батыс Қазақстан облысына қызығушылықтары туған тараптарды жұмылдыру, олардың өз өнімдерін шығару мен қызметтерді көрсетуді жергілікті компаниялармен ынтымақтастықта жүргізуіне есептелген.

Аймақтық кәсіпорындар шағын жобалау қызмет көрсету мен материалды-техникалық қамтамасыз етуге негізделген, жобаның негізгі мақсаты алдыңғы қатардағы халықаралық компаниялардың озық технологияларын қазақстандық кәсіпорындарға тиімді түрде жеткізу және Ақсай өнеркәсіп секторының келешекте экономикалық өсуіне жағдай жасау болып табылады.

Шетелдік инвесторларға кешендік жабдықтар мен ең жоғары сапалы қызмет көрсетулерді пайдалануға бере отырып, жоба аймақтық бизнес-инфрақұрылымды дамытуды қолдауға бағытталған. 2011 жылы жобаға жұмылдырылған Батыс Қазақстан облысының бес кәсіпорны КПО қолдауымен ISO 14001 и OHSAS 18001 стандарттарын кешенді енгізуді табысты аяқтады.

2011 жылы мамырда Қазақстанның мұнай-газ энергетикалық кешенін ұйымдастру ассоциациясы «КАЗЭНЕРДЖИ» (KAZENERGY), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және Қазақстанда жұмыс жасайтын үш ірі мұнай-газ операторы - Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В., Норт Каспиан Оперейтинг Б.В.

және «Теңізшевройл» ЖШС мұнай-газ саласына қажетті тауарлар өндірісі мен қызметтерді көрсетудің ішкі нарығын дамытуды ұдайы қолдауды көрсету мен Қазақстан Республикасындағы ұлттық және шетелдік компаниялардың арасында іскери серіктестік қарым-қатынастарды қалыптастыруға ықпал ету мақсатында Астанада «Кешенді жабдықтар мен қосалқы бөлшектердің өндірісі» тақырыбында бірлескен форум ұйымдастырды.

Форумның негізгі мақсаты мұнай мен газ саласына қажетті кешенді жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді өндіретін отандық өндірістің дамуына үлес қосу, сонымен қатар шетелдік және қазақстандық компаниялар арасында серіктестік қарым-қатынастарды дамыту болса, оның басты тақырыптары отандық кешенді жабдықтар мен қосалқы бөлшектердің өндірісі мен Қазақстандық қатысымды дамыту және Қазақстан Республикасында бизнесті жүргізу мәселелері болды.

Форумға 40-қа жуық қазақстандық машина жасау және жобалау компаниялары мен 50-ге жуық шетелдік өндірушілер қатысты. Сонымен бірге, ҚР Мұнай және газ министрлігі, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрліктерінің өкілдері, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Атырау облыстары әкімдіктерінен өкілдер қатысты.

Форумға қатысушылар Қарашығанақ және басқа да қазақстандық мұнай және газ кен орындар бойынша баяндамалар жасады, қатысушыларды өздерінің жабдықтар

мен қосалқы бөлшектерді өндірудің келешектегі қысқа және орта мерзімдегі қажеттіліктерімен таныстырды.

Форумға қатысқан жабдықтаушы компанияларға жергілікті қатысым мен жабдықтардың техникалық сипаттамаларына алдын ала біліктілікті бағалау жасалған операторлардың талаптары туралы ақпараттар берілді.

## ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРДІ ДАМУ

КПО-ның экономикалық мұрасын қалыптастыруда шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру маңызды құрылымдық элемент, оның мақсаты жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыру және Қазақстанның еңбек ресурстарын инвестициялау болып табылады. Біз ӨБТК-де белгіленген міндеттерді орындадық және Қарашығанақ кен орнының келешегі түгелдей қазақстандық қызметкерлерден тұратын басқару тобымен жүргізілетін келесі 10 жылға жаңа жұмыс кезеңдерін де белгіледік.

КПО-ның шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру стратегиясы компанияның басты стратегиясымен тығыз байланысты. Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру бағдарламасы белгілеген міндеттерге жету мақсатында, бұл кезеңде әсіресе, басқару саласында ұйымдастыру мүмкіндіктері жақсаруда және жетілдірілуде, осы стратегия кәсіби

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

2011 жылы КПО-да қосымша 11 басқару лауазымы бойынша шетелдік қызметкерлер қазақстандық мамандармен ауыстырылды. 2011 жылдың соңында компанияның барлық әкімшілік қызметтері мен офис мамандары, орта звеноның техникалық және басқару қызметтерінің 95 пайызы, басқару қызметінің (менеджерлер) 69 пайызы қазақстандық қызметкерлермен ауыстырылды.

білім мен техникалық дағдыларды дамытуға ғана емес, басқаруда жалпы дайындық деңгейі мен әрбір нақты бір маманның жеке тәжірибесіне де сүйенеді. Қазақстандық мамандарды дамытудың айрықша маңыздылығын мойындай отырып, КПО айрықша қабілетті қазақстандық қызметкерлерді талап етілетін басқару қызметіне ауыстыруда өз әдісін әзірледі, олардың саны үнемі өсуде.

КПО-ның кадрлық саясатында шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру үдерісі шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен жай ғана ауыстыруды емес, алдымен тиімді жоспарлай отырып, қазақстандық қызметкерді кәсіби оқыту мен дамытуды көздейді. Бұл, бірінші кезекте, КПО-да барлық технологиялық операциялардың өте жоғары деңгейде және халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілетініне кепілдік береді. Бұл компанияның өндірістік мақсаттарының барынша жоғары сапалы деңгейде жүргізуіне көмектеседі. КПО басшылығы 1-категориядағы шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыруға ерекше назар аударады, және жоспарға сәйкес алдағы 2018 жылға дейін көрсеткішті 70 пайызға жеткізу міндетін ескере отырып, КПО қазақстандық қызметкерлерді қарқынды дамытуға негізделген бағдарлама енгізді. Бағдарлама олардың кәсіби мүмкіндіктерін белгілі бір уақыт аралығында алынған нәтижелеріне қойылған мақсаттар мен міндеттер негізінде айқындай отырып, әрі қарай дамыту мақсатында білікті мамандарды анықтауға бағытталған.


**Шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру бағдарламасы бойынша жаңа міндеттер келесідей:**

Категориясы	Сипаттамасы	2011	2018 жылға жоспар
1	Менеджерлер	69%	70%
2	Білікті техникалық қызметкерлер мен орта топтағы басқарушылар	95%	95%
3	Техникалық қызметкерлер	100%	100%
4	Әкімшілік және офистік қызметкерлер	100%	100%

1-диаграммада 2009 жылы шетелдік қызметкерлерді қазақстандық мамандармен ауыстыру бағдарламасын іске асыру негізінде шетелдік қызметкерлер санының кемуі көрсетілген:

## 1 - Диаграмма


■ Шетелдік қызметкерлер саны





2-диаграммада 2009-2011 жылдары КПО қазақстандық қызметкерлерінің шетелдік қызметкерлермен салыстырғандағы қатысым үлесі көрсетілген:

## 2 - Диаграмма



3-диаграммада шетел және қазақстан азаматтарын қоса алғанда, жасы мен жынысы бойынша бөлінген менеджерлердің жалпы саны көрсетілген.

## 3 - Диаграмма



## АЙМАҚТАҒЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕС

2011 жылы Орал газ құбырының құрылыс жобасы сәтті аяқталды. Осы газ құбырының іске қосылуы Орал және Ақсай қалалары сияқты ірі газ тұтынушыларына газ жеткізу мүмкіндігін кеңейте түсті, газ құбырының ескі автоматты газ тарату станциялары ауыстырылып, газбен қамтамасыз ететін жаңа құбырлар орнатылды. Бұл жоба осы кезге

дейін болмаған газ құбырымен БҚО-ның 100 000 астам бес аудан тұрғындарын алғашқы рет экологиялық таза отынмен қамтамасыз етті.

Бұл экономикалық әрі әлеуметтік саладағы маңызды оқиға, себебі Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер арасындағы ынтымақтастық нәтижесін ғана емес, сол сияқты аймақтың әрі қарай дамуына дәрменді ынталандыру болып табылады. Орал газ құбыры Қазақстанның ішкі нарығында газдың дамуына көмектесетін, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысы тұрғындарына қажетті энергия қорын жеткізу тарапынан әрі қарай өнеркәсіптік өсуін ынталандыратын маңызды әлеуметтік жоба болып табылады.

Құбыр құрылысы Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер, Қазақстан Республикасы мен Батыс Қазақстан облысы басшылығы арасында келісілді, кейін Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қатысуымен қол қойылған Ниет меморандумында көрсетілді.

Осының нәтижесінде, Қарашығанақта өндірілетін газ бөлігі, КПО шығаратын электр қуаты барлық аймақты тұрақты түрде энергиямен қамтамасыз ете отырып, жергілікті нарыққа жіберіледі.

Сонымен қатар газ ҚӨК генератор қондырғыларына электр қуатын өндіру және Батыс Қазақстан облысына кейінгі таратуға жіберіледі. ӨБТҚ-де электр қуатын өндіру үшін газ жеткізудің кейбір көлемі айтылғанмен, КПО жергілікті нарықтағы сұранысты қанағаттандыру үшін осы жеткізулердің мөлшерін кеңейтуге өз еркімен келісім берді және қазіргі таңда компания Батыс Қазақстан облысын электр қуатымен негізгі жабдықтаушылардың бірі болып табылады. 2011 жылы тазартылған газды жеткізудің жалпы мөлшері 130 895 млн. м<sup>3</sup> құрап отыр.

Электр қуаты өндірісіне келетін болсақ, 2011 жылы республиканың электр қуаты жүйесіне бағытталған КПО-ның генератор қондырғысы 378 202,4 мВт/с астам электр қуатын шығарды.

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

## ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ҚОЛДАУ

ӨБТК 5-қосымшасының талаптарына сәйкес, КПО компаниясы 1998-2009 жылдар аралығында Батыс Қазақстан әкімдігінің әлеуметтік дамытудағы басты бағыттарына сәйкес айқындалған әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға жыл сайын 10 миллион АҚШ долларын бөліп отырды. Бұл жобалар, негізінен, облыстың әкімшілік орталығы Орал қаласында жүзеге асырылды және мектеп, балабақша, аурухана, мәдениет және спорт кешендерін салуға бағытталды.

2009 жылы ҚР Үкіметі мен жобаларды басқару бойынша бірлескен комитет әлеуметтік жобалар мен инфрақұрылымды дамытуға қаржыландыру көлемін 10 миллион АҚШ долларынан 20 миллион АҚШ долларына екі есе ұлғайтты.

КПО компаниясы БҚО әкімдігі мен ББК бекіткен жобалар тізімін алады және жоба жұмыстарының жүргізілуін, келісім-

шарттардың жасалуын, жобаларды басқару, жұмыстардың орындалуын және нысандардың Қазақстан Республикасының меншігіне берілуін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік жобалар аясындағы барлық жұмыстар қазақстандық компаниялармен орындалады.

2011 жылы КПО Орал қаласында салынған қуаты 54 МВт газтурбиналық электр станциясынан жылу желісін тарту, Ақбұлақ-Ақсай су құбырының құрылысын, Ақсай қаласында 10-шағынаудан қазандығын жаңарту, Сырым ауданы Жымпиты аулында музыка мектебінің құрылысы мен Бөрлі ауданы Приурал аулында мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтады.

КПО 2011 жылы келесі жобалардың құрылыс жұмыстарын бастады: Орал қаласында Салтанат сарайы, Орал қаласы Самал көшесінде 1200 балаға арналған мектеп, Ақжайық ауданы Ақсуат ауыл мектебінің құрылысы, Теректі ауданы Көнекеткен ауыл мектебінің құрылысы, Бөрлі ауданы Жарсуат ауылындағы мектеп шеберханасын қайта құру, Ақжайық ауданы Сайқұдық ауыл мектебінің құрылысы, Теректі ауданы Ұшағаш ауыл мектебінің құрылысы және Бөрлі ауданы Успенровка ауыл мектебін қайта құру.

## 2011 жылы аяқталған инфрақұрылымдарды дамыту жобалары

Орал қаласындағы әлеуметтік жобалар*		
Құрылыс жұмыстары	Жоба сипаттамасы	2010–2011 жылдарға бөлінген бюджет (млн. АҚШ доллары)
54 МВт Орал газтурбиналық станциясынан жылу беру құбырларын тарту <i>Аяқталды</i>	Бұл жоба облыстың индустриалдық дамыту бағдарламасының аясында жүзеге асырылады. Жылу құбырлары Орал қаласының тұрғын үйлерін жылумен қамтамасыз етеді және жылу жүйесінің тоқтауын болдырмайды. Жоба ескі/қолданыстағы жылу құбырларының жылу беретін маусымда дұрыс әрі қауіпсіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін ескі жылу жүйелерін алмастыруды қамтиды.	13,3
Оралда Салтанат сарайының құрылысы <i>Жалғасуда</i>	Түрлі салтанатты кештерді өткізу мүмкіндігін жақсарту үшін қазіргі заманға лайық сәулет үлгілеріне, санитарлық және құрылыс талаптарына сай кешен салу жоспарланды. Салтанат сарайы Орал қаласы символдарының бірі болмақ.	8,3
Барлығы		21,6

\*Жобалар 2010 жылы басталған болатын

Берлі ауданындағы әлеуметтік жобалар		
Құрылыс жұмыстары	Жоба сипаттамасы	2010 жылға бөлінген бюджет (млн. АҚШ доллары)
Ақбұлақ-Ақсай су құбырының құрылысы <i>Аяқталды</i>	Ақсай қаласындағы тұрғын үйлерді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ұзындығы 42 км су құбыры салынады. Жоба аясында әрқайсысы 500 м3 екі су сыйымдылығын, ультракүлгін қондырғысы мен сорап станцияларын орнату жоспарланып отыр.	5,27
Ақсай қаласындағы 10-шағынаудан қазандығына күрделі жөндеу <i>Аяқталды</i>	Бұл жоба Ақсай 10-шағынауданын жылумен қамтамасыз етуді жақсартуға бағытталған.	1,17
Ақсай қаласы Советская көшесінің жолдарын жөндеу <i>Жалғасуда</i>	Бұл жоба Советская көшесіндегі тас жолды және жаяу адам жүретін жол бөлігін жақсартуды қамтиды.	1,4
Ақсай орталық қазандығын күрделі жөндеу <i>Жалғасуда</i>	Жоба Ақсай шағынаудандарын жылумен қамтамасыз етуді жақсартуға бағытталған. Жобаға жаңа қазандықты сатып алу мен орнату, қазандық ғимаратының ішін жөндеу жұмыстары кіреді.	1,06
Барлығы		8,9



КПО делегациясы күрделі жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін Приурал мектебінде

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

Орал қаласындағы әлеуметтік жобалар		
Құрылыс жұмыстары	Жоба сипаттамасы	2010 жылға бөлінген бюджет (млн. АҚШ доллары)
Орал қаласындағы теннис алаңы <i>Жалғасуда</i>	Теннис кешені үш жабық және екі ашық теннис алаңынан, 300 көрерменге арналған мінбеден тұратын екі қабатты ғимараттан тұрады.	6,0
Орал қаласында 1200 балаға арналған мектеп <i>Жалғасуда</i>	Үш қабатты мектеп ғимараты Орал қаласы Самал көшесінде салынады. Мектеп ғимараты 1200 оқушыны 48 сыныпта орналастыруға арналған, асхана, медпункт, мәжіліс залы, спортзал, шаруашылық-тұрмыстық блогы және кітапхананы қоса алғанда бес блоктан тұрады. Мектеп барлық қажетті нәрселермен және жиһазбен толық жабдықталады.	10,3
Орал қаласында 320 балаға арналған балабақша <i>Жалғасуда</i>	Балабақша 320 балаға арналған (16 топ) екі қабатты ғимарат, сонымен қатар, дәлізімен 16 алаң, ойын құрал-саймандары, дене шынықтырумен айналысатын алаң және балабақша жанындағы учаске. Балабақша барлық қажетті нәрселермен және жиһазбен толық жабдықталады.	3,7
Барлығы		20,0

Батыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік жобалар		
Құрылыс жұмыстары	Жоба сипаттамасы	2010 жылға бөлінген бюджет (млн. АҚШ доллары)
Ақсуат ауыл мектебі <i>Жалғасуда</i>	Мектеп Ақжайық ауданы Ақсуат ауылында 198 баланы орналастыруға арналған. Мектеп барлық қажетті нәрселермен және жиһаздармен толық жабдықталады.	2,9
Сайқұдық ауыл мектебі <i>Жалғасуда</i>	Мектеп Ақжайық ауданы Сайқұдық ауылында 198 баланы орналастыруға арналған. Мектеп барлық қажетті нәрселермен және жиһаздармен толық жабдықталады.	2,9
Көнекеткен ауыл мектебі <i>Жалғасуда</i>	Мектеп Теректі ауданы Көнекеткен ауылында 198 баланы орналастыруға арналған. Мектеп барлық қажетті нәрселермен және жиһаздармен толық жабдықталады.	2,9
Үшағаш ауыл мектебі <i>Жалғасуда</i>	Мектеп Қаратөбе ауданы Үшағаш ауылында 198 баланы орналастыруға арналған. Мектеп барлық қажетті нәрселермен және жиһаздармен толық жабдықталады.	2,65
Березов ауылын ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесі <i>Жалғасуда</i>	Жоба мақсаты – Бөрлі ауданы Березовка ауылы тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету.	2,0
Барлығы		13,35

Батыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік жобалар		
Құрылыс жұмыстары	Жоба сипаттамасы	2011 жылға бөлінген бюджет (млн. АҚШ доллары). 2012 жылдың бюджетінен алып пайдаланылды
Орал қаласының автокөлік жолдары <i>Жалғасуда</i>	1.5 км қала автокөлік жолдарын жөндеу.	1,3
Бисен ауылында отбасылық-дәрігерлік емхана <i>Жалғасуда</i>	Бөкей орда ауданы Бисен ауылында отбасылық-дәрігерлік емхана ауданнан алыс орналасқан ауыл тұрғындарына сапалы дәрігерлік қызметті жақсарту мақсатында салынуда.	1,0
Сарыөмір ауылына мәдени орталық <i>Жалғасуда</i>	Кешен Теректі ауданы Сарыөмір ауылында мәдени және мерекелік шараларды өткізуге арналады. Мәдени орталық барлық қажетті нәрселермен толық жабдықталады.	2,19
Жымпиты ауылына музыка мектебі <i>Аяқталды</i>	Сырым ауданы Жымпиты ауылында 35 балаға арналған музыка мектебі, ол музыкалық аспаптармен және арнаулы жабдықтармен толық жабдықталады.	0,56
Барлығы		5,05

Берлі ауданындағы әлеуметтік жобалар		
Қайта құру	Жоба сипаттамасы	2011 жылға бөлінген бюджет (млн. АҚШ доллары). 2012 жылдың бюджетінен алып пайдаланылды
Жарсуат ауылы мектеп шеберханасы <i>Жалғасуда</i>	Шеберхана жұмысы Жарсуат ауыл мектебіндегі оқушылардың ағаш ұсталық және ағаш өңдеу ісі сияқты техникалық негіздер мен дағдыларын дамытуды көздейді.	0,13
Приурал ауыл мектебі <i>Аяқталды</i>	Жоба мақсаты – Приурал ауылдық мектебінің ескі ғимаратына жөндеу жүргізу.	0,62
Успен ауыл мектебі <i>Жалғасуда</i>	Жоба мақсаты – Успен ауылдық мектебінің ескі ғимаратына жөндеу жүргізу.	0,50
Успен ауылын техникалық сумен қамтамасыз ету жүйесі <i>Жалғасуда</i>	Жоба Успен ауылын жер суландыруға және техникалық мақсаттарға арналған сумен тұрақты қамтамасыз етуді көздейді.	0,25
Барлығы		1,5

# ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

КПО өндірістік қызметі аймағына көршілес орналасқан барлық елді мекендегі жергілікті тұрғындармен жақсы қарым-қатынасты ұстану мен нығайтуды, сонымен қатар мемлекеттік биліктің жергілікті органдарына өз аумақтарын дамытуға қолдау көрсетуді міндетіне алады. Осыған байланысты, өндірістік қызметіміздің салдарынан пайда болатын зардаптарды болдырмауға, не мейлінше азайтуға, жұртшылық өкілдерімен тиімді әрекеттерді қолдау және сенімді қарым-қатынас орнату, сонымен қатар жергілікті тұрғындарға мейлінше жеңілдіктер тудыру мүмкіншілігін арттыру мақсатын көздейміз.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОЛ

Компанияның осы бағыттағы қызмет аясы КПО-ның әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаты мен стандарттары, сондай-ақ 2009 жылы Халықаралық қаржы одағы экономикалық қызметінің нормативтері негізінде қабылданған операциялық процедураларымен анықталады. Әлеуметтік дамыту саласындағы жұмысымыз жергілікті тұрғындардың барлық топтарының мүддесіне бағытталғанмен, КПО-ның технологиялық объектілеріне жақын орналасқан елді мекендерге ерекше көңіл бөлеміз. 2011 жылғы маусымда КПО өндірістік тәуекелдер және олардың жергілікті тұрғындар мен мемлекеттің мақсат-міндеттеріне сәйкестігін ескере отырып, өзінің өндірістік-экономикалық міндеттерін орындау мақсатында 2011 жылға арналған әлеуметтік жобаларын жүзеге асыру жоспарын дайындады. Компания осы жоспарды жүзеге асыру арқылы жақын жерлердегі жергілікті бірлестіктер мен ҚР орнықты даму бағдарламасының әлеуметтік-экономикалық аспектілеріне үлес қосуды көздейді.

## ЗЕРДЕЛІ СҰХБАТ ОРНАТУ

КПО-ның әлеуметтік саладағы қызметінің негізі консультация жүргізу болып табылады. Ол үшін, ресми кеңес беру органдарының (Консультациялық кеңес) жиналысы,

қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру және жергілікті билік органдарының өкілдері, мемлекеттік емес ұйымдар мен басқа да мүдделі тараптар өкілдерімен кездесулер өткізу сияқты түрлі механизмдер пайдаланылады.

Қарашығанақ кеніші төңірегінде орналасқан төрт ауылдық округте консультациялық кеңес қызмет етеді. Оларға кенішке жақын орналасқан сегіз елді мекен кіреді. Бұл кеңес беру органдары 2005 жылы өзара түсіністік меморандумына сәйкес құрылды. Консультациялық кеңес жұмысына жергілікті елді мекен тұрғындарының сенімді өкілдері, жергілікті басқару органдарының өкілдері және КПО мамандары қатысады. Консультациялық кеңес жүйелі түрде өткізіледі. Мәселелерді талқылау мен шешу қажеттілігі туындаған жағдайда және КПО-ның ағымдағы немесе жоспарлы қызметі туралы жергілікті жұртшылықты хабардар ету мақсатында да өткізіледі. Сондай-ақ, консультациялық кеңес осы елді мекендердегі КПО-ның әлеуметтік инвестицияларының артықшылығы мен бағытын анықтауға көмектеседі. Осындай сұхбат қандай да бір туындаған мәселені шешудің және КПО мен оған жақын орналасқан елді мекен тұрғындары үшін өзара тиімді мүмкіншіліктерін дамытуға көмектеседі.

2011 жылы консультациялық кеңес 16 рет өткізілді. Жиналыстарда жұртшылық өкілдері және КПО-ның тұрғындармен жұмыс секциясының өкілдері түрлі өзекті мәселелермен бірге, КПО ның қолдауымен жүзеге асырылмай әлеуметтік, білім беру, инфрақұрылым бағдармаларын талқылады.

## ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУ

КПО-ның ресми түрде бекітілген тұрғындар шағымын қарау процедурасы бар. Жақын маңдағы ауылдардың кез келген тұрғыны өзінің наразылығын КПО-ның тұрғындармен байланыс бөлімінің өкіліне ауызша шағымдану немесе жазбаша түрде арнаулы өтініш бланкісін толтырып, әр ауылда орнатылған шағымдар жәшігіне салу арқылы білдіре алады. Компания шағымды қарап, оны шешудің жолын ұсынады.

2010 жылы осы механизмнің тиімділігін арттыру мақсатында, осы процедура енгізілгеннен бергі тәжірибені ескере отырып, КПО өзінің тұрғындар шағымын қарау процедурасын толықтырды.

2010 жылдың желтоқсан айында жергілікті тұрғындармен өткізілген жиналыста

толықтырылған тұрғындар шағымын қарау процедурасы таныстырылды және процедура толық сипатталған кітапшалар үлестірілді.

2011 жылы КПО жаңартылған тұрғындар шағымын қарау процедурасына бірінші рет талдау жасады және көрсетілген механизм бойынша сегіз ресми шағым болғаны анықталды. Өтініштер инфрақұрылымның дамуы, тұрғындар денсаулығы, ақпарат алу мен қалдықтарды орналастыруға қатысты болды. Барлық өтініштер мен шағымдар талапкермен телефонмен сөйлесу арқылы немесе КПО-ның тұрғындармен байланыс бөлімі өкілінің жеке кездесуі арқылы қанағаттандырылды. Жақын маңдағы елді мекендерге жиі шығатын КПО-ның тұрғындармен байланыс бөлімі өкілінің тұрғындармен тікелей кездесуі - жергілікті тұрғындардың өтініштерін шешудің басты жолы.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРҒА ТИЕТІН ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРДІ БОЛДЫРМАУ

Қарашығанақ кеніші төңірегінде өнеркәсіптік кәсіпорындар мен тұрғын аймақ арасында буферлік аймақ ретінде пайдаланылатын санитарлық қорғау аймағы қарастырылған. Санитарлық қорғау аймағы тұрғындарды өндірістік қызметтен болуы мүмкін әсерден қорғайды.

2011 жылы КПО жаңа нормативтік талаптарға сәйкестендіру мақсатында, ӨБТК-не сәйкес заңнамада белгіленген құқықты сақтай отыра және 2010 жылдың соңында қабылданған санитарлық қорғау аймағының көлемі мен шекарасы талаптарын реттеуші қазақстандық заңнамадағы өзгертулерге байланысты, санитарлық қорғау аймағының шекарасы жобасын жаңартуды жүзеге асыру бастады.

Қазіргі таңда санитарлық қорғау аймағы жобасын есептеу болып табылатын санитарлық қорғау аймағының көлемі мен шекарасын белгілеудің бірінші кезеңі аяқталды. 2012 жылы компания бір жылға созылатын жер телімін бақылау бағдарламасын орындауға кіріседі. Содан кейін КПО белгіленген санитарлық қорғау аймағы жобасын дайындауға кіріседі. Күтілетін қоғамдық пікірлерді есепке алу үшін, осы кезеңнің басты талабы болып табылатын қоғамдық кеңестер өткізуді жоспарлап отырмыз.

Экологиялық мониторинг кешенді бағдарламасын жүзеге асыру КПО-да заңнамада бекітілген сапалы экологиялық параметрлердің сақталуын қамтамасыз



етеді. Бұл бағдарлама қоршаған ортаға және жергілікті тұрғындарға қауіп төндіруі мүмкін келеңсіз жағдайларды уақытылы анықтауға мүмкіндік береді.

**Атмосфералық ауаны бақылау жүйесіне келесілер кіреді:**

- Қарашығанақ кені аймағы мен қазіргі санитарлық қорғау аймағы периметрі бойынша орнатылған 12 жылжымайтын автоматты экологиялық бақылау станциясы (ЭБС 001-012) көмегімен ауа күйін тұрақты бақылау. Экологиялық бақылау станциялары үздіксіз жұмыс істейді және қоршаған ортаны автоматты бақылау жүйесіне біріктірілген. Қоршаған ортаны автоматты бақылау жүйесі Қарашығанақ кені аймағында хабарлау жүйесі және ауа сапасы мәліметтерін жинақтау жүйесі ретінде екі жақты қызмет атқарады. Хабарлау жүйесі нысандарында өндірістік қызмет нәтижесінде түзілген бақыланушы ластаушы заттардың концентрациясы рұқсат етілген шекті мөлшерден асып кеткен жағдайда, апаттық дабылды іске қосады. Бұл станциялар ауаны негізгі ластаушы заттар болып табылатын күкіртсутегі ( $H_2S$ ), күкірт диоксиді ( $SO_2$ ), азот диоксиді ( $NO_x$ ), тұншықтырғыш газдың ( $CO$ ) ауа құрамындағы шоғырлануын бақылайтын өте сезімтал газ анализаторларымен жабдықталған;
- Санитарлық қорғау аймағы шекарасындағы ауа сынаmasını алу және одан әрі зерттеу. 2011 жылы КПО

атмосфералық ауа сапасын бақылауды күшейту мақсатында, санитарлық қорғау аймағы шекарасындағы ауа сынама-ларын алуды тәулігіне төрт мәртеге дейін көбейтті. Зерттеу жұмыстарын аккредитивті мердігерлік зертхана жүргізеді;

- Тоғыз елді мекендегі атмосфералық ауа күйін жүйелі бақылау үшін қажетті құралдармен жабдықталған жылжымайтын құрылғылар орнатылған. Ай сайын атмосфералық ауа күйінің есептері жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, ақпарат тақталарына іліну үшін, елді мекендерге жіберіледі. Сондай-ақ, жылжымайтын құрылғылар ауыл тұрғындарынан газ иісі бар деген шағым түскен жағдайда, кезектен тыс ауа сынаmasını алу үшін пайдаланылады. Сонымен қатар КПО 2011 жылы «2011–2013 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жоспарының» және Березов ауылы мәселесімен айналысу үшін 2010 жылы құрылған арнаулы жұмыс тобы шешімдерінің орындалу барысында Березов ауылына қосымша екі экологиялық бақылау станциясын орнатты;
- КПО-дағы жылжымалы екі экологиялық бақылау станциясы атмосфералық ауа сапасына қосымша бақылау жүргізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар ауыл тұрғындарынан газ иісі бар деген шағым түскен жағдайда қолданылады.

Бақылау жүйесі тиімділігінің арқасында, КПО ауаны ластаушы заттардың концентрациясы рұқсат етілген шекті мөлшерден асып кету мүмкіндігін ертерек анықтайтын және тез әрекет етуді қамтамасыз ететін жаңа ақпараттарға қолы жетті. 2011 жылы кен аймағында және жақын орналасқан елді мекендерде нысандардағы өндірістік қызметке байланысты бақыланушы ауаны ластаушы компоненттер мөлшерінің шектен асуы тіркелмеді.

2008-2010 жылдар аралығында КПО консультациялық кеңестің бастамасы негізінде, мердігер ұйымдарды қатыстырып, Березов селосымен бірге кеніш төңірегіндегі елді мекендердің өсімдік, топырақ, жер үсті сулары және үй жануарлары жағдайына ғылыми зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижелері кеніш төңірегіндегі елді мекендердегі экологиялық жағдай КПО өндірісінен алыс орналасқан елді мекендердегі экологиялық жағдайдан айырмашылығы жоқ екендігін көрсетті.

2011 жылы Березов ауылы тұрғындары

консультациялық кеңесте жоғарыда аталған зерттеу нәтижесімен таныстырылды. Дегенмен, КПО 2011 жылдан бастап кеніш төңірегіндегі елді мекендердегі қоршаған орта жағдайын әрі қарай зерттеу жұмысын жүргізуді жаңғыртты.

2012-2014 жылдар аралығында КПО нысандардағы қоршаған орта мен ауылшаруашылық азық-түлік құрамындағы ластаушы заттарға бақылау жүргізуді жалғастырмақ.

Көп жылдар бойы бақылау жүргізу кен орын төңірегіндегі елді мекендерде экологиялық жүйе жағдайын бағалауға қажетті мәлімет алуға мүмкіндік береді.

## ТҰРҒЫНДАР ДАЙЫНДЫҒЫ

КПО төтенше жағдайлар болған жағдайда басқару және тез әрекет жасауды қамтамасыз ету мақсатында жергілікті тұрғындармен және жергілікті өкімет органдарымен қарым-қатынасын белсенді түрде жалғастыруда. 6000 астам адам тұратын 11 елді мекенде өзара әрекет ету және жұртшылыққа хабарлау жүйелері құрылған. КПО жүйенің қызметін тәулік бойы бақылайды. Оған қоса төтенше жағдайларға әрекет ету жүйелерінің барлығының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін әр елді мекенде хабарлау кестесіне және эвакуация жоспарына сәйкес үнемі оқу-жаттығулары өткізіледі.

Кенішке жақын және Қарашығанақ–Үлкен Шаған–Атырау экспорттық құбырлар бойында орналасқан елді мекендердің тұрғындарына ерекше көңіл бөлінеді. Тұрғындармен кездесулер және оқу жаттығулары өткізіліп тұрады. Сонымен, 2011 жылы кеніштің қауіпті аймағында орналасқан елді мекендерде 295 оқу-жаттығулары жүргізіліп, 578 адам үйретілді, 700-дей адам қатысқан 131 кездесу өткізілді. КПО-ның апатқа қарсы әрекет ету бөлімінің мамандары Қарашығанақ–Үлкен Шаған–Атырау экспорттық құбырлар бойында орналасқан 41 елді мекенде болды. Экспорттық құбырлар бойына іссапар барысында түсіндіру жұмыстарымен 1100-ден астам адам қамтылды.

Кездесу барысында тұрғындарға КПО-ның Қазақстан экономикасындағы рөлі мен маңызы, апатқа қарсы әрекет ету жүйесі аясындағы өткізілетін шаралар және КПО объектілерінде апаттық не төтенше жағдайлар анықталғанда әрекет ету тәртібі сияқты негізгі мәселелер түсіндірілді.

# ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Апатқа қарсы әрекет ету тобының 2011 жылы жүргізген негізгі іс-шаралары:

- 2011 жылы жергілікті билік органдарымен бірге апатқа қарсы әрекет ету және кен орнында төтенше жағдайда әр елді мекеннің эвакуация жоспары дайындалды.
- 2011 жылдың 28 мамыр және 3 маусым аралығында Орал қаласында Азаматтық қорғаныс халықаралық ұйымының қатысуымен халықаралық семинар-кеңес болды. 2011 жылдың 2 маусымында ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі өкілдігінің және ҚР әр облысының төтенше жағдайлар департаменті басшыларымен Азаматтық қорғаныс халықаралық ұйымы делегациясы Қарашығанақ кен орнында болды. Делегация құрамында Өзірбайжан, Ресей, Қырғызстан елдерінің төтенше жағдайлар министрлігі мен департаментінің өкілдері болды.
- Семинар-кеңес аясында Қарашығанақ кен орнында апатқа қарсы әрекет ету бөлімінің мамандары КПО-ның апаттық құтқару қызметі және апаттық байланыс станциясы мен тұрғындарға хабарлау жұмысының тұсаукесерін көрсетті. Қазіргі заман жабдықтары және құралдарымен қамтамасыз етілген КПО компаниясының апаттық құтқару техникасы толық көрсетілді. Оқу полигонында КПО-ның апаттық құтқару қызметінің мамандары көрнекі оқу-жаттығуларын жүргізді. Бақылаушылар құтқарушылар мен оқу-жаттығу нәтижесіне жоғары баға берді.
- 2011 жылы қыркүйекте апатқа қарсы әрекет ету тобының мамандары құрлықтағы және судағы мұнай мен химиялық заттар төгінділерін жою бойынша практикалық және теориялық оқулар ұйымдастырды. Оқытулар апатқа қарсы әрекет ету жүйесіне (апатқа қарсы әрекет ету бөлімі тобы, КПО нысандарындағы ерікті газ құтқарушылар, КПО қауіпсіздік қызметі) қатысты қызметкерлер үшін жүргізілді. Тындаушылардың жалпы саны 75 адамды құрады. Оқыту үшін кәсіби білікті инструкторлар шақырылды.
- 2011 жылғы 10 қарашада ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің апатқа қарсы әрекет ету тобы КПО компаниясы мен мердігер ұйымдар арасында кен орнында төтенше жағдайда апатқа қарсы әрекет ету мәселесі бойынша семинар өткізді. Бұл семинарға КПО-ның 11 бөлімінен және 17 мердігер ұйымынан өкілдер қатысты.



Консультативтік кеңестің Успен ауылындағы жиналысы

- 2011 жылы I және II деңгейлі Басқару апат штабының қатысуымен Қарашығанақ – Атырау және Қарашығанақ – Орынбор экспорттық құбырында мұнай төгінділеріне қарсы әрекет ету командалық-штабтық оқулары (КШО) жүргізілді.

## ДАМУ ЖОБАЛАРЫН ҚОЛДАУ

КПО кенішке жақын орналасқан елді мекендердегі тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін, жергілікті билік органдарына осы мақсатты жүзеге асыруға жан-жақты қолдау көрсетеді.

### Консультациялық кеңестер және жергілікті қауымдастықтарды дамыту жобалары

Консультациялық кеңестер қызметі аясында елді мекендерде негізгі әлеуметтік инфрақұрылымды және жергілікті тұрғындардың әлеуметтік тіршілігін жақсарту мақсатындағы жұртшылық өкілдері компания болашақта жүзеге асыратын жобалар мен бастамаларды ұсынады. КПО келіп түскен ұсыныстарды ауыл қажеттіліктері, жалпы артықшылығы, техникалық талаптар және қаржы тұрғысында қарастырады. Консультациялық кеңес ұсынған бірқатар жобалар кенішке жақын орналасқан сегіз ауылда жүзеге асырылды. Кейін мұндай жобалар басқа да елді мекендерде іске асырылады.

Басқару бойынша бірлескен комитет жергілікті қауымдастықтарды дамыту жобаларының 2011 жылғы бюджетін мақұлдамағандықтан, КПО ағылшын тілін оқыту, жылжымалы өнер мектебі мен балалардың жазғы лагері және зейнеткерлерді сауықтыру жобаларын жалғастыра алмады.

Дегенмен, КПО кенішке жақын орналасқан елді мекендердегі жергілікті қауымдастықтарды дамыту жобаларын жалғастырмақ. Соңғы бірнеше жыл бойы қалыптасқан қарым-қатынасты қолдау мақсатында, 2011 жылы КПО Березов, Успен, Жаңаталап, Жарсуат, Қарашығанақ, Приурал және Бестау ауылдарында мектеп оқушылары арасында оқушылар шығармашылығы (сурет, фотосурет және шығарма) байқауын жариялады.

### Балалар шығармашылығы байқауы

Жазғы мезгілде балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектеп оқушылары арасында конкурс өткізілді. Бұл конкурсқа қатысуға оқушылармен бірге мұғалімдер, зейнеткерлер шақырылды. Оқушылар өз шығармаларына ауылының тарихы туралы ардагерлерден естіген әңгімелерін арқау етті.

Жобаның негізгі мақсаты жас таланттарды қолдау және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу болды. Конкурсқа Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан жеті ауылдан мектеп жасындағы (1 - 11 сынып) оқушылар қатысты.

2011 жылғы 21 қыркүйекте Ақсай қаласындағы мәдениет үйінде болған жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне 250 оқушы, жергілікті тұрғындар өкілі, КПО басшысы мен жергілікті билік органдарының басшылары және БАҚ өкілдері қатысты. Бұл балалар және олардың ұстаздары мен ата-аналары үшін ұйымдастырылған шынайы мереке болды. Олар, өз кезегінде, КПО алдағы уақытта жергілікті қауымдастар мен мектеп оқушыларына арналған осындай іс-шаралар өткізуді жалғастыра беретініне сенім білдірді.



2011 жылы КПО  
ұйымдастырған  
мектеп оқушылары  
арасындағы  
жазғы конкурстың  
жеңімпаздары



Балалар жұмысы 2012 жылдың басында «Менің ауылым – менің Отаным» атты каталог болып басылды. Бұл каталог мектеп оқушыларының ең үздік шығармашылық өнерін айқындайды.

КПО-ның 2012 жылғы күнтізбесі дизайнына үздік суреттерді қосуға шешім қабылданды.

#### Ауыл мектебінің түлектеріне стипендия тағайындау пилоттық жобасы

КПО өткен 2010 жылы Бөрлі аудандық білім беру бөлімімен бірге бастаған ауыл мектебінің түлектеріне стипендия тағайындау пилоттық жобасын қолдауды 2011 жылы жалғастырды. Жобаның мақсаты – ауылдық жерлердегі білікті мамандар санын арттыру. Студенттердің оқуының ақысын төлеу шарты – олардың өз ауылына оралуы және бірнеше жыл жұмыс істеп өтеуі. Осы жоба бойынша білім алып жатқан алғашқы үш студент Батыс Қазақстан университетінде және колледжде екінші жылы оқуларын жалғастыруда.

#### Атырау қаласындағы семинар

2011 жылы шілде айында КПО-ның тұрғындармен жұмыс секциясының бір топ қызметкері НКОК (Норт Каспиан Оперейтинг Компани), ТШО (Тенгизшевройл) және КПО сияқты жетекші мұнай-газ компанияларының қатысуымен өткен «Тұрғындармен жұмыс және тұрақты даму: Қазақстанда жинақталған тәжірибе мен озық практика» атты семинарға қатысты. Семинарды Атырау қаласында НКОК компаниясы өткізді.

Бұл тұрақты даму саласындағы бірінші семинар болды. Үш күндік бағдарламада әлеуметтік инфрақұрылым нысандарында болу, мемлекеттік емес органдардың өкілдерімен кездесу және НКОК мен ТШО (Атырау) компанияларында жүзеге асырылып жатқан тұрақты даму жобаларын талдау қарастырылған.

Семинар барысында НКОК, ТШО және КПО компанияларының қатысушылары жұртшылықпен, тұрғындармен жұмыс және тұрақты даму жобаларын жүзеге асыру жылдары жинақтаған әдіс-тәсілдері, озық практика және тәжірибелерімен бөлісті.

Семинар ұқсас компания өкілдері арасында конструктивті диалог орнатуға және өзара байланысты жақсартуға септігін тигізді. Семинарға қатысушылар осындай ынтымақтастықтың артықшылығы мен пайдасын атап өтті және болашақта жалғасын табатынына сенім білдірді.

### ЖАҚЫН ЖЕРДЕ ОРНАЛАСҚАН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕГІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР

2011 жылы консультациялық кеңестер кенішке жақын орналасқан елді мекендерде негізгі әлеуметтік инфрақұрылымды және жергілікті тұрғындардың әлеуметтік тіршілігін жақсарту мақсатындағы бірнеше жобалық ұсыныстарын енгізді.

КПО Бөрлі ауданының Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан төрт ауылында артықшылығы басым бес инфрақұрылымдық жобаны таңдап, консультациялық кеңестер ұсынған жобаны жүзеге асыру туралы БҚО өкімдігіне ұсыныс жасады. Келіссөздер нәтижесінде төмендегі жобаларды жүзеге асыру үшін 3.5 миллион АҚШ доллары бөлінді: Березов ауылында сумен жабдықтау жүйесін қалпына келтіру, Жарсуат ауылында мектеп шеберханасын қалпына келтіру, Приурал және Успен ауылдарында мектепті қалпына келтіру және Успен ауылында техникалық сумен жабдықтау жүйесін қалпына келтіру.

КПО 2011 жылы 464 оқушыға білім беруге арналған Приурал орта мектебін қалпына келтіру жұмысы табысты аяқталды. Мектепте 14 оқу бөлмесі, спорт залы, акт залы, кішігірім орталық және асхана бар. Мектеп ғимараты мен қазандықты қалпына келтіру, сондай-ақ сумен жабдықтау жүйесі мен канализацияны жөндеу жұмыстарын жергілікті құрылыс ұйымы жүргізді.

Приурал орта мектебін қалпына келтіруді аяқтауға арналған салтанатты рәсімге КПО-ның жоғарғы басшылары, жергілікті билік органдары, мердігер құрылыс ұйымдары және БАҚ-тың өкілдері қатысты. Приурал ауылдық округ әкімі Т.А. Райымқұлов КПО-ға Приурал ауылының дамуына үнемі қолдау көрсеткені үшін ауылдастары атынан алғыс білдіріп, КПО мен

консультациялық кеңестер арасындағы қызметтестік жалғаса беретініне сенім білдірді.

Жарсуат ауылында мектеп шеберханасын қалпына келтіру және Успен ауылында мектепті қалпына келтіру жұмыстары 2011 жылдың аяғында басталды және 2012 жылы аяқталады.

Березов ауылында сумен жабдықтау жүйесін қалпына келтіру және Успен ауылында техникалық сумен жабдықтау жүйесін қалпына келтіру жобалары 2012 жылы басталады.

# ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

## Демеушілік бағдарламасы

КПО-ның демеушілік және қайырымдылық саясатына сәйкес ішкі комитет басқаратын арнаулы қор қажетті топтарға және денсаулық, қауіпсіздік, білім беру, әлеуметтік даму, өнер, мәдениет және спорт салаларында белсенді қызмет атқаратын қоғамдық ұйымдарға қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

КПО осы бағдарлама арқылы 2011 жылы әртүрлі 45 жобаны жалпы сомасы 294 391 АҚШ доллары көлемінде қаржыландырды.

КПО-ның демеушілік бағдарламасының қолдауымен жүзеге асқан маңызды жобалар:


КПО-ның 2011 жылғы қайырымдылық саласындағы негізгі мақсаттарының бірі Бөрлі аудандық мүгедектер қоғамына қолдау көрсету болып табылады. Бұл қоғамның қызметіне көрі адамдарға шипажай емін, мүгедек балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, сонымен қатар қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету кіреді. 550 мүшеден тұратын қоғамда қайырымдылық қорын бөлетін арнаулы комитет жұмыс істейді. Комитет қаржыға мұқтаж мүгедектерден келіп түскен өтініштерді қарап, қажетті көмек көрсетеді. Одан басқа, Жеңіс күні, Наурыз мейрамы, балаларды қорғау күні, мүгедектер күні және жаңа жыл қарсаңында бірнеше спорт және мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Компания Бөрлі аудандық ардагерлер кеңесінің 80 соғыс және еңбек ардагеріне шипажайға жолдама алуына көмек көрсетті.

«Психоневрологиялық патологияның алдын алу және аймақтағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуі» жобасы аясында КПО-ның демеушілік қолдауымен мүгедек – балалар аналарының «Бәйтерек» қоғамдық бірлестігі мүгедек–балаларға арналған Орал қаласындағы арнаулы білім беру орталығының қызметін жалғастырады. (Орталықта логопед, сенсорлық, физиотерапия кабинеттері бар)

Орал қаласындағы «Шапағат» медициналық және әлеуметтік мекемесінде күндізгі уақытта болатын 1,5-18 жас аралығындағы мүгедек балаларға 20 кресло-арба сатып алынды. Орталық

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ



мүгедектерді сауықтыру бағдарламасын жүргізеді, мүгедек–балаларға көрсетілетін медициналық қызмет пен тамақтануды қамтамасыз етеді.

КПО жастарды дамыту аясындағы бастамаларды ерекше қолдайды. 2011 жылғы КПО-ның демеушілік қолдауымен жазғы демалыс кезінде Ақсай қаласындағы өнер мектебінің алты оқушысы Италияға сапар шекті. Олар Рим, Венеция, Ватикан қалаларында болып, көрікті жерлерін аралады, сондай-ақ Флоренцияда көркемөнер академиясында болды.

Ауданның мәдени дамуы аясында «Әдемі» ансамблі 38 бишісінің Саратов (РФ) қаласында өткен халықаралық балалар, жасөспірімдер және ересектер фестиваліне баруы қаржыландырылды. Бұдан басқа, 384 оқушыға пианино, домбыра, қобыз, флейта, скрипка, т.б. үйрететін Бөрлі аудандық музыка мектебіне концерттік рояль сыйға тартылды.



"Шапағат" медициналық әлеуметтік орталығының балаларына мүгедектерге арналған арбаларды табыс ету салтанаты

КПО облыстық, аудандық мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерге үнемі қаржы бөледі. 2011 жылы Үлкен Шаған мектебіне жиһаз, Переметное ауылындағы және Орал қаласындағы № 22 балабақшаға ойыншықтар сатып алынды. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған коррекциялық топтардың ашылуы аясында Ақсай қаласындағы № 6 және 7 балабақшаларға жаттығу құрылғысы, бассейн, жұмсақ ойыншықтар мен балаларды дамытушы ойындар сыйға тартылды.

Ақсай қаласындағы № 6-мектепке кітаптар мен энциклопедиялар, № 1-мектепке спорт жабдығы сатып алынды. КПО-ның демеушілік қолдауымен Орал қаласындағы естуі мен сөйлеуі нашар балаларға арналған облыстық мектепке ойын алаңы жасалды.

Дәстүр бойынша КПО жыл сайын Жеңіс күні, Жаңа жыл, Білім күні мерекелеріне қаржы бөледі. Жаңа жыл қарсаңында Успен, Березов, Жарсуат, Жаңаталап, Приурал, Қарашығанақ, Димитров және Бестау ауылдарындағы 1240 балаға жаңа жылдық сыйлық таратылды.

2011 жылы Білім күні, жаңа оқу жылы алдында Бөрлі ауданындағы бес ауылдық округтегі жағдайы төмен отбасынан шыққан 170 балаға оқушы сөмкесі мен оқу құралдары сыйлыққа берілді.


2011 жылы Жеңіс күні қарсаңында Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауылдық округтердің 25 соғыс ардагеріне КПО кілем сыйлады. КПО-ның тұрғындармен жұмыс бөлімінің қызметкерлері ардагерлерді компания атынан құттықтап, сыйлықтар ұсынды.

Спорт бастамаларының арасында 2011 жылы КПО-дан едәуір қолдау тапқан – жоғары лига жарыстарында үздік нәтиже көрсетіп жүрген «Грация» балалар және жасөспірімдер волейбол клубы және Орал қаласындағы БҚО үстел теннисі федерациясы. Сондай-ақ КПО-ның демеушілік қолдауы арқасында Ақсай қаласындағы Бөрлі аудандық шахмат федерациясы ересектер мен балаларға арналған сабақтар мен жарыстарды ұйымдастыру және өткізуді жалғастыруда.



Флоренция өнер академиясындағы мастер-класстарға қатысқан Ақсай қаласы балалар өнер мектебінің оқушылары

#### КПО-ның 2011 жылғы қайырымдылық және демеушілік бағдарламасы



# GRI ИНДИКАТОРЫНА ҚАТЫСТЫ ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕР КЕСТЕСІ

GRI Әлемдік есептілігінің бастамасымен G3.0 Басшылығы нұсқасының талаптарына сәйкес дайындалған 2011 жылғы КПО-ның орнықты даму есебі C+ деңгейіне сәйкес. Төмендегі кестеде GRI индикаторына қатысты есептіліктің стандартты элементтерінің ашылу деңгейін көрсеттік.

Иә	Көрсеткіш толығымен ашылды
Жартылай	Көрсеткіш жартылай ашылды
Қолданылмайды	Көрсеткіш КПО қызметінде қолданылмайды

Есептілік элементінің №	GRI көрсеткіші	Бөлім және бет / Түсініктеме	Элементтің ашылу статусы
<b>ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ І БӨЛІМ: Бейінді элементтер</b>			
<b>1. Стратегия және талдау</b>			
1.1	Ұйымға және оның стратегиясына орнықты дамудың маңыздылығы туралы және есепті шығаратын ұйымда шешімдерді қабылдайтын бас тұлғаның жолдауы.	Бас директордың жолдауы (6-7 бет)	Иә
<b>2. Ұйым саласы</b>			
2.1	Ұйымның аты	Мазмұны (4 бет)	Иә
2.2	Негізгі брендтер, өнім және/немесе қызметтер түрлері.	Өндірістік көрсеткіштер (12-13 бет)	Иә
2.3	Ұйымның өндірістік құрылымы.	Өндірістік көрсеткіштер (12-13 бет)	Иә
2.4	Ұйым бас офисінің орналасуы	Кері байланыс (артқы мұқаба)	Иә
2.5	Ұйым өз қызметін атқаратын елдердің саны	Өндірістік көрсеткіштер (12-13 бет)	Иә
	Осы есепте көрсетілген орнықты даму мәселелеріне қатысты негізгі қызметтер атқарылатын елдердің аты.		Қолданылмайды
2.6	Жекеменшік түрі және құқықтық формасы	Өндірістік көрсеткіштер (12-13 бет)	Иә
2.7	Ұйым жұмыс жасайтын нарықтар (географиялық бөлінділерді қосқанда, қызметін пайдаланатын секторлар және клиент/бенефициарлардың түрлері).	Өндірістік көрсеткіштер (12-13 бет)	Иә
2.8	Ұйымның көлемі, · Қызметкерлер санын қосқанда; · Сатылымның таза көлемі (Жеке сектор ұйымдары үшін) немесе таза табыс (мемлекеттік сектор ұйымдары үшін); · Қарыз және жеке капиталға бөлгенде жалпы капиталдандыру (жеке сектор ұйымдары үшін), және · Өндірілетін өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сандық сипаттамасы	Қызметкерлерді дамыту ( 34 бет); Өндірістік көрсеткіштер (12 бет);	Иә
			ӨБТК <sup>1</sup> -ге сәйкес ақпаратты таратпау жөнінде шектеулер болғандықтан хабарланбайды
			Қолданылмайды
		Өндірістік көрсеткіштер (13 бет)	Иә
2.9	Есептілік кезеңінде көлеміне, құрылымына немесе меншігіне, сонымен қатар орналасуына немесе жұмыс тәртібіне, оның ішінде шаралардың ашылуы/жабылуы және нысандардың кеңейтілуіне қатысты елеулі өзгертулер. Акционерлік капиталдың құрылымындағы өзгерістер және капиталды жасау, қолдау немесе өзгерту бойынша басқа іс-әрекеттер (жеке сектор ұйымдары үшін)	Бас директордың жолдауы ( 6-7 бет); Өндірістік көрсеткіштер (12-13 бет ); Қарашығанақ кен орны туралы жалпы мәлімет (14 бет); Нәтижелер мен мақсаттарымыз (8-10 бет)	Иә
			Қолданылмайды
2.10	Есеп беру кезеңінде алынған марапаттар.	КПО орнықты даму саласында марапатталған жоқ.	Иә
<b>3. Есептің параметрлері</b>			
3.1	Берілген ақпаратқа қатысты есептілік кезеңі (мысалы қаржылық немесе күнтізбелік жыл)	Есептің сипаттамасы (5 бет); Бас директордың жолдауы ( 6-7 бет)	Иә
3.2	Соңғы есептің шығу күні (шыққан болса)	Есептің сипаттамасы (5 бет)	Иә

3.3	Есеп беру кезеңі (бір немесе жылдық және т.б.)	Есептің сипаттамасы (5 бет)	Иә
3.4	Есеп немесе оның мазмұнына қатысты ақпарат алу	Кері байланыс (артқы мұқаба)	Иә
3.5	Есеп мазмұнын анықтау үдерісі: - маңыздылықты анықтау;	Есеп мазмұны мен пішімі	Иә
	Есеп шеңберіндегі басымдылықты анықтау; және	Компанияның басқа бөлімдер жетекшілерімен бірге КПО орнықты дамыту бөлімі мүдделі тараптарға маңызды болатын орнықты даму туралы ақпаратты анықтады және ұсынды.	Иә
	Есептің ықтимал қолданушылары ретінде қарастырылатын мүдделі тараптарды анықтау	Мүдделі тараптар (5 бет)	Иә
3.6	Есептің шегі (мысалы, елдер, компания бөлімшелері, еншілес мекемелер, жалға алынған нысандар, біріккен кәсіпорындар, жабдықтаушылар).	Өндірістік көрсеткіштер (12-13 бет); Қарашығанақ кен орны туралы жалпы мәлімет (14-15 бет)	Иә
3.7	Осы есептің көлеміне немесе шегіне қатысты барлық негізгі шектеулерді көрсетіңіз.	Шектеулер жоқ	Иә
3.8	Бұрынғы есептермен және/немесе басқа ұйымдармен салыстыруға елеулі әсер ете алатын біріккен кәсіпорындар, жалға алынған нысандар, компания қызметтерінің бір бөлігін сыртқы мердігерлерге және басқа ұйымдық бірліктерге тапсыру бойынша деректерді есепке қосу негіздері.	Есептің сипаттамасы (5 бет)	Иә
3.10	Бұрынғы есептерде ұсынылған ақпараттың кез келген қайта тұжырымдамалар мағыналарының және осындай қайта тұжырымдамалардың сипаттамасы	Парникті газдар шығарындыларын азайту стратегиясы (28-29 бет); Қуаттың бастапқы қуат көздерінен тұтынылуы (29 бет); Атмосфераға тасталған шығарындылар (26-27 бет)	Иә <sup>2</sup>
3.11	Есепте қолданылған қамту, шектеу немесе өлшеу әдістеріне қатысты есептіліктің бұрынғы кезеңдерімен салыстырғандағы елеулі өзгерістер.	Атмосфераға тасталған шығарындылар (26-27 бет)	Иә <sup>2</sup>
3.12	Осы есептегі есептіліктің стандартты элементтерінің орналасуын көрсететін кесте.	GRI индикаторларына қатысты есептіліктің стандартты элементтер кестесі ( 52-55 бет)	Иә

#### 4. Басқару, міндеттемелер және тараптарды тарту

4.1	Стратегияны әзірлеу немесе ұйымның қызметін жалпы бақылау сияқты нақты міндеттерге жауапты жоғары басқару ұйымының құрамындағы негізгі комитеттерді қосқанда ұйымды басқару құрылымы.	КПО-дағы корпоративтік басқару (16 бет)	Иә
	Осындай комитеттердің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштеріне кез-келген тікелей жауапкершілігін көрсетіңіз.	КПО-дағы корпоративтік басқару (16 бет)	Иә
4.2	Жоғары басқарушы ұйымның төрағасы компанияның атқарушы директоры бола алатыны/алмайтыны туралы ақпаратты көрсетіңіз.	КПО-дағы корпоративтік басқару (16 бет)	Иә
4.3	Біртұтас директорлар кеңесі бар ұйымдар үшін жоғары басқарушы ұйымның тәуелсіз мүшелер және/немесе компанияның атқарушы басшылығына жатпайтын мүшелер санын көрсетіңіз.		Қолданылмайды
4.4	Компанияның акционерлері мен қызметкерлерінің жоғары басқарушы ұйым қызметін бағыттай немесе ұсыныстар бере алатын механизмдері.	КПО-дағы корпоративтік басқару (16 бет); Қызметкерлерді дамыту (37 бет)	Иә <sup>3</sup>
4.14	Ұйыммен қарым-қатынасқа түскен мүдделі тараптар тізбесі.	Мүдделі тараптар (5 бет)	Иә
4.15	Мүдделі тараптармен қарым-қатынасқа түсу мақсатында оларды айқындау және іріктеу негіздері.	Мүдделі тараптарды қатыстыру (17-бет)	Иә <sup>4</sup>

Ескертулер: 1. Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге сәйкес әрекет ететін оператор ретінде және төрт құрушы компаниялар атынан КПО қор, өндірістің жалпы жылдық көлемі, сатылымдар мен қызметкерлер саны бойынша есептер береді. Қарашығанақ бірлескен кәсіпорынның бас компаниялары таза табыс және жалпы капиталдандыру туралы мәліметтерге қатысты ақпараттың иесі болып табылады. 2.8 тармақ

2. Атмосфераға тасталған шығарындылар санын бағалау әдісі қайта қаралды. Бастапқы қуат көзінен қуат тұтынылуы есептеу түзетілді. 3.10 және 3.11 тармақтар

3. КПО-ның бірлескен басқаруымен Қарашығанақтың төрт серіктестігінің арасындағы дауыс беру бірауыздан болып есептеледі. Акционерлер компанияның жоғары басқарушы ұйымында берілген. Жергілікті қызметкерлер үшін жоғары басқарушы ұйыммен кері байланыспен қамтамасыз етудің механизмдері жоқ. 4.4 тармақ

4. Сәйкес мүдделі тараптармен әрекеттесу Үрдістері, Қарашығанақтағы жергілікті тұрғындармен әрекеттесу Жоспары, мүдделі тараптармен әрекеттесу Реті, қайырымдылық жасау және демеушілік көрсету жөніндегі Саясат, ішкі бірлестік коммуникациялар Саясаты және қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі Бағдарлама сияқты бірнеше саясаттар және процедуралармен анықталады. 4.15 тармақ


# GRI ИНДИКАТОРЫНА ҚАТЫСТЫ ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

Есептілік элементінің №	GRI көрсеткіші	Бөлім және бет / Пікірлер	Ашылу статусы
<b>ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ II БӨЛІМ: Бейінді элементтер</b>			
<b>Экономикалық қызметтің көрсеткіштері</b>			
ЕС 6	Жергілікті жабдықтаушылардан сатып алулардың практикалық тәсілдемелері, саясаты және мекеменің маңызды аймақтардан сондай сатып алулардың (негізгі) үлесі. .	Экономикалық дамуға қосқан үлес (38 бет), Бас директордың жолдамасы (6-7 бет)	Иә
ЕС 7	Жергілікті тұрғындарды жалдау процедурасы және мекеменің елеулі аумақтарында жергілікті қызметкерлерден жалданған жоғары басқарушылардың (негізгі) үлесі.	Қызметкерлерді дамыту (40-41 бет)	Иә
ЕС 8	Коммерциялық, заттай және қайырымдылық қатысулар арқылы бірінші кезекте қоғамдық пайда үшін берілетін, инфрақұрылымға жұмсалған салымдардың әсері мен дамуы және қызметтері.	Қызметкерлерді дамыту (35-37 бет); Экономикалық дамуға қосқан үлес (41-45 бет); Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас (46-51 бет); Бас директордың жолдамасы (6-7 бет)	Иә
<b>Экологиялық тиімділіктің көрсеткіштері</b>			
EN 3	Энергияның бастапқы энергия көзімен тікелей тұтынылуы (негізгі).	Парникті газдың тасталған шығарындыларын азайту стратегиясы (28-29 бет)	Иә
EN 8	Су көздері бойынша бөлгенде алынатын судың жалпы көлемі (негізгі).	Су ресурстары (29-30 бет)	Иә
EN 10	Бірнеше рет және қайта пайдаланылған судың жалпы көлемі мен үлесі (қосымша).	Су ресурстары (30 бет)	Иә
EN 11	Мекеменің басқаруымен жекеменшікте, жалдауда, және қорғалатын табиғи аумақтар мен биоөзгешелігі жоғары бағаланатын немесе осындай аумақтарға жалғас аумақтарда орналасқан жерлердің орналасуы және аумағы (негізгі).	Биотүрлілік және экологиялық жүйе (33 бет); Өндірістік көрсеткіштер (12-13 бет)	Жартылай
EN 13	Сақталған және қалпына келтірілген орындар (қосымша).	Грифондық аймақты қалпына келтіру (33 бет)	Иә
EN 14	Биотүрлілікке әсер ету басқармасы бойынша келешек жоспарлар және іске асыру әрекеттері, стратегиялары (қосымша).	Биотүрлілік және экологиялық жүйе (33 бет)	Жартылай
EN 16	Парникті газдың көлемі көрсетілген толық тіке және жа-нама тасталған шығарындылары (негізгі).	Парникті газдың тасталған шығарындыларын азайту стратегиясы (28-29 бет)	Иә
EN 18	Парникті газдың тасталған шығарындыларын төмендету бастамалары және қол жеткізген нәтижелер. (қосымша).	Парникті газдың тасталған шығарындыларын азайту стратегиясы (28-29 бет)	Иә
EN 20	Түрі және көлемі көрсетілген NO <sub>x</sub> , SO <sub>x</sub> және басқа да маңызды ластаушы заттардың атмосфераға тасталған шығарындылары (негізгі).	Атмосфераға тасталған шығарындылар (26-27 бет)	Иә
EN 21	Ағызылған су мен қабылдайтын нысанның сапасы көрсетілген шығарындылардың жалпы көлемі (негізгі).	Су ресурстары (29-30 бет)	Жартылай

Есептілік элементінің №	GRI көрсеткіші	Бөлім және бет / Пікірлер	Ашылу статусы
<b>ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ II БӨЛІМ: Бейінді элемент</b>			
EN 22	Түрі және айналым тәсілі бойынша бөлінген қалдықтардың жалпы көлемі (негізгі).	Қалдықтарды пайдаға асыру (31-33 бет)	Иә
EN 23	Тіркелген елеулі мұнай төгілуінің жалпы саны және жалпы көлемі.	Мұнайдың төгілуі (33 бет)	Иә
<b>Жұмысты ұйымдастыруға және лайықты жұмысқа қатысты нәтижелілік көрсеткіштері</b>			
LA 1	Жұмыс бастылық, жалдау туралы шарт және аймақ бойынша бөлгенде жұмыс күшінің жалпы саны (негізгі).	Қызметкерлерді дамыту (34 бет); Жергілікті қызметкерлерді дамыту (39-41 бет)	Жартылай
LA 4	Ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлердің үлесі (негізгі).	Қызметкерлерді дамыту (37 бет)	Иә
LA 7	Аймақтарға бөлгендегі жұмысқа байланысты, өндірістік жарақаттанудың деңгейі, жұмыс кезінде пайда болған аурулардың деңгейі, жұмыс уақытын жоғалту күндердің және жұмыс орнында болмаудың коэффициенті, сонымен қатар опат болу жағдайлардың саны (негізгі).	2011 жылдағы техникалық қауіпсіздік көрсеткіштері (18-19 бет)	Жартылай
LA 10	Қызметкерлерді категориямен бөлгенде бір қызметкерді бір жылда оқытудың орташа сағат саны. (негізгі)	Қызметкерлерді дамыту (35 бет)	Жартылай <sup>1</sup>
LA 13	Азшылыққа тәуелділікті көрсетумен қатар түрліліктің басқа да көрсеткіштерімен басқарушы қызметкерлердің құрамы және қызметкерлерді жынысына, жасына бөлінуі.	Қызметкерлерді дамыту (34 бет); Жергілікті қызметкерлерді дамыту (41 бет)	Иә <sup>2</sup>
LA 14	Қызметкерлердің категориясы бойынша ерлер мен әйелдердің базалық жалақысының арақатынасы		Иә <sup>3</sup>
<b>Адам құқығы саласындағы нәтижеліліктің көрсеткіштері</b>			
HR2	Адам құқығының бағасынан өткен маңызды жабдықтаушылар мен мердігерлердің, қолданған шараның үлесі және қолданған іс-әрекеттер.	Жемқорлықты болдырмау үшін алдын ала заңи аудит (17 бет)	Жартылай
<b>Қоғаммен әрекеттесудің нәтижелілік көрсеткіштері</b>			
SO3	Жемқорлыққа қарсы саясат және компанияның процедуралары бойынша оқытылған қызметкерлердің пайызы.	Заңнамаға сәйкестікті ұстану (16 бет)	Иә

- Ескертулер:
1. Шетелдік қызметкерлерді оқыту ӨБТК-де қарастырылмаған. Пункт LA 10
  2. Басқарушы қызметкерлердің әртүрлілігі туралы ақпарат жынысы, жасы және ұлты бойынша берілген. Басқа категориялар маңызды емес. Пункт LA 13
  3. Жынысына қарамастан базалық жалақы қызметкерлердің категориясы бойынша тағайындалады; соған лайық, ерлер мен әйелдердің базалық жалақысы бірдей. Пункт LA 14

# ШЫНАЙЛЫҚТЫ РАСТАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



**«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.»  
2011 жылғы тұрақты дамуы жөніндегі ҚПО  
Есебін тәуелсіз тексеру туралы есеп**

(ағылшын тіліндегі түпнұсқадан жасалған аударма)

**Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.  
басшылығы мен мүдделі тараптарына**

Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (бұдан әрі «ҚПО») тапсырмасы бойынша біз тексеру жүргіздік.

**Тексеру мәні**

Тексерудің мақсаты – мыналарға қатысты шектелген деңгей растауын алу:

- «Қарашығанақтың оң ықпалы 2011 жылғы Тұрақты даму туралы ҚПО есебіне» қосылған қызмет нәтижелері туралы жалпы ақпарат пен тұрақты даму саласындағы деректер барлық елеулі аспектілерде 2011 жыл ішіндегі тұрақты даму саласындағы ҚПО саясатын, оқиғалары мен қызметінің нәтижелерін шынайы әрі жеткілікті түрде көрсетеді;
- Персоналды басқару, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердегі қазақстандық қамту және әлеуметтік инвестициялар саласындағы басты көрсеткіштер жөніндегі ақпарат пен деректерді жинауға қатысты есеп беру процестері ендірілген және Есептілік жөніндегі ғаламдық бастамалар жүйесінің (бұдан әрі - «Система GRI») қолданылатын қағидаттарына, оның ішінде Тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі басшылықтың 3.0 нұсқасына (бұдан әрі – «GRI G3.0 басшылығы») сәйкес келеді;
- ҚПО Тұрақты даму кодексінің бағыттарына сәйкес келетін және Есепте сипатталған саясаттар мен процедуралар іс-жүзінде бар;
- Есеп С+ қолдану Деңгейінің талаптарына және GRI G3.0 басшылығының қағидаттарына сәйкес келеді.

Халықаралық бухгалтерлер федерациясы (бұдан әрі – «IFAC») шығарған «Ақпаратты тексеру жөніндегі тапсырмалардың халықаралық қағидаттарында» айқындалғандай шектелген деңгейдің растауын алу үшін орындалатын процедуралардың көлемі лайықты деңгейдің растауын алуға қарағанда едәуір аз болады, әрі бұл бізге лайықты деңгейді тексеру барысында анықталуы мүмкін барлық елеулі фактілерді анықтайтындығымызға қажетті сенімділік дәрежесін алуға мүмкіндік туғызбайды.

**Тексеру критерийлері**

Тексеруіміздің критерийлері ретінде GRI жүйесі, оның ішінде GRI G3.0 басшылығы мен ҚПО корпоративтік сайтында жарияланған ҚПО Тұрақты даму кодексі болды. Біз мұндай критерийлер тексеруіміздің мақсаттарына сәйкес келеді деп болжаймыз.

**ҚПО басшылығының жауапкершілігі**

ҚПО басшылығы тұрақты даму аясына қатысты саясаттар мен процедуралардың ендірілуі, сондай-ақ Есепті дайындау және онда көрсетілген ақпарат үшін жауапкершілік көтереді. Мұндай жауапкершілікке айтарлықтай бұрмалануы жоқ тұрақты даму саласындағы есепті дайындауға жеткілікті болатындай ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, ендіру және қолдау кіреді. ҚПО басшылығы есептілікті таңдау және оның лайықты қағидаттарын қолдану және өлшеу мен бағалаудың тиісті әдістерін пайдалану үшін жауапкершілік көтереді. Басшылық қабылдайтын шешімдер, Есептің қамтылуы және ақпараттың шынайылығына ықпал етуі мүмкін ажырамас шектеулерді қоса алғанда, тұрақты даму саласындағы есептілік қағидаттары Есептің 5-бетіндегі «Есептің сипаттамасы» бөлімінде ұсынылған.

**Біздің жауапкершілігіміз**

Біздің жауапкершілігіміз тексеруіміздің мәніне қатысты тұжырымдар жасауда болып отыр.

Біз IFAC жариялаған «Аудиторлық тексерулерден немесе тарихи қаржылық есептілік шолуларынан өзгеше ақпаратты тексеру жөніндегі тапсырмалар» («ISAE3000») Стандартына сәйкес тексеруді жүргіздік.

Біз процедураларды тұжырымдарымызды негіздеу үшін жеткілікті болатындай етіп орындадық деп есептейміз. Негізгі процедуралар мыналар болды:

- Есепте сипатталған тұрақты даму аясындағы ҚПО саясаттары мен процедураларын талдау,
- Тұрақты даму саласындағы ақпаратты жинауға, тұрақты даму аясындағы ҚПО саясаттары мен процедураларын іске асыруға, сондай-ақ тиісті қызмет пен нәтижелерге жауап беретін ҚПО менеджерлерімен және басты мамандарымен сұхбаттасу,
- Есепті мұнай-газ саласындағы халықаралық компаниялардың бірқатар дайындаған тұрақты даму саласындағы есептермен салыстырып тексеру талдауы,
- 2011 жылғы тұрақты даму саласындағы ҚПО саясаттарын, оқиғаларын және қызметінің нәтижелерін қозғайтын бұқаралық ақпарат құралдары мен ҚПО корпоративтік газетіндегі жарияланымдарды талдау,



- Жоғарыда сипатталған процедуралардың негізінде маңызды мәселелерді анықтау және Есепте анықталған маңызды мәселелердің көрсетілуін талдау,
- Персоналды басқару, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердегі қазақстандық қамту және әлеуметтік инвестициялар саласындағы таңдалған басты көрсеткіштер жөніндегі деректерді, сондай-ақ көрсетілген деректердің лайықты түрде жинақталуына, дайындалғанына, біріктірілгеніне және Есепке қосылғанына көз жеткізу үшін есептілік процестерін іріктеп талдау,
- Сұхбаттасу және қызметке бақылау жасау үшін ҚПО орталық офисіне және Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнында бұрғылау ерітінділерін, өндіріс пен бұрғылау қалдықтарын қайталап пайдалануға, өңдеуге және көмуге арналған кешен – Экоорталыққа бару,
- Қызметтің нәтижелері туралы жалпы ақпарат пен Есепке қосылған тұрақты даму саласындағы деректерді, сондай-ақ ҚПО Тұрақты даму кодексінде көрсетілген және Есепте сипатталған бағыттарға сәйкес келетін саясаттар мен процедураларды растау мақсатында іріктеп алу негізінде дәлелдерді жинау,
- Есептің және соның негізінде жатқан есептілік процестерінің ҚПО пайдаланған GRI G3.0 басшылығының тұрақты даму саласындағы есептіліктің қолданылатын қағидаттарына сәйкестігін бағалау және
- Есептегі ақпарат пен деректердің ашылып көрсетілуінің GRI G3.0 басшылығының C+ Қолданылу деңгейінің талаптарына сәйкестігін бағалау.

## Тұжырымдар

Жүргізілген процедуралардың негізінде біз мынадай пайымдау жасауға мүмкіндік беретін фактілерді анықтай алмадық:

- Есепке қосылған қызмет нәтижелері туралы жалпы ақпарат пен тұрақты даму саласындағы деректер барлық елеулі аспектілерде GRI Жүйесінің талаптары мен ҚПО Тұрақты даму кодексіне сәйкес 2011 жыл ішіндегі тұрақты даму саласындағы ҚПО саясатын, оқиғалары мен қызметінің нәтижелерін шынайы әрі жеткілікті түрде көрсетпейді,
- Персоналды басқару, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердегі қазақстандық қамту және әлеуметтік инвестициялар саласындағы басты көрсеткіштер жөніндегі ақпарат пен деректерді жинауға қатысты есеп беру процестері жоқ және GRI G3.0 басшылығының қолданылатын қағидаттарына сәйкес келмейді,
- ҚПО Тұрақты даму кодексінің бағыттарына сәйкес келетін және Есепте сипатталған саясаттар мен процедуралар іс-жүзінде жоқ,
- Есеп C+ қолдану Деңгейінің талаптарына және GRI G3.0 басшылығының қағидаттарына сәйкес келмейді.

## «Эрнст энд Янг-кеңестемелік қызметтер» ЖШС

Алматы  
30.03.2012

# ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРМАЛАР

CO <sub>2</sub> e	Көмірқышқыл газының эквиваленті
H <sub>2</sub> S	Күкіртті сутек
No <sub>x</sub>	Азот қышқылы
SO <sub>2</sub>	Күкіртті газ
Dry Low No <sub>x</sub>	Парникті газ шығарындыларын азайту мақсатында қолданылатын азот қышқылын құрғақ қысу технологиясы
GRI	Орнықты даму саласындағы есептілік бойынша ғаламдық бастама
ISO 14001	Қоршаған ортаны басқару жүйесін дайындау талаптарын қамтыған халықаралық стандарт
OHSAS 18001	Қызметкерлердің еңбегін қорғау және қауіпсіздігін басқару жүйелерін бағалау бойынша халықаралық стандарт
OPITO	Британдық мұнай және газ академиясы
ҚР	Қазақстан Республикасы
Әкім	Әкімшілік органның /ауылдың, қаланың немесе облыстың/ басшысы
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
ҚМГ	«Қазмұнайгаз» Ұлттық мұнай компаниясы» АҚ
ҚМГКК	Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орны

Құрушы компаниялар немесе «Мердігер»	«Бритиш Газ», «Эни», «ЛУКОЙЛ» және «Шеврон» компанияларына қастысты
ББК	Басқару бойынша бірлескен комитет
КПО	«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының қазақстандық филиалы
ӨБТК	Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім
ҚАТЖ	Қарашығанақ-Атырау тасымалдау жүйесі
ҚОТЖ	Қарашығанақ-Орынбор тасымалдау жүйесі
КҚК	Каспий құбыр консорциумы
ҚӨК	Қарашығанақ қайта өңдеу кешені
ГКДҚ-2	Газды кешенді дайындау қондырғысы-2
ГКДҚ-3	Газды кешенді дайындау қондырғысы-3
ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау
Кт	Килотонна
Млн. м <sup>3</sup>	Миллион стандартты шаршы метр
Млрд. м <sup>3</sup>	Миллиард стандартты шаршы метр
Трл. м <sup>3</sup>	Триллион шаршы метр



### БАЙЛАНЫСУ АҚПАРАТЫ

Есеп жайында ұсыныстарыңызбен бөлісу немесе толық ақпарат алу үшін Орнықты даму бөліміне хабарласыңыз. Сіздердің ұсыныстарыңыз жаңа 2012 жылғы есепті дайындауда көмектеседі.

КПО-ның орнықты даму бөлімі  
Электрондық поштасы: [sustainability@kpo.kz](mailto:sustainability@kpo.kz)

Мекенжайы:  
090300, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы  
Берлі ауданы, Ақсай қаласы  
Қарачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.  
Қазақстан филиалы

© 2012 Karachaganak Petroleum Operating B.V.